

«Теңізшевройл» ЖШС 2024 жылғы әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты алу үшін өтініш құрамында мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған жобалау материалдарын қарастыру нәтижелері бойынша ашық жиналыс түрінде өткізілген қоғамдық тыңдаудың хаттамасы.

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: Атырау облысы Жылыой ауданының әкімдігі.
2. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы (қаралатын жоба материалдарының толық, нақты атауы): «Теңізшевройл» ЖШС 2024 жылғы әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты алу үшін өтініш құрамында мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған материалдар:
 1. "Теңізшевройл" ЖШС-ның нысандары үшін атмосфераға рұқсат етілген ластағыш заттардың шығарындылары нормативтерінің жобасы.
 2. "Теңізшевройл" ЖШС нысандарының сарқынды сулармен бұрылатын ластағыш заттардың рұқсат етілген төгінділер нормативтерінің жобасы.
 3. "Теңізшевройл" ЖШС-ның күкірт карталарында күкіртті ашық түрде сақтау нормативтерінің жобасы.
 4. "Теңізшевройл" ЖШС нысандарында қалдықтарды басқару бағдарламасы.
 5. "Теңізшевройл" ЖШС нысандарындағы өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы.
 6. Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары.
 7. "Ғимараттарды демонтаждау бағдарламасы" жұмыс жобасы.
 8. Атырау облысы, Жылыой ауданы, Теңіз кен орны аумағында орналасқан мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған 31 учаскені қалпына келтіру жобасы.
 9. "СР-23-3010_ ВҚ, ТШОҚ, Өркен қалашығының желілерінің ауыз суына арналған SCADA" жұмыс жобасы.
 10. "СК мұржасын жөндеу" жұмыс жобасы.
 11. "Өндірістік объектілердің жабдықтарын демонтаждау бағдарламасы" жұмыс жобасы.
 12. "Сарқын суларды айдау жүйесінің жер үсті жабдықтарын жаңғырту" жұмыс жобасы.
 13. "Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды демонтаждау" жұмыс жобасы.
 14. "Өркеннен ТШОҚ-ға дейін өрт сөндіру су құбырын салу" жұмыс жобасы
 15. "Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Королев кен орнындағы К-0015 ұңғымасын жою жобасы".
 16. "КТЖ Қ-700 Сумен жуу қондырғысы" жұмыс жобасы.
 17. "КТЖ. КТЖ-1 ауа жүйесін жаңғырту" жұмыс жобасы.
 18. "ТӨҚ-20-дағы монифольдты кеңейту" жобасы.
 19. "ВҚ-дағы ескі су құбырын ауыстыру" жұмыс жобасы.
 20. "Т-0001К, Т-7040, Т-14НТ ұңғымаларына алаң дайындау және 1-кезеңді аяқтау және Т-6246 ұңғыманың ҚМД учаскесін салу" жобасы.
 21. "Т-14НТ ұңғымасына алаң дайындау және аяқтау. 2 кезең" жобасы.
 22. "ТШОҚ-ның жылумен жабдықтау желілерін ауыстыру" жұмыс жобасы.
 23. "ТШОҚ-ның тұрғын үй блоктарын жаңғырту" жұмыс жобасы.

24. Т-6646, Т-6545, Т-6547, Т-6551. ПКС-14-2 ұңғысын жабдықтау. 1 және 2-кезең / ПКС14-2 үшін ТӨҚ-55 кеңейту жұмыс жобасы.
 25. "СС-3 және FCO-ның әкімшілік-тұрмыстық ғимараттары" жұмыс жобасы.
 26. "Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнындағы Т-0114 ұңғымасын жою жобасы".
 27. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында жобалық тереңдігі 1700 метр (оқпан бойымен) Т-14НТ айдау ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 28. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында жобалық тереңдігі 7950 метр (оқпан бойымен) Т-4662 өндірістік жазық ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 29. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №47-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 4640 метр (оқпан бойымен) Т-6347 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 30. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №47-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 4878 метр (оқпан бойымен) Т-6549 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 31. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында Т-6660 ұңғымасының бүйірлік оқпанын кесу жобасы.
 32. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №45-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 4780 метр (оқпан бойымен) Т-5147 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 33. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №45-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 5573 метр (оқпан бойымен) Т-5341 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 34. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №45-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 5045 метр (оқпан бойымен) Т-5343 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 35. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №45-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 5045 метр (оқпан бойымен) Т-5543 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 36. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №45-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 5370 метр (оқпан бойымен) Т-5547 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 37. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №47-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 5915 метр (оқпан бойымен) Т-5949 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 38. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №47-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 4930 метр (оқпан бойымен) Т-6345 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
 39. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында №47-1 тығыз түпті ұңғымалар алаңында жобалық тереңдігі 5036 метр (оқпан бойымен) Т-6351 өндірістік көлбеу бағытталған ұңғымасын бұрғылаудың техникалық жобасы.
3. Қоғамдық тыңдауға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы:

ҚР ЭГТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК (<https://ecoportal.kz> порталы арқылы), Атырау облысы табиғи ресурстарды және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: (көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары): Атырау облысы, Жылыой ауданы, Теңіз кен орны; ендігі: 53.4082336; бойлығы: 46.1543285.
5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: (жоспарланған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдау өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі): Атырау облысы, Жылыой ауданы.
6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері (оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары):
«Теңізшевройл» ЖШС: Атырау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 3 ғимарат; БСН 930440000929; тел., +77123026000, факс 77123026752; LYAB@tengizchevroil.com; www.tengizchevroil.com.
7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері (оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары): «SED» ЖШС, Алматы қ., Наурызбай ауданы, Дархан с/о, 4А, БСН: 040840002110, тел.: +7 7272 47 23 23, факс: +7 727 338-23-74, www.sed.kz, sed@sed.kz. «К Каспиан Инжиниринг» ЖШС: Атырау қ., Құлманов к-сі, 23, БСН 071240013727, тел. +7 7122 31 8636, www.kcaspian.kz, Mukhamed-Eli.Utarov@kvcaspian.kz. «КМГП» ЖШС: Атырау қ., Әбілқайыр хан даңғ., 97, БСН: 010840001533, тел. +7 7122 30 9120, www.kmgrp.kz, kmgrp@kmgrp.kz. «Engineering Services Provider» ЖШС: Атырау қ., Адмирал Лев Владимирский к-сі, 26В, БСН: 060940000062, тел. +7 7122 76 3861, www.esp-group.kz, a.amangaliyev@esp-group.kz. «КМГ Инжиниринг»: Атырау қ., Елорда даңғ., 10, БСН: 180541015056, тел. +7 7122 30 5404, факс: +7 7122 30 5400, kmgen.kz, llp.caspimunaigas@llpctmg.kz. ТОО «Poligram Atyrau»: Атырау қ., Т.Бигельдинов к-сі, 51. БСН: 060940002732, тел. +7 7122 30 5137, www.poligram.kz, info@poligram.kz; «Каспий Инжиниринг» ЖШС: Атырау қ., Баймұханов к-сі 47б. БСН: 020640000946 , тел. +7 7122 36 3010, www.caspyeng.kz, caspyeng@caspyeng.kz; «Sheber» Инжиниринг орталығы: Атырау қ., Өнеркәсіптік аймақ Береке 32, 1-кеңсе, БСН: 160340017650, тел. +7 7122 39 6753, www.ecsheber.kz, info.ecsheber.kz; «Atyrau City» ЖШС: Атырау қ., Сары Арка мөлтек ауданы, 33-62, БСН: 050740003454, тел. +7 7122 97 0889, +7 7122 97 0998, факс +7 7122 27 1837, www.atyrau-city.kz, info@atyaucity.com. "Каспиймұнайгаз" ҒЖЗИ АҚ : Атырау қ., Абай к-сі, 5, БСН:011040002347, тел.:+7 7122 99 2804, факс +7 7122 99 2882, www.nipi-ctmg.kz, kaspimunaigaz@ctmg.kz. "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы " КЕАК агрохимиялық, топырақ зерттеу және кешенді іздестіру жұмысы департаменті: Алматы қ., Алмалы ауданы, Абай даңғ. 111, БСН 180541001958, тел.: +7 727 375 6908, kikbayevadi@gmail.com, kionpck@mail.ru.

8. Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты мен орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысын өткізу күн(-дер)і мен уақыты; қатысушыларды тіркеуді бастау күні мен уақыты, қоғамдық тыңдалымдардың басталу уақыты, тыңдалымдар өткізілетін орынның нақты әрі толық мекенжайы. Қоғамдық тыңдау ұзартылған жағдайда барлық күндері көрсетіледі): 15 қыркүйек, 11.00, қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты: 10.00, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты: 11.00. Өткізілу орны: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қ., Махамбет даңғылы, 37 (Мәдениет Үйі) / Zoom қосымшасы арқылы онлайн түрде ; 20 қыркүйек, 10.00, қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты: 9.30, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты: 10.00. Өтетін орны: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қ., Тайманов көшесі, 28, “Шаңырақ” қонақ үйі/ Zoom қосымшасы арқылы онлайн түрде.
9. Қоғамдық тыңдауды өткізу шарттарын келісу туралы жоспарланған іс-шараның бастамашысы ұсынған өтінім-хаттың көшірмесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымдардың (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана) жергілікті атқарушы органдарының жауапхатының көшірмесі осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі. Хаттар хаттамаға 1-Қосымшада қоса ұсынылды.
10. Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса беріледі. Тіркеу парағы хаттамаға 2-Қосымшада ұсынылған.
11. Қоғамдық тыңдаудың өткізілетіні туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі тәсілдермен таратылды:
- 1) Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz>, жарияланған күні: 10 тамыз 2023 жыл, тіркеу нөмірі: 23193123001.
- 2) жергілікті атқарушы органның (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында (ресми интернет-ресурстардың атауы мен оларға сілтемелер, жарияланған күндері):
Жергілікті атқарушы органның веб-сайтында (Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы) <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/601257?lang=kk> "Қоғамдық тыңдау" бөлімінде, жарияланған уақыты 11 тамыз 2023 жыл.
- 3) қоғамдық тыңдау басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және тиісті аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле- немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:
- Баспасөз беттерінде: «Кең Жылыой» №33 (8081) 8 тамыз 2023ж. шыққан, «Прикаспийская коммуна» №61 (20707) 4 тамыз 2023ж. шыққан. «Атырау» №61 (20770) 4 тамыз 2023ж. шыққан, сонымен қатар қоғамдық тыңдаудың ұзартылуына байланысты «Кең Жылыой» №39 (8087) 19 қыркүйек 2023ж. шықты. Газеттің сканерленген титулдық беттері және қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген беттер хаттаманың 3-Қосымшасында ұсынылған.
- (газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)
- «Атырау» облыстық телеарнасы: жүгіртпе жол арқылы жарнамалық хабарландыру 2023 жылдың 7-8 тамыз аралығында берілді. Сонымен қатар қоғамдық тыңдаудың ұзартылуына

байланысты 2023 жылдың 19 қыркүйегінде берілді. Эфирлік анықтамалар хаттаманың 4-Қосымшасында ұсынылған.

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаудың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) хабарландыру әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында және хабарландыруларды орналастыру үшін арнайы тағайындалған орындарда:

Күлсары қаласында келесі хабарландыру тақталарында орналастырылды: 1. Махамбет даңғылы 37, «Кең Жылыой» мәдениет үйі ғимаратының жанында; 2. Махамбет Өтемісов даңғылы, «Лидер» супермаркет ғимаратының жанында; 3. Тайманова көшесі 167, Беркад базарының жанында; 4. Теміржол вокзалы ғимаратының жанында.

Қоғамдық тыңдаудың 2023 жылдың 19 қыркүйегіне ұзартылуына байланысты Күлсары қаласында келесі хабарландыру тақталарында хабарландырулар орналастырылды: 1. Махамбет даңғылы 37, «Кең Жылыой» мәдениет үйі ғимаратының жанында; 2. Махамбет Өтемісов даңғылы, «Лидер» супермаркет ғимаратының жанында; 3. Тайманов көшесі 167, Беркад базарының жанында; тағы басқа Жылыой ауданының елді мекендер Қосшағыл, Жаңа Қаратон, Майкөмген, Ақкиізтоғай, Тұрғызба, Шоқпартоғай.

Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасының 5-Қосымшасында қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімдері:

«Жақтаған» – 15 қыркүйек - 116, 19 қыркүйек - 86 қатысушы, «Қарсы» – 0 қатысушы, «Қалыс қалған» – 0 қатысушы. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың барлығы хатшы ретінде Таңқыбаеваны Гүлмирана тағайындауды бірауыздан мақұлдады.

(Хатшыны таңдау бойынша қоғамдық тыңдауға қатысушылардың "жақтаған", "қарсы", "қалыс қалғандар" санын көрсетіңіз)

«Жақтаған» – 15 қыркүйек - 116, 19 қыркүйек - 86 қатысушы, «Қарсы» – 0 қатысушы, «Қалыс қалған» – 0 қатысушы. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың барлығы регламентті бірауыздан мақұлдады.

(Регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауға қатысып, «жақтаған», «қарсы» болған, «қалыс қалған» қатысушылардың санын көрсетіңіз)

Қоғамдық тыңдау өтпеді деп тануға негіз жоқ, себебі қоғамдық тыңдауда мүдделі жұртшылық ретінде 15 қыркүйек - 116, 19 қыркүйек - 86 қатысушы тіркелді. Қоғамдық тыңдауға Жылыой ауданы Күлсары қаласының және н Қосшағыл, Жаңа Қаратон, Майкөмген, Ақкиізтоғай, Тұрғызба, Шоқпартоғай елді мекендерінің мүдделі жұртшылығы қатысты.

Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы, яғни «2024 жылғы әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты алу үшін мемлекеттік экологиялық сараптама материалдары» бойынша сұрақтарға толық жауаптар берілді.

(осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес себептерін көрсете отырып, қоғамдық тыңдауларды өтпеді деп тану туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысып «жақтаған», «қарсы болған», «қалыс қалған» қатысушылардың санын көрсету)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы ақпарат (баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, баяндаманың тақырыбы, беттер, слайдтар, файлдар, плакаттар, сызбалар саны):

Баяндама және презентация тақырыбы: «2024 жылға арналған экологиялық рұқсатты алу үшін мемлекеттік экологиялық сараптама материалдары». Баяндамашы - Құмарова Г., ТШО экология бөлімінің аға кеңесшісі. Баяндама - 13 бет, презентация – 30 слайд.

Қоғамдық тыңдауға ұсынылған құжаттар бойынша баяндаманың мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасының 6-Қосымшасында қоса берілген.

14. Қоғамдық тыңдау хаттамасының құрамдас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдауға дейін және тыңдау кезінде түскен ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдау тақырыбына анық қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың қаралатын құжаттардың және олардың түсінігінің толықтығы мен қолжетімділігі мәселесі бойынша тыңдалған есептердің сапасы туралы пікірі, оларды жетілдіру бойынша ұсынымдар (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылған ұйымның атауы, пікірлері мен ұсыныстары): берілген жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаудың хаттамаларына сот тәртібімен шағымдануға болады.

17. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні):


Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы



« 21 » қыркүйек 2023 жыл.

18. Қоғамдық тыңдаудың хатшысы (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні):

Мамсидаева Тулмира Сергеевна Р.Н.Б., Қалай Ұлт



« 21 » қыркүйек 2023 жыл.

Қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі.

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға қайтарылған жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	2	3	4
1	<p>Шаукиров Ибрагим, Құлсары қаласының тұрғыны:</p> <p>1) Біздегі ең басты сұрақ экология мен жұмыссыздық. Жұмыссыздық туралы сұрақ қабылдамаймын деп отырсыздар. Экологияны дұрыстау, оны білмеймін кімге айтуға болады, бір нәрсені уточнить етіп алайын деп едім, 12 станция бар дейсіз, ауаның қалпын тексеріп отырған. Сол қай жерге орналыстырылған. Теңізден қанша қашықтықта орналысқан?</p> <p>2) 10км дейсіз сонда Құлсары аумағының ауа-райы Сізге қатысы жоқ солай ма? Сізде бұнда станцияларыңыз жоқ қой? Онда мына қоғамдық тыңдауды Құлсарыға келіп неге өткізіп жатырсыздар? Құлсарының халқы Сіздерге керек емес болса, Құлсарының экологиясы Сіздерге керек емес болса, онда неге керек мынау? Рұқсат аламыз шығарындыларға деп жатсыңдар, эмиссияны көбейтеміз деп жатсыңдар, не үшін сонда? Ауаға газ жібермейсіңдер, бәрі жақсы, ГАЗПРОМның артындағы газ айдап отырған жерде кішкентай станция бар, содан выброс болады, 3-ші, 2-ші ауылдың адамдары соған шағым айтып отыр. Выброс сайын біздер дем ала алмаймыз, ауа жоқ дейді. Ол ТШО-ның өзінің объектісі дейді, Бізге қатысы жоқ деп айтады. Егер 12 станцияларың Тенгиздің айналасында болса, Жылыойдың халқы Сіздерге керек емес болса, тыңдауды несіне өткізіп отырсыңдар? Бақылау керек, оны бізге де бақылау керек қой. Мысалы, метан шығарып жатыр дейсіздер. Біздерді тексермейсіздер ме? Сіздерден шығып жатырған ауаның кесірінен бізде қаншама ауру. ТШО келгенге дейін, 1993-ке дейін, Совет үкіметі кезінде экологиялық қауіпті аймақ деп 4 облысты, соның ішінде Атырау облысы Біздерге компенсация төленіп отырды 70%. Кез келген адамның жалақысының 70% төленіп отырды. Адамдарға емделуіне, дәрі-дәрмек алуына басқасына. Жағдайларын жасап отырды, Үкіметтің кезінде. Одан кейін ТШО келгеннен кейін ауа-райы жақсарып кеткені шамалы. Одан бері компенсацияның барлығын алып тастады. Енді ТШО өзінің істеген шығарындыларына байланысты емделуге халыққа неге компенсация төленбейді. Сіз айтасыз бәрі күшті деп.</p> <p>3) Қаратонда бар ма станция?</p> <p>4) Майкөмген Сіздерге Қосшағылдан да жақын, Майкөмгенге неге қондырылмайды? Жаңа Сіз айтып отырсыз өрт сөндіру су құбыры жүргізіліп жатыр дейсіз, Тенгиздің басында сол өрт сөндіруге суды қайдан алып отыр? Жерді қазып</p>	<p>1-сұраққа жауап Алмагүл Лекерова - экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: Сіздің сұрағыңызға жауап, Теңіз кен орнында 12 станция бар. Оның 4-і санитарлық қорғау аумағы қасында орналысқан. Қалған 8-і санитарлық қорғау аумағының ішінде орналысқан. Бақылау станциялары СҚА-нан 10 км қашықтықта орналасқан.</p> <p>2-сұраққа жауап Алмагүл Лекерова - экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: Құлсары қаласында бақылау станциялары орнатылмаған Жоқ.</p> <p>Анаргүл Қалелова, экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Станцияның негізгі мақсатын түсіндіріп кетейін, ол қоршаған орта ауасын қорғау емес, ол бақылау мақсатында.</p> <p>Анаргүл Қалелова, экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Біздер тек қана станция арқылы ауа сапасын бақыламаймыз. Біздер Жаңа Қаратонда да бақылау жүргіземіз. Ол Құлсарыдан да жақын бізге, Тенгизге.</p> <p>3-сұраққа жауап Анаргүл Қалелова, экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Станция емес пункт бар. Біздер жеті сайын ауа сапасын бақылау үшін сараптама алып тұрамыз.</p> <p>4-сұраққа жауап Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Елді-мекенге станция қондыру ұсынысы болған сияқты.</p> <p>Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Техникалық суды КТО Маңғыстау ағызу су арнасынан, яғни Қиғаштан аламыз.</p> <p>5-сұраққа жауап Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Жаңа әріптесім Гүлден айтып кетті ғой, суды қайта қолдану, ТШО өз тарапынан жасап жатыр, және көрсетіп кетті 47 пайыз деп. Сіз айтып жатырған мәселе су тапшылығы проблема мемлекеттің тарапынан жасалуы керек. Яғни,</p>	<p>Сұрақтар жабылды. Ұсыныстар ескерілді.</p>

	<p>шығарып алып отыр ма, Техникалық суды қайдан алып отыр?</p> <p>5) Жақсы оған келісейін, енді Бізге Қосшағыл, Жаңа Қаратон, Құлсары елді-мекендеріне тал егуге су жоқ дейміз. Неге? ТШО соны қарастыра алмайды ма? Өзімізден шыққан суды обработка жасап кейін қайта пайдаланып жатырмыз дейсіздер, ал неге содан халыққа су берілмейді, тал егуге, көгалдандыруға? ТШО мен Тенгиздің екі ортасына тал ек десе, су жетіспейді дейді, ал неге сол суды пайдаланбасқа?</p> <p>6) Бұл өте жақсы. Бірақ сол 47 пайызды қалаға беруге болмайды ма? Бұлардың дұрыс емес, елді-мекеннің, халықтың қамын ойласандар Үкімет халықтың қамын ойлап отыр деп айта алмаймын, бірақ алпауыт ТШО үлкен мекеме, былтыр 8млрд пайда көрді деп айтып отыр. Жақсы басқа жағынан спорласпай-ақ қояық, ТШО ең болмағанда халыққа тал егіп беруге шамасы келмей ме? 600 гектар жерге рұқсат алды, былтырғы эмиссияға рұқсат алды дегенде, оның барлығын кесіп тастаған кезде 28 гектар қалды деп тұр, су жоқ дейді. Судың барлығын өздерін пайдаланып жатырсындар, сол лимиттен қалғанын Құлсарыға, Жылыойға тал егуге, басқа шаруаларға бере алмайды ма?</p>	<p>мемлекет бағдарлама құруы керек. ТШО мемлекеттік емес ұйым ретінде оны жасамайды. Бұл біздің құзіретке кірмейді.</p> <p>6-сұраққа жауап</p> <p>Өмірбаев Нұрадин – Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Осы жерде отырғандарыңыздың барлығыңыз жақсы білесіздер. Бұл су құбыры Қиғаштан Маңғыстауға кетіп бара жатырған су құбырынан техникалық суды алып, соны пайдаланып отырмыз. Сол құбырдың бойында Жылыой ауданы отыр, Боранқұл да отыр, Маңғыстау елді-мекендері осы судың желісінде отыр. Қазір судың жетпеуіне байланысты, Маңғыстауда су уақытымен беріліп отыр. Біздер осы суды лимитпен аламыз. Бізге артық бермейді. Сондықтан біз қайта өңдеу станциясын қойып, қазір судың 47 пайызын қайта өңдеп өзіміз пайдаланып отырмыз. Құлсарыға келіп тұрған лимиттің 47 пайызын аз алып отырмыз. Суды қайта өңдеудің арқасында. Су қазір жетпей жатыр. Суды көтеру Қиғаштан келіп тұрған соң ол Үкіметтің құзіретінде. Қиғаштың суына біз араласа алмаймыз.</p> <p>Біз сол өндіріске алып отырмыз. Лимиттен азайту үшін алып отырмыз. Біз артық бере алмаймыз.</p> <p>Жоқ, Бізге беріп тұрғаны сол. Сол үшін 47 пайызға дейін өңдеп пайдаланып отырмыз. Суды аз беріп тұрған соң. Бұл Қазақстан Республикасы бойынша бір қалада жоқ. Біз керісінше экономить етіп кері пайдаланып отырмыз. Суды үнемдеп отырмыз. Халыққа жетпесе Үкімет Россиямен келісіп су алу деңгейін көбейтеді ме, ол жағына араласа алмаймын.</p>	
	<p>Мейрамбай Сабырұлы, Азаматтық қоғам өкілі, Құлсары тұрғыны: Егер Сіздердің көңілдеріңіз толмаса, Нұрадин шеше алмаса, онда қоғамдық тыңдауды тоқтатыңыздар. Көпшілік халық дауыс берсін, ертең алып келсін деп. Халықтың мәселесін шеше алатын адам келсін.</p> <p>Қанат Бимырзаев, Құлсары қаласының тұрғыны: Қоғамдық тыңдалымға қарсымыз. Еш мәселе қаралмайды. Мен мына тыңдауға қарсылық білдіремін.</p>	<p>Анаргүл Қалелова - экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Мен Нұрадиннің сөзіне қосылып, кішкене ақпарат берейін деп едім. Негізгі жалпы магистральды су ағызғыдан келетін судың барлығы қалаларға барып тұрған судың тек қана 8 пайызын ғана ТШО пайдаланады. Сондықтан біз мысалы бұл жерде 10 пайыз да құрамаймыз, және сол 8 пайыздың ішіндегі қасымызда бізде Вахтовый поселок деген ауыл бар, бірге жұмыс жасайтын серіктестеріміз бар. Сол судың жартысы Вахтовый поселокқа кетеді. Қазіргі кезде магистральдан көп су алып отырған жоқпыз.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы – Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Осы жерде нақтылап жіберейін, ережеге сәйкес егер қоғамдық тыңдауға қатысы жоқ сұрақтар қойылған жағдайда оның хатамаға кіретінін кірмейтінін жұртшылық шешеді. Олай болатын болса сұрақтарыңыз хаттамаға кіретінін кірмейтінін сайлауға саламыз. Сіздің бірінші сұрағыңыз тақырыпқа сай, екінші сұрағыңыз су туралы ол да келіп тұрған сияқты. 1-ші станция бойынша ол Біздің мемлекет тарапымыздан, мекеме тарапынан</p>	<p>Сұрақтар жабылды.</p>

		<p>ұсыныстар болған сияқты бізге дейін, қателеспесем. Басқа елді мекендерге станция орнату керек деп. Бұл сұрақтың нақты не себепті болмайтындығын айтып кетесіздер ме?</p> <p>Өмірбаев Нұрадин – Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Бұл жерде меннен бөлек Бас менеджерлар келіп отыр. Генеральный менеджердің оң қолдары. Әсет Құрманбаев, Ронда Йодер келіп отыр.</p>	
	<p>Мейрамбай Сабырұлы, Азаматтық қоғам өкілі, Құлсары тұрғыны:</p> <p>Барлығымыз осы қоғамдық тыңдауға келіп жүрміз. Ермек мырза, Сіз дауысқа салайық дейсіз, бірақ қанша қоғамдық тыңдауды тыңдадық, бірақ ТШО-ның өкілі болып келіп отырған ішінен жартысы Жылыойдыкі емесқой, бұлардың Жылыойға қатысы жоқ, бұлар Жылыойда тұрмайды. Олар экологиядан қорлық көріп жатырған жоқ.</p> <p>Екінші мәселе, жұмыссыздық мәселесін Нұрадин мырза шеше алмай жатырсыздар. Жылыойдың мұң-мұқтажын шешетін адам керек. Ермек мырза қанша министр келді, біреуі шеше алмады. Мына тікелей эфирді көріп отырған болса, Қазақстан мемлекетінің президенті Қасым Жомарт Тоқаев, өзі осы жерге келіп, елінің, жұртының ішіндегі болып жатырған нәрсені өзің келіп шеш. Ешқандай өкімдер, ешқандай депутат келіп шеше алмайды. Өзіңіз келіп араласпасаңыз, бұл жерде күнде жиналыс, күнде айхай. Экологиядан бас көтертпейді. Халық қорланып, өліп жатыр. Мына жерге президенттің өзі келмесе бұл сұрақтар шешілмейді, немесе бұл жерге американаец келсін. Қазақ пен қазақ қырылып жатыр. Жаңағы жауап берген судың жартысын мердігерлерге беріп отырмыз дейді. Бұл кісілер Жылыойда тұрмайды ғой. Бұлардың бәрі офиста жасайды, басқа қалаларда тұрады. ТШО-ның басшысы келсін. Жаңатаң жақтан Эко қала салғызамын деп өзі айтсын. Ал бізбен сіздің әңгімеміз тек қағаз жүзінде ғой.</p> <p>Жаңағы оқыған болт, шуруп, май кетіп жатыр дейді ғой, оны қыздарың түсінбейді ғой. Тек қағаз жүзінде оқып отырғой. Заводтың қай жерінде не болып жатырғанын мыналар түсінбейді ғой. Тыңдаудың бәрі өтірік. Қашаңғы алдай бересіңдер. Кап.ремонт болады жыл-сайын неге слесарь, монтажник, пол жуатындар, сол капремонтқа дайындап, неге Жылыойдан алмайсындар жұмысқа? Тонау бүткіл облыстан келеді, капремонтқа, даже Россияның орыстарын. Басқа облыстардан келетін бизнес жобаларға шектеу қоясыңдар ма? Жылыой халқына шектеу қоймаңдар, қолдаңдар. Жергілікті адамды алыңдар, штатты 50/50 қылыңдар.</p>	<p>Жалимбетова Ботагөз, Өндірісті оңтайландыру/Қауіпсіздік және еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті бас менеджерінің орынбасары, «Теңізшевройл» ЖШС: Бүгінгі қоғамдық тыңдаудың тақырыбын ұмытпайық.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Сабыр сақтайық, жекеге өтпеңіз, рұқсат па сөйлеуге, жауап керекпе сұраққа?</p> <p>Әсет Құрманбаев, заң бөлімінің басшысы, «Теңізшевройл» ЖШС: Сіздер ТШО-ның өкілі ретінде өздеріңіздің мұң-мұқтаждарыңызды айттыңыздар. Өткен жылы Кевин Лайон келді дедіңіздер, көп сұрауларыңызды айттық дедіңіздер. Қанат мырза Сіз айттыңыз жаңа Кевин Лайонмен бірге менде келген болатынмын. Сол кезде көптеген сұрақтарға жауап та берілді. Жауап бермеген сұрақтарға жауап береміз дедік. Көптеген ұсыныстар берілген болатын. Офис аш дедіңіздер, ОКС - қоғамдық кеңес құр дедіңіздер, барлық общественный советтерде Қанат мырза Сіз өзіңіз соның мүшесісіз. Берген сұрақтарыңызға нені істей аламыз, нені істей алмаймыз, сол жерде жауап берген едік, егер оны тағы да қайтала десеңіздер, ОКС-та оны айтайық. Қолымыздан келетін нәрселер бар, оны осы күнге дейін ТШО компаниясы істеп келе жатыр. Істей алмайтын нәрселерімізді өзіміз айтып келе жатырмыз. Неге осы қоғамдық жиынға келіп халықтың алдынан өту керекпіз. Бұл Қазақстан Республикасының заңнамаларының талабы, Біз міндетті түрде осы жерге келіп рұқсаттама алуымыз керекпіз. Не үшін рұқсатнама алуымыз керекпіз, мысалы Сіздер күнделікті көлік айдайсыздар, көлігіңізден зиянды қалдықтар ауаны ластайтын заттар шығуы мүмкін. Сол түтіндерге растайтын мемлекеттен мен сол көлікті айдайын деп едім, осындай түтін шығарады деп, осындай рұқсатыңызды беріңіз деп рұқсат сұрау керексіз. Мемлекет Сізге сол рұқсатнамасын береді. Қалдықтар дейміз, ремонт жасайсыздар, балық аршыймыз, мал соямыз, одан қалдықтар қалады. Біз оларды мусорға тастауға ақша төлейміз ба, төлейміз. Дәл сол принцип ТШО-ға да қатысты. ТШО-да заводтар бар, ремонттар жүргізіледі, үй салынады. Бетон құямыз деп, сол бетон қалдықтарын шығарамыз. Сол үшін Сіздердің алдарыңыздан өтіп рұқсат</p>	<p>Сұрақтар жабылды.</p>

		<p>сұрау керекпіз. Бірінші қоғамдық кеңес өту керек. Қоғамдық кеңесте я сол бетонды сындыру керек, басқа бетонды құйындар, біздің оған қарсылығымыз жоқ десеңіздер, Біздер разрешение беретін адамдарға айтамыз да, осындай рұқсаттарыңызды беріңіздер дейміз. Осы қоғамдық кеңестің басты мақсаты әрбір жануар болсын, адам болсын, көлік болсын, әр қайсымыздың шығындарымыз бар. Әрқайсымыз бір нәрсе бастаймыз, ол да завод. Экологияны ластамаудың бірден-бір мүмкіндігі оның бәрін тоқтатып тастау. Көлікті айдамай тастау, балықты аршымай тастау, малды соймай тастау, немесе заводты тоқтатып тастау. Сонда оның экологияға ешқандай шығарындылары болмайды.</p> <p>Енді мониторинг жайлы Ибрагим ағаның сұрағына жауап беріп кетсем. 12 мониторинг станция бар. Оның 4-уі онлайн. Экология Департаментінің өкілі отыр, олардың көрсеткіштерін онлайн күнделікті көруге болады. Егер санитарлық зонада завод бар ма, заводты қоршаған станциялар, ауаның жағдайын біліп отырады. Метан шықсын, сероводород шықсын мөлшерден тыс шығатын болса, адам денсаулығына зиян келетіндей, ол автоматты түрде Экология департаментіне болсын, біз оны байқаған жағдайда оны экологтарға айтуға міндеттіміз. Егер ол шығындылар Біздің мөлшерлемеден асып түсетін болса, біздің жақтан қате, заводтан қасақана жасалған нәрсе болса, және оны дәлелдесе, біздерге штраф салады да, төлеттіреді. Заводтың айналасындағы станцияда ауаның сапасы жақсы деген болса, онда Құлсарыдағы ауаға заводтың шығарындылары қатысты емес. Ал егер, Сіздер, демеушілік көрсетіп, ТШО-ның ауасын бақылауға емес, өзіміздің күнделікті ауамызды бақылаймыз деп, демеушілік көрсетіңіз десеңіз онда ондай сұранысты беріңіздер. Біздер оны Игілік бағдарламасы арқылы 25млн.доллар жыл сайын бөлінеді, ерікті түрде сол бағдарлама арқылы қарастырайық. Сондай станцияларды қаланың ішіне салғызамыз десеңіздер. Егер Сіздер сондай станцияны жанар-жағармай станциясының қасына орналастыратын болсаңыздар.</p> <p>ТШО-ның газы Жылыойгазға беріледі ғой</p>	
2	<p>Шаукиров Ибрагим, Құлсары қаласының тұрғыны: Газпромның қасындағы ТШО-ның учаскесіне неге қоймайсыздар? Мына жерде точка бар оны бәрі біледі. ТШО-ның келіп отырған газы сол жерді обслуживание жасайды.</p> <p>Казгидрометті айтпай-ақ қой. Оның аппаратын барып қарап келіңіз, неше жыл болды. Қап-қара болып даттанып кеткен. Сіз оны тексеріп отырған жоқсыз ғой, көріп отырған жоқсыз. 97 жылға дейін эколог 70 пайыз төленді. Құлсары қала болғаннан кейін 30 пайызға түсіріп жіберді. Қай-қай мекемеде. Экологиялық кодексте сол барма?</p>	<p>Анаргүл Қалелова, экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Құлсарының өз басында Казгидромет жүйесінде бар. Сол бақылайды.</p> <p>Теміров Абзал Амантайұлы, Атырау облысы бойынша экология департаментінің Экологиялық реттеу бөлімінің басшысы: Мемлекетпен қарастырылмаған.</p>	Ұсыныстар ескерілді.
3	<p>Шаукиров Ибрагим, Құлсары қаласының тұрғыны: Құлсары қала болғаннан кейін халық здоровый болып кетті. Денсаулықтары мықты екен деп, оны да алып</p>	<p>Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Экологиялық сақтандыру туралы</p>	Сұрақтар жабылды.

	<p>тастады. Бірінші категориялы кез-келген мекеме жасап жатқан жұмысшыларына экологический кодексте бар ма? Немесе олар страхование жоқ. Экологический страхованиесі жоқ. Теңіз кен орнында жасап жатырған адамдардың страхованиесі жоқ деп аргумент беріп отыр, олар.</p> <p>Шаукиров Ибрагим, Құлсары қаласының тұрғыны: Кешегі қоғамдық тыңдау Атырауда өткізілмеген. ТШО мекемесі жасап жатырған адамдарға компенсация төлеуге міндетті ме міндетті емес пе? ТШО заказчик, мұнай шығарып жатырған мекеме. Оның айналасында мердігер мекемелер көп. Олардың қаждылығы қасында 60 субподряд бар. Сонда халықтың алып отырған ақшасының емделуге ме, тамақ алуға ма, дәрі алуға ма кетеді ме? Экологиядан кішкене ауытқып кеткен шығармын, экологиялық страхованиені сұрайын деп едім? Компенсация жөнінде.</p>	<p>сұрағыңызға жауап беріп кетейін. Қазақстанның заңнамасына сәйкес ТШО өз қызметі үшін жыл сайын экологиялық сақтандыру полисін жаңартып тұрады, бізде полис бар. Ол жағынан қам жеменіз, бәрі орнында.</p> <p>Теміров Абзал Амантайұлы, Атырау облысы бойынша экология департаментінің Экологиялық реттеу бөлімінің басшысы: Жоқ олай емес, Арман Хайруллин деген өндірістік компанияның страховкасы бар соны айтып отыр. Мен де қатыстым. Компенсациясы аз деп отырғой.</p>	
4	<p>Шаукиров Ибрагим, Құлсары қаласының тұрғыны: ВДА деген бар ғой, техобслуживаниеде 27 жыл жасадым. Сол айтып отырған нәрсенің 25 пайыз төленді. Ол особый отметка дейтін бар, заводтың ішінде болып кеткен адаммын. Төлену керек дейсіз ғой, неге соны кейін қарай отменять етіп тастады? Двойное ограждение болды, соның бәрін отмена жасады. Не себепті? ЮСС мекемесін бытшыт қылып жібердіңдер. Осы жиналысқа кейде қатысамыз, кейде жұмыста болып қатыса алмаймыз. Келген соң жерде көкейдегі заттарды айтқымыз келеді. Нұрадин сіз Жылыойдағы жұмыспен қамтудың бас маманы болдыңыз. Мына жердің жағдайын 5-ке білесіз. Талай рет кездестік біз. 2007 бері келе жатырмыз. Ермек, керек мамандықтарды біз неге алмаймыз. Наблюдатель бізде жоқ басқа жақтан аламыз. Электрик жоқ, КИП, слесарь жоқ, соны біз неге қадағалап қоспаймыз? Басқа оқу орындарының мамандықтарын қысқартып, керек емес мамандықтар, бір жылға береді операторлық, ол бір жылдан кейін пайдаға аспайды. Біз Британский стандартқа көшетін әлдеқашан уақыт болды. Осы Жылыойдың ішіндегі нәрсенің барлығы. Біз балдарымызды, немерелерімізді сол жерге оқытсақ, біздер жұмыс таба аламыз ғой. Неге осы нәрсені біз қозғамаймыз? Осыны қайта-қайта айтып жатырмыз ғой.</p>	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Жаңағы станция бойынша нақты жауап алдыңыз ба?</p> <p>Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Жауап берілді ғой. Егерде Сіздер өзіңіздің мекен жайларыңызды көрсетіп, демеушілік ретінде ұсыныс беріңіз деп.</p> <p>Теміров Абзал Амантайұлы, Атырау облысы бойынша экология департаментінің Экологиялық реттеу бөлімінің басшысы: Ол экологияның несіне жатпайды. Нормативтік құқықтық актілер бар, қауіпті жерлерде жұмыс жасайтын адамдарға төлемдер қарастырылған, қателеспесем. Заң жүзінде қарастырылса, бұл компания өтейді ғой. Заң тұрғысынан қарастыру керек оны. Жалпы қауіпті аумақтарда жасайтын адамдарға төленеді. Лабораторияларда, химический объектілерде жасайтын адамдарға. Бұрын лабораторияларда жасағанда қауіпті жерлерде жасағандарға сүт береді, немесе сол көлемде ақшалай төленетін еді. Санэпидстанция күзіретіне жатады ол.</p>	Сұрақтар жабылды.
5	<p>Шаукиров Ибрагим, Құлсары қаласының тұрғыны: Кеше Гүлмира екеуміз арыз жазып тастап кеттік. ТШО және оның барлық мердігер мекемелерінің басын қосып бір жиналыс жасайық деп, қанша жыл болды, әңгіменің барлығы сол ғой. Соны бір ұйымдастырып, халықтың көкейін ашып, түсіндіріп, алатынын алып, алмайтынын айтпайсыздар ма деп. Письмо ТШО-ға да, ауданға да берілді.</p>	<p>Ұсыныс ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>	Ұсыныс ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).
6	<p>Төремұрат Асқар, Тұрғызба ауылының тұрғыны:</p> <p>1) Келгендеріңізге рахмет, халықтың айтуы өте орынды. Бас директор мен оның орынбасары келетін жер ғой. Сіздердің мүмкіндіктеріңіз шектеулі оның бәрін түсінеміз. Ұңғыма мәселесі, жер астынан мұнай шығарып жатырған, ұңғыма мәселесі осылар көбейіп бара жатыр, әуелден келісім қайда? Неге ол 1000-дап, 3000-дап көбейіп бара жатыр? Әуелден келісілген ұңғымадан неге алмайды? Ұңғыма аз болса, ауада таза болады. Жұмыста ыңғайлы болады. Неге жердің бәрін қоршап алып, қаншама ұңғыма? Ұрпаққа не қалады? Тек сорып алып кету керек па? 10-5 жылда? Бұлардың саясаты сол</p>	<p>2-сұраққа жауап</p> <p>Анаргүл Қалелова, экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Біз ауаның сапасын бақылап отырмыз. Жаңа айтылғандай бақылау орындары бар.</p> <p>Анаргүл Қалелова, экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Егер біз экологияға зиян келтірген болсақ, экологиялық станциялар бойынша зиян келтірді деген бақылау көрсетіледі. Бұл зияндар үшін жаңағы отчеттарымызда көрсетілген. Ол отчеттардың барлығы министрлікке тапсырылады. Министрліктегі</p>	Сұрақтар жабылды. Ұсыныстар ескерілді.

	<p>гой. Ештеңе қалдырмастан сорып алып кету. Ар жағында біз немен күн көреміз? Ауыл шаруашылығы құлады, өндіріс құлады, жеңіл өнеркәсіп құлады, күн көретін жағдай жоқ. Мұнайды бітіреді, бізді алдап-сулап, 19 пайыз дейді, бірақ есеп-қисаптың барлығы ТШО-ның өз қолында. Олар шығынды көбейтеді, зат тасып жатырған, оборудование тасып жатырған фирмалардың барлығы шетелдегі өз фирмасы, оларға миллиондап аударады ма ол өз еркінде, шығынды көбейтеді, пайданы азайтады. Сосын Қазақстанға 1 млрд. па 2 млрд. бере салады. Олар қазір локомотив сүйреп отырған ТШО, бірақ Қазақстан өзінің нақты әділ пайдасын алып отырған жоқ.</p> <p>2) Екіншісі келісім шарт дұрыс жасалмаған, бұл созыла береді ме? Қаншама ұңғымадан алу керек сол неге қалмайды? Жерді де қосып жатыр, ұңғыманы да қосып жатыр. ТШО-ның алып жатқан мұнайының күкірті бар, ілеспе газы бар аудан халқына ластандырып, зиян тигізіп отыр ма, әлде тигізбей отыр ма? Зияны бар. Ол ұңғыманы үсті-үстіне көбейткеннен. Жұмыстың салақтығы. Халық керегі жоқ ТШО-ға. Оларға тек қана мұнай керек. Қазақстан алып отырған ТШО-мен бірде бір тең келе ме? Қаншама пайданы ТШО көріп отыр. Жеке адамдарда болуы мүмкін. Бұны теңбе-тең болуы керек қой. 19 деген ойыншық қой. Олар өзінің билігінде, Қазақстан оған араласа алмайды.</p> <p>3) Егер зияны бар болса, неге коэффициент дәрі алуға, курортқа барып, таза ауа жұтып келуге неге ақша берілмейді. Келісім шартта не жазылды сол керек.</p> <p>Мейрамбай Сабырұлы, Азаматтық қоғам өкілі, Құлсары тұрғыны: Өтірік уақытты алмаңыз. Қашаннан бері халықты ойлап жатырысындар. Онкологиямен аурып жатырған балалардың өміріне кім жауап береді?</p> <p>Мейрамбай Сабырұлы, Азаматтық қоғам өкілі, Құлсары тұрғыны: Нұраддин сен тағы ауытқып кеттің. Менің сұрағым нақты. Қазақстан мен ТШО компаниясының пайдасы бірде бір тең келеді ма? Неге сол тең келмейді, елуде елу неге болмайды?</p>	<p>ақпарат бойынша өзімізге қайтадан келіп шарттарды қояды. Сондықтан біздің күнделікті бақылап отырғандарымыз, біз сол жерде өзіміз жұмыс жасап жатырмыз. Біздермен бірге жұмыс жасап жатырған ауылдастарымыз да бар. Мен өзім Атырауда тұрамын, мағанда бұл жердің қорғау ортасы маңызды. Осы жерде тұрғаннан кейін, сол жерде жүргеннен кейін біз ауаны бақылап отырмыз.</p> <p>1-сұраққа жауап Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Ұңғымалар саны бойынша. Ұңғымалар санын Министерство энергетикада тех.схема бойынша өзі бекітеді. Ол сол мекенге белгіленген тех.схема, яғни проект разработки месторождения. Ұңғыма саны сонда бекітіледі. Мемлекет өзі қояды. Қаншалықты кең орнын дамыту керек екенін. Жоспарланған ұңғыма саны кеміп жатыр. Онлайн отырған әріптестер қосыламын десе қосылсын.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Қанағаттанасыз ба бұл жауапқа. Сұрақ алынады ма, алынбайды ма?</p> <p>3-сұраққа жауап Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Үшінші сұрағыңызға жауап беріп кетейін. 2023 жылдың жарты жылдығында Қазақстан Республикасына тікелей төлемдер 7,6 млрд долларға жетті. Ол дегеніміз 3,4 трлн. тенге. Ол 1993 жалдан бергі.</p> <p>Мейрамбай Сабырұлы сұрағына жауап Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Ол тең келмейді. Себебі 8 млрд. Қазақстан Республикасына 6 млрд. ТШО-ға ішіндегі шығындарымен қоса. Қазақстанға көп.</p>	
7	<p>Қанат Бимырзаев, Құлсары қаласының тұрғыны: Мындағы жауаптар қанағаттандырмайды. Штраф салғанда көрсетілген Теңіз кен орнының операторы ТШО және бүкіл жауапкершілік ТШО мекемесіне жауапты болады. Сіздер сол өздеріңіздің жауапкершіліктеріңізді мердігер мекемеге, Экология департаментіне лақтырып тастай бересіздер. Ол дұрыс емес. Мен өзім консультативтік кеңесінің мүшесімін. Біздер ұсыныс жасадық. ТШО-ның бөлінген ақшасының 3-жылдық қайда жұмсалғанын, спискасын сұраттық. Бізге ештеңе беріп отырған жоқ. Жұмысшылармен кездесуді сұрадық, оған да рұқсат берген жоқ. Кеше экскурсияға апарды, кіріп келдік, ангардың ішінде ешкім жоқ. Бір супервайзер мен бір адам жүр. Рабочийлары қайда десек, бәрі кетіп қалды дейді. Біз қоғаммен байланысып отырғасын бізге сол жерде жүрген қарапайым жұмысшы керек. Біз кеше ұсыныс жасадық. Ол ұсыныстың қай-қайсысына да жауап жоқ. Жиналысты</p>	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Онда менде мынадай ұсыныс бар. 5 күнге ысырайық. Көңілқош келсін. Қолдайсыздар ма? Болды.</p>	

	<p>өзіміз сұрап аламыз. Экологияға қатысы жоқ бірақ өте маңызды мәселе.</p> <p>Болашақ мекемесінен Жылыойдың адамдары кетіп жатыр дейді. Басқа ауданның Ақтөбе, Ақтау, Шымкент бәрі жұмыс орнында жүр. Неге олар жұмыс орнында жүреді. Жұмыс бар болса, Жылыойдың адамдары жүруі керек. Біз сол мәселені көтерген едік, сол мәселені шешпей отырсыздар. Өтірік экология дейсіңдер, оның бәрі бізге керек емес.</p> <p>Камаз бердік дейсін, бізге оның пайдасы жоқ. Кеше бір жыл бұрын Кевин Лайонға айтылды, 50 пайыз жергілікті адамдармен толтырыңдар, ешқандай нәтиже жоқ қой. Сендер келіп мынаны өткізіп отырсыңдар, бұдан да нәтиже жоқ. Мен кеше айтып кеттім, мына тыңдауға қарсымын. Себебі бұның алдындағы тыңдауларды біз қойылған талаптар орындалмаған соң, біз мына тыңдалымдарға қарсы боламыз. Себебі бұл тыңдалымда да біздің талаптар орындалмайды деген сөз.</p> <p>Сіздер жауапкершілік алмаймыз дейсіңдер, ЮСС мекемесінің бытшытын шығардыңдар. Ал Болашақ мекемесінің шетін НСС мекемесі алып алған екен. Балдар соғады, 28 күнге мен 2,6 млн алдым дейді, НСС келді де 14 күнге 300 мың теңге зарплата қойып қойды дейді, қандай хақысы бар оның ақысын жеуге. Неге ол осыған дейін 800 мың алып келеді де, НСС келген соң неге 300 мың алады. Неге соған сендер жауап бермейсіңдер. Сендерге штраф салғанда көрсетілген бүкіл жауапкершілік Теңіз кен орнындағы Сіздердің мойындарыңызда, сондықтан ол мердігер мекеме ол бөлек демендер. Алып тастаңдар, мердігер мекеме жетеді. Соның орнына мердігер таласып келеді. Алдыңғы қоғамдық тыңдау талаптары орындалмай, бұл қоғамдық тыңдаудың өтуіне қарсымын. Жауапкершілікті толықтай алыңдар мойындарыңа. 1 жыл бұрын айтылған нәрсе әлі орындалған жоқ.</p>		
<p>8</p>	<p>Тегісбаев Иван:</p> <p>ЮСС мекемесін таратты дедіңіздер, компания мердігер компания. Олар двойной төлеп тұрды. Біз сол үшін 3 жыл бойы айтып келе жатырмыз. Мердігерлік компанияларға ЮСС-ты пример ретінде айтып басқа мердігер компанияларға ГАТЕ, МСС, Құлсарыгаз, СИЧИМ, сол мердігер компанияның келісім-шартына сәйкес қылып жасаңыздар деп. ЮСС компаниясының келісім шарты халыққа тиімді болғасын айтамыз. Ол ТШО-ны обслуживать ететін болғасын жерде жақсы қарастырылған. Біздер Вахтовый поселоктанбыз. Ол жерде ТШО-дай жақсы қаралмайды. Енді ол мекемеде тек қана столовый мен қонақ үй қалды, басқасының бәрі бытырады. Олар зарплатаны қиып тастады. Неге олар қиып тастайды. Оның қандай хақысы бар. Құлсарыгаздан овертаймға барған кезде біздерге полтора төленбейді. Осы мәселені Нұраддин жазып алыңызшы.</p> <p>Мекемелерде беріліп тұрғой, жеңіл автокөлік. Олардың оңенкасы 1475 болды, енді қазір объем алғаннан кейін дәл сондай жұмыспен 1600-1800 болып кетті, пикап деп отырғанымыз мысалғы, соның екеуінің разницасы неде? Соны қарастыру керек. Мысалы екеуміз бірдей жұмыс жасаймыз, екеуміздің разницамыз бір. Сосын 24 күн отпуск болатын болса, соның 6 күнін тағы алып тастап тұр, неге сол 18 күн болып есептелінеді. 5 күндіктің ақшасын есептеп кетті олар. Осы мәселені сендер кішкене қараңдар.</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Бұл жерде барлығы камераға түсіріліп жатыр. Ертең хаттама жасалғанда барлығы түседі.</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Ұсынысыңыз хаттамаға енгізіледі. Хаттамада жауабы беріледі.</p>	<p>Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
<p>9</p>	<p>Қазанова Қалатай, Құлсары қаласының тұрғыны: Бүгінгі баяндамашыға өте риза болып тұрмын. Баяндаманы өте жақсы оқыды. Бірақ ТШО-ға ескерту, переводчиктардың орысшадан қазақшаға онша жақсы</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Көгалдандыру мәселесі бойынша,</p>	<p>Сұрақтар жабылды. Ұсыныстар ескерілді</p>

<p>аудармайды. Әдеби тілмен халыққа түсінікті тілмен аудару керек. Олар басқаша бір қазақ тілімен аударарды. Қазақша көп сөз түсініксіз. ТШО мекемесіне өз басым ризамын. Біздің семьяда 6 нефтяник бар: НСОС-да, КПО-да, ТШО-да, Қашаған-да солардың сөздерін тыңдағанда өзім бывший менеджер по кадрам ең ішіндегі жақсысы, тәртібі жөнінен, жұмыс істеу барысы жөнінен ең жақсысы ТШО. ТШО мекемесіне Құлсары қаласы тұрғындарының алғысы шаш етектен, оны бәріміз білеміз. Сол бірақ ТШО мекемесінің арқасында зиян шегіп отырған Жылыой халқы, себебі ауамыз, климатымыз өзгерді, құрғап кетті ауа. Бұрынғы өсіп жатқан шөптер қазір шықпайды. Сіздерді түсінемін, мына жерде шыр-пыр болып ТШО-ны жақтайсыздар. Себебі Сіздер ол жерден жалақы алып отырсыздар. Қазір Сіздер барғаннан соң Сіздерден есеп сұрайды. Сен неге солай айтпадың, неге бұлай айтпадың деп. Ермекті де түсінем, оған жоғары жақтан бұйрық берілді, тыңдалымды өткізу керек, на высшем уровне, бірақ Жылыой ауданының жерінің, суының, ауасының иесі бізбіз, халықпыз. Біздің айтқанымыз бұл жерде заң болуы керек. Бізге көп ештеңенің қажеті жоқ. Бізге таза ауа, жұмыс керек. Біздің ауамыз 30 жылдан бері пайдаларыңыз бен қоса зиянды да шегіп келе жатырмыз. Сіздер бізде су жоқ дейсіздер. Бар су. Жердің астынан ондаған мыңдаған км жерден мұнайды газды алып жатсыздар. Неужели құдық қазып су шығаруға болмайды. Мұнай мен газды қазып шығаруға Сіздердің шамаларыңыз жетеді, ал құдық қазып су шығаруға Құлсары қаласының айналасына орман егуге Сіздердің шамаларыңыз келмейді. Неге? Оны жасауға шамалары келеді, бірақ мен ТШО халыққа жаны ашымайды, халыққа көмектеспейді деп айтпаймын, көмектесіп жатыр. Бірақ жоғарыда отырған шенеуліктердің көмейі өте кең, қалтасы одан да кең. Сондықтан олардың қанша алып жатқанын білмеймін, біздер өзіміздің Жылыой ауданына көріп жатқан зиянымен пайдасын ғана білеміз. Сондықтан ана жерге қондырғы орнату керек, мына жерге станция қондыру керек, ана жерге китайский трактор алып беру керек, мына жерге китайский водовоз алып беру керек. Керегі жоқ оның барлығы. ТШО қазған ұңғымасын қазады, мына 3-ші заводты неге салып жатыр, мыңдап емес, миллиондап салады ол ұңғыманы. Себебі ол мемлкеттерге біздің мұнайымыз бен газымыз керек. Сондықтан 3 заводты осы жерге салды. Салады да. Сіздер ойлайсыздар ма, олар 40 жылдан кейін договоры бітіп кетеді деп, кетпейді ол ешқайды. Осы жерде қалады. Сондықтан Жылыой халқының басты талабы ауаны тазарту. Сіздер шығаратын заводтан мұнайды да, газды да шығара бересіздер, оны біз білеміз, ана жерде аппақ болып тұрса да, оны қап-қара деп айтасыз, немесе қап-қара болып тұрса да аппақ деп айтасыздар. Оны да білеміз. Біздің талабымыз, Құлсары мен Теңіз ортасына миллион ағаш орнатасыздар, отырғызасыздар, суарасыздар, баптайсыздар, күтесіздер. Сол миллион ағашты өсіруге баптауға Құлсары халқының 2000 адамын жұмысқа қабылданады. Сол 2000 адамға кем дегенде 300 мыңнан жалақы төлейсіздер. Мен білемін қазір 3-ші завод аяқталып жатыр, жұмыс қысқартылып жатыр, не только рабочие инженера сокращаются, я знаю это. Себебі менің қызым сол сферада істейді. Нефтяниктердің жағдайын өте жақсы біледі. 15 жыл болды нефтяник болып жасағанына. ТШО-ның қай заводу, қай болты қай жерде жатыр, не сынып жатыр, бәрін 5-ке біледі. Егер миллион ағаш өсірілсе, Жылыойдың ауасы да тазарылады, 2000 Құлсары қаласының адамдары жұмысқа орналысады, ал ол миллион ағашты қалай өсіреміз, не істейміз десеңіздер, пожалуйста комиссия құрыңдар, бізде жұмысшы тобы бар. Сіздерге кеңес бере аламыз. Қай жерге қалай егу керек, не істеу керек, ол ағашты отырғызу</p>	<p>көгалдандыру Құлсары қаласында жүріп жатыр, былтыр еккен талдарымыз бар, биылда егіп жатырмыз, келесі жылыда 30 гектар егетін жеріміз бар. Кеше аудан әкімімен де кездестік. Олар рұқсат берсе ауылдық округтарды да егу жұмыстарын бастаймыз. Су мәселесі жер асты суы мәселесі, Жылыойлықтар жақсы біледі, ауыз су , жер астында тек Жаңасу мен Бали деген жерде бар. Осы жерден 100 шақырым жерде, және Ақтөбенің Көк жиде деген жерінде бар. Басқа жерде ауыз су жоқ. Тек екі жерде бар. Үкіметпен зерделенген. Ақтөбедегі Көк жидеден су тарту жөнінде Атырау облысы әкімдігі Ақтөбе облысы әкімдігімен келісіп, су тарту мәселесін көтерді. Ол қазір қандай жағдайда екенін білмеймін. Оны әкімшілік қызметкерлері білетін шығар. Бірақ, Көк жиде, Бали мен Жаңасу біреудің жекелігінде сияқты. Сондықтан Құлсарының айналасында су жоқ қазғанда да, шықсада ол тұщы су емес. Апа интернетке кірсеңіз 300 метрдегі су қандай деңгейге жететіндігі жазылып тұр. Ол ондай көлемде шығармайды. Ол 1-2 шелектік су ғой. Ол көп шықпайды. Оны өндіріске пайдалануға келмейді. 3 метр жерден ондай көп көлемде су шықпайды. Көп су көлемі Жаңасу мен Балиде бар. Ол біреудің жексінде біз оған араласа алмаймыз. Оны үкіметтің өзі шеше жатар.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Ағаш отырғызу мәселесімен қанағаттанасызба жауапқа? Алып тастайын ба?</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Жоқ, онымен Үкіметтің өзі айналысады, шламда біздікі емес, суда біздікі емес. Ол Үкімет құзыретінде. Біз емес ол екеуі де.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Ережеге сәйкес сіздерге сұрақ қойылады, қатысы бар, қатысы жоқ деп. Қатысы жоқ сұрақ болатын болса, хаттамаға ене ме, енбей ме жұртшылық шешеді. Екінші мәселесі егер сіздердің ұсыныстарыңыз бен сұрақтарыңызға жауап алынбаған жағдайда ол хаттамаға алынбады деп енеді. Қанағаттансыз ба жауабына сұрағыңыздың?</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: су мәселесі шешілмейді. Қазіргі кездің өзінде біз он бес гектар жерге өсіріп, суарып жатырмыз ғой. Қалатай апа, водоканалдан сұрасаңыз. Жылыойлықтар бір келісімге келейік, шешілмейтін нәрсені миллион тал егеміз деп біздер мойнымызға мына жерде алмайық. Себебі оған су жоқ. Ертең уәде беріп, өмір бойы мойнымызда миллион тал егіледі деп, Нұраддиннің мойнында жүріп, Нұраддин екі күннен кейін жұмыстан шығып</p>	<p>(Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
--	---	---

	<p>үшін, кеңес бере аламыз. Жұмыссыздық жанға батып тұр. Егер миллион ағашты өсіретін болсақ, 2000 точно жұмыспен қамтамасыз етіледі. Біздің Акиматтағылар бізге стадион салып беріп жатыр, бір жылдан кейін құлап жатқан садик салып берді, ана жерде үй салып беріп жатыр, анауы жұмыс істемейді, сондықтан басты талабымыз миллион ағаш отырғызасыздар. Ауамызды тазартасыздар. 2000 адамды жұмысқа қабылдайсыздар. Сіздерден басқа ештеңе талап етпейміз. Қондырғының да, станцияның да қажеті жоқ. Бәрібір сол қондырғы да, станция да қап-қара болып тұрады. Соны Сіздер аппақ немесе жап-жасыл деп айтасыздар. Оның айту себебі, ол жерден жалақы алып отырсыздар. Халықты жақтап бір ауыз сөз айтып көріңіздер, ертеңіне жұмыстан шығасыздар, мен оны білемін. Тыңдасаңыздар біздің талабымыз осы, тыңдасаңыздар да, тыңдамасаңыздар да осы. Тыңдамасаңыздар халық болып өзіміз шешеміз.</p>	
<p>10 Тұрар Шапқара, Құлсары қаласының тұрғыны: Жиналыс қайта қайта өтіп жатыр, бірақ нәтиже жоқ. Неге? Халықты бір бірімен, белсендіні белсендімен қырылыстырудың қажеті жоқ, біздің мақсатымыз бір – таза ауа, денсаулық, ұрпақ қамы. Ендігіде жиналыс қандай болу керек – осы жиналыста келесіде әкім, он бес депутат келсін. Халықтың арасында бір депутат көрінбейді, сонда халық өзімен өзі қырылып өту керек пе? Ол – бір. Екіншіден, осы біздің ауамызды бұзып жатқан – Айранкөл, Каспийнефть, Масабай, Алтынкөл, Ботақан, Қарсақ, Асанкеткен, Құлсары қаласында – РИП Газ, РИП Сера, Олжа, Жылыой Су – осылардың бәрі жиналып қатыссын. Бір жақта халық, екінші жақта – жауапкер адамдар отырып, ақ қараны ашып алайық, бола ма болмай ма. Болса – халық үшін қызмет етсін, болмаса жиналысты тоқтатып, бәлкім халық басқа метод қолданар. Сосын ішіне НГДУ, ҚазТрансОйл, ҚазМұнайгаз бар, өткенде 508 шақырымнан залалсыздан алып келе жатыр, 10 мың м3, жалпы ол жерден 30 мың м3- тай шығу керек, жайлап “хитрит” етіп жатыр, соны әкімшілік барып, қарап, тексеру керек сондай жерлерді, белсенділердің көбі оны білмейді, көрген жоқ, ал көрсе, осы жерде үлкен айқай-шу болар еді. Нақты жауапкер адамдар келсін, олармен нақты сөйлесейік, ақ қарасын ажыратып алып нүкте қойылсын. Және де ТШО-дағы барлық Подрядчик мекемелердің басшыларын шақырындар.</p> <p>Сосын алдындағы жерді бүлдіріп кеткен СатТрансСервис мекемесінің иесі табылған, неге өзі жауап бермейді, неге біреудің бұрын бүлдіріп кеткен жерін басқа біреу тазалау керек? Неге үкімет бюджеттен ақша шығару керек осыған? Сіздер осы жерде айқайласып отырсындар, ал мәселенің бәрі ақшаға тіреледі. Енді ойлап қарандар, ТШО жылына бюджетке 70 млрд. ақша аударып отыр, 54 млрд. мемлекетке кетіп қалып тұр, неге? Біз осы ақшаны Жылыойда қалдырып, жартысын болса да, сонда ғана Дубай боламыз, әйтпесе бостан босқа қырылып жатырмыз. Осы мәселені халықтың атынан үлкен масштабта көтеру керек! Ақшасыз ештеңе шешілмейді. 54 млрд. үлкен ақша, соны үкімет Қазақстанға бөліп жатыр, Түркістанға үш жылға бөлінетін ақшаны дайындап қойған, ішінде триллион бар. Қайыршы болған он баланың әке шешесінен ақшасын алып, басқа бір жұмыс жасамайтын баласына береді, кешіріндер мені, бірақ триллиондап ақша береді, сол әділдік па? Бірінші өзіміз тұрып алайық аяғымызға, денсаулығымызды дұрыстап алайық, содан кейін, пожалуыста, бер. Бюджеттен халықтың ақшасын алып алып, жан айқайына қарамай, Түркістанды дамытам деп триллионды беру халықтың ашуын шығарады. Сондықтан, осы мәселені үлкен масштабта көтеріндер, халық, бюджеттегі ақшаның жартысы, үш-бес жылға өзімізде қалсын, сонда ғана мәселеміз, су, терегіміз, бәрі</p>	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Осы ұсынысқа нақтылай тоқталайық. Мейрамбай мырзадан да осындай түсті – ТШО-ның басшылығы келсін деген, осыған орай бес күнге ығыстыруға ұсыныс білдіреміз, бірақ ТШО тарапынан пікір бар, ережеде ондай қарастырылмаған деген. Ережеде қарастырылмағанмен, 26 тармақта қоғамдық тыңдау бес күн қаралуға жатады деп көрсетілген. Біз осы қоғамдық тыңдау аясында бес күн қарай аламыз. Мәселе мынадай, регламентті басында бекіткенбіз, екі сағат қаралады деп, өздеріңіз бекіттіңіздер, келістіңіздер. Енді жиналыс барысында бес күнге ысырайық деп айтып тұрсыздар, өздеріңіз шешіңіздер, жұртшылық. Сайлауға саламыз ба?</p> <p>Подрядчиктердің осы ТШО-ның жиналысына қатысы жоқ, олар басқа өздерінің жиналыстарын өткізеді. Басқа жиналысты өткізуді қарастырайық. Қоғамдық тыңдау бес күн талқыланады, ереже бойынша, осы бес күнде басшылық келетін болса. Бұл сұрақ ашық болып қалды, хаттамаға енгізіледі. Төрағалық ететін өзім, талап ететін де біздер, егер басшылық келмейтін болса, әрі қарай қарастырамыз.</p>	<p>Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>

	<p>де шешіледі! Бұл мәселені өзгертетін біз ғой, пікір айтатын біз, сондықтан бәрін шақырындар, осы жерде үлкен масштабта сөйлесейік. Подрядчиктердің қатысы жоқ болса, онда мүмкін басқа жиналыс ұйымдастырындар.</p>		
11	<p>Даулетбаев Ерқұл, Партия Аманат, Құлсары қаласы: Жалғыз ТШО емес, басқа да барлық мекемелер салықты түгел жоғары жаққа аударады, жергілікті бюджетте ешқандай салық қалмайды. Өзім де Қазақтелекомда жасадым, менің де салығым жоғарға жіберілді. Өзімізде қалса, сонда ғана мәселелеріміз шешіледі, ол үшін әкімшілік мына белсенділердің айтқанын, ұсыныстарын қабылдап, нақты қанша қаржы керек соны шешіп, жұмыстану керек. Енді, Жылыой судың мәселесін айтып кету керек, қайта қайта оларға штраф салынып жатыр, КОС-тың мәселесі шешілмей жатыр, оны 2020 жылы тұрғызу керек еді, міндетті қойды, бірақ Жылыой судан сұраған жоқ, келісімге отырған мекеме ол жоқ мекеме, мемлекетке азар дегенде қаржыны қайтардық, қаржысы жетпей жатыр, ТШО жиырма бес миллион бөледі деп жатыр, бірақ оны жолдағы қалталар алып алады да, халыққа жетпейді. Сондықтан да, бюджетте банағы айтылған 54 млрд. елу пайызын қалдыру қажет. Осыны хаттамаға енгізіп, оны қоғамдық кеңесте, облыстық маслихатта қарап, әрі қарай жіберу керек. Қазір парламенттің депутаттары осы мәселемен айналысып жатыр, біздер осы жақтан қолдау көрсетуіміз керек, сонда ғана мәселе шешіледі. Сонда тал да егіледі, КОС салынады, экологиямыз тазарады. Сол станция қондыруға жоба жасап жатқан адам бар ма? Жоқ қой! Соны жасау керек, қанша ақша керек екенін білу керек, содан кейін бюджеттен шығару керек. Жалғыз ТШО-ның шаруасы емес, бұл ортақ шаруа. Мысалы үйлердің астынан шығатын канализация суынан метан, сутегі, күкірт, бәрі шығады. Неге соны жұмыс жасап тазаламаймыз? КОС-ты неге салмаймыз? КОС салғанда суға да экономия болады, мысалы ТШО судың айтылған лимитін алып отыр, бірақ 47 % қайта пайдаланып отыр, сондықтан да КОС салдыртуымыз керек. Айта берсең мәселе көп.</p> <p>Осы қоғамдық тыңдауға қатысы бар! Экологияға қатысы бар! Әкімшілікке қатысы бар! Егер осы мәселелер ауданда шешіліп тұрса, мына белсенді адамдар осындай айқай шу шығармайды. Салықты жергілікті жерде қалдыру керек.</p>	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Айтып жатқан мәселелер қоғамдық тыңдауға қатысы жоқ. Әңгімеңіз өте орынды, бірақ мына жақта бақыланбау керек. Өте орынды ұсыныс, бірақ бұл жиналыста айтылатын ұсыныс емес. Хаттамаға енеді. Банағы ұсыныс айтылды, бірақ әрі қарай талқыланбай қалды.</p>	<p>Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
12	<p>Шарғабаева Жанар, Жылыой ауданының тұрғыны: Қайырлы күн, жылыойлықтар және ТШО мекемесінің қызметкерлері! Манағының айтылып жатқанның барлығы тек қана ТШО компаниясының қоғамдық тыңдауларында айтылып жүр. Бұл жерде мен ТШО компаниясын қорғайтын әңгіме айтайын деп тұрған жоқпын, бұл жерде басымызды ашып алатын әңгімені айтайын деп отырмын. ТШО компаниясы экологияға байланысты бізге өздерінің алдағы жұмысын таныстырып жатыр: мынадай зиян екелеміз, ертеңгі күні мынадай шығын болады, мынадай нәрселерді жасаймыз деп жатыр. Біз негізі Үкіметтен, Министрліктен және жергілікті жердің басшылығы – Облыстық әкімдіктен сұрайтын нәрсенің барлығын ТШО компаниясына келгенде неге айтып отырмыз? Бұл жерде ТШО компаниясы ақша бөлмей жатқан жоқ, бөлмей жатса – айтар едік. Мына жерде миллион мен миллиардтар айтылып жатыр. Ал енді сол ТШО компаниясының тіке мемлекетке аударған қаражатының бірнеше пайыздық үлесі бізде болу үшін кім шешеді? Үкімет шешеді. Бәрібір, сендер осы қоғамдық тыңдауды өткіздіңіздер, халыққа хабарларыңызды айттыңыздар, оның бәрі хаттамаланып, ертең күні біз рұқсат берсек те бермесек те, ол завод жұмысын жасай береді. Міне, біз осы эфирды</p>	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Жанар апай, бұл жерде ТШО-ға қатысты сұрақтарды қою керек. Министрлар келу керек деген заңда қарастырылмаған. Ол үшін жазбаша ұсыныс беріңіздер, біздер жеткіземіз сол жаққа. Сіздің айтып тұрғаныңыз бос әңгіме емес, бірақ Министрлар осы жерге келмейді.</p> <p>Өтінімдер жауапсыз қалуы мүмкін емес. Ұсыныстарыңызға рахмет!</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Коэффициент ТШО компаниясының құзыретінде емес, Арал өңірі – экологиялық қасіретті аумағы болып</p>	<p>Сұрақтар жабылды. Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>

<p>пайдаланып, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлына және барлық Министрлікке осы Атырау облысы Жылыой ауданына қарасты бюджетті бекітетін барлық құзырлы органдарына мен мына жолдауды айтам: ТШО компаниясының және де ҚазМұнайГаз мекемесінің барлық мұнайға, газға біздің жергілікті жерден шыққан өнімнен түскен пайданың үлесін осы жергілікті жердің халқының денсаулығын сақтауға және оның өмірін жақсарту үшін пайдалану үшін үлесті жоғарлату керек екенін талап етемін! Жылыой халқының атынан. Біздер қазір қарап отырсақ ТШО компаниясына барлық бюджеттіде айтып жатырмыз, экологияны да, жұмысты да, барлығын айтамыз, бірақ бұл кісілердің қолында емес, өйткені миллиардтар бөлінді, әрі қарай кім бөлетін? Жоғары бізге беретін. Қазір біздер коэффициентті де айттық, оны да шешетін олар емес, экология департаменті отыр, жыл жарым, екі жыл, үш жыл болды, біз коэффициентті сұрап келе жатырғанымызға. Министрлікке ұсыныс жасадыңдарма? Қандай ұсыныс жасадыңыздар? Жауап беріңіздер! Жылыой халқына Министрлік келсін, Президент әкімшілігі келсін, Облыстық әкімшілік, Экология департаменті, Қаржы департаменті – барлығы келіп біздің мәселемізді шешіп берсін! Коэффициент мәселесін айтайын: Өскемен қаласына барып келдім, бес күн болдым. Бес күнде қаншама халықпен сөйлестім, қаншама басшылармен сөйлестім, бір түйер Казцинк деген мекеменің салып қойған Өскеменнің қақ ортасындағы ғимараттары маңдайға ұрып кімнің жасағаны екен көрініп тұр, ал біздер қазір ТШО компаниясынан енді енді игілігін, халық көтерілгеннен кейін жайлап жайлап көріп жатырмыз. Біздерде Атырауда да ондай жоқ. Қазір мен Air.kz сайты қарап отырмын, Өскеменде коэффициент бар, жергілікті жердің халқына коэффициент төленеді. Қазір ТШО-ның Air.kz-тегі мониторинг көрсеткіштері Жылыой ауданында, Атырау қаласында көріп отырмын, Өскеменнен ешқандай кем емес. Өскеменнің халқы экологиямыз деп шырылдап отыр. Біз де экологиямыз деп шырылдап отырмыз. Екеуімізде айырмашылық жоқ экология жайында, бірақ оларда су бар, оларда ағаш бар, оларда орман бар, бірақ оларда әлі төленеді. Бізде дым жоқ, бірақ бізге төленбейді. Міне, Экология департаменті, Экология Министрлігі және адамның әлеуметін арттыру Министрліктері барлығы осы тарапты қарау керек. Бізге сол үшін мына экологиялық коэффициентті де төлеу үшін бізге сол басшылар керек осы жерге. Және денсаулық Министрлігі керек осы жерге. Бізге барлығын формально айтқаны және біздің осы жерде абалап қалғанымыз керек емес. Неше жиналыс өтті? Мына қоғамдық тыңдау – алтыншы, былтырдан бері. Не шешілді? Мана айтылған мәселелердің бәрі бірдей – ештеңе шешілген жоқ. ТШО компаниясы қайта бізбен санасу үшін бетбұрыс жасады қазір, бірақ бізде тағы да бір нәрселер бар. ТШО компаниясының сөзі өзінің мердігерлеріне өтпей отыр: халықты жұмыспен қамти алмай отыр. Сол себепте, экологияға зиянды келтіріп отырған әр мекеменің басшыларын жинау керек. Бұл жерде таза ТШО емес, мана айтып кеткен түрлі компаниялар бар.</p> <p>Ермек мырза, сіз де әкімшілік тарапынан хаттама толтырыңыз, бес күннен кейін осы жиналыста манағыдай айтылған Министрліктің өкілдері, барлық айтылған мекемелердің басшылары келу керек, біздің коэффициентімізді, бізге бөлінетін қаражатты жерімізді дамыту үшін, манағы миллиондардың жартысын бізге беретіндей қылып, осы жерден шешуіміз керек.</p> <p>Осы жиналыста айтылған әңгіменің отыз пайызы тек ТШО-ға қатысты, жетпіс пайызы – Үкіметке қатысты. Соны қозғағыңыз келмейді ма? Біздер аптасына неше хат</p>	<p>саналады, ол Үкіметтің заңмен бекітілсе, Жылыой ауданы осындай аумақ деп бекітілсе, онда сондай қаражат төленеді. Заңды бекіту ТШО-ның қолынан келмейді. Егер заңмен бекітсе, барлық мекемелер төлейді.</p>
--	--

	<p>жіберіп отырмыз, өздеріңіз көріп отырсыздар, бірақ ешқандай жауап жоқ. Егер сіздер хата жаза алмасаңыз, онда біз жазайық. Онда сіз жауапкершілік алып мына жерде отырмаңыздар. Әкімшілік тарап кетіңіздер, не істеп отырсыздар? ТШО-ның консультативтік кеңесі болмаса, біз ешқайда үнімізді шығара алмайтын боламыз! Осы жерде қоғамдық белсенділері халықтың мұқтаждығын жеткізіп отыр. Егер қолдарыңыздан ештеңе келмесе, ашық айтыңыздар, біз Үкіметке ештеңе жаза алмаймыз, сіздер жазып беріңіздер бәрін деп. Біз сіздердің жұмыстарыңызды атқарайық.</p>		
<p>13</p>	<p>Телеубаева Раиса, Жылыой тұрғыны:</p> <p>Қалатай апай, сіз айтасыз Жылыой халқына ештеңе керек емес. Неге? 30 жыл бойына ТШО пайдасын көрді, біздің жердің мұнайының пайдасын миллиардтап көрді. Мен ұсыныс тастағым келіп отыр: біздің Құлсарымызға инвестор болсын ТШО, Эко-Құлсары салынсын, ішінде орман да, тоғай да ішіне кіреді. Проект дайындадық, өткенде Жұмабек Қаражановқа көрсеттік, ТШО-ға хат жазамын деді, жазылды ма жазымады ма білмеймін, маған ол туралы жауап берген жоқ. Біздер дайындалған концепцияны әкеліп көрсеттік, осы жердегі бірінші белсенділер қатысты, көрді, оларға ұнады. ТШО сол Эко-Құлсары салуға тиісті. Неге отыз жыл бойы Құлсарының мұнайын сорып отырып, Жылыой халқына бір Эко-Құлсары салуға жарамайды? Бізге берген коэффициенті де, проценті де сол болсын, халыққа Эко-Құлсары салып берсін, соған инвестор болсын! Оған ТШО-ның әлдері келеді. Осы ұсыныс бірнеше рет айтылды. Бана жақсылап тұрып баяндама жасап жатсыздар, бізде бәрі “шоколад” деп, шоколад жеп жатыр Жылыойдың тұрғындары, бірақ оның астындағы қоқысын көрсетпейсіздер, бір уыс тарыны әдемі қылып көрсетесіздер. Әрине, дұрыс, ТШО қорғауларыңыз, бірақ ТШО-ның миллиардтап тауып жатқан пайдасынан халық неге оның қызығын көрмесе? Экранға құстың суретін салып қойдыңыздар, Жылыойда қазір ондай құстар жоқ, жоғалып кетті, суларымыз да тартылып жатыр, шөптеріміз де жоғалып жатыр, қырылып өліп жатырмыз. Осы жерде ауысып жатырсыз, алдында Гүлнафис болды, бүгін сіз Ермек отырсыз, мана айтылған бізге халыққа жан аштын депутаттарымыз қайда? Сайланды, содан кейін жоқ! Неге оларды шақырмасқа? Неге қатыспасқа? Мәслихат қайда? Бізге Кевин Лайонның өзі келсін. Халыққа былтыр жақсы келді, бәрі керемет болады деді. Жұмыспен де қамтамсыз етіп жатқан жоқ. Өзінің Подрядчиктеріне ешқандай бұйрық беруге әлдері келмесе, ондай ТШО халықтан не сұрайды? Бірінші халыққа берсін, содан кейін халықтан рұқсат сұрасын!</p>	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы:</p> <p>Рахмет ұсынысыңызға.</p>	<p>Ұсыныс ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
<p>14</p>	<p>Теміров Абзал, Атырау облысы экология департаменті, экология реттеу бөлімінің басшысы:</p> <p>1. ТШО-ның жобалары бойынша:</p> <p>НДВ жобасы бар, жобаны қазір Комитет қарап жатыр, бізде де сол жобаға сұрағымыз бар: жобаның ішінде мұнай өндіру деңгейі 2,7 миллионға өсетіні қарастырылған. Мысалы 2023 жылы 29 млн. мұнай өндірілсе, 2024 жылы 31,7 млн-ға өсетіні көзделген. Ол 2023 жылмен салыстырғанда, мұнай өндірісі шамамен 10%-ға өсейін деп отыр. Ал шығарындылардың көлеміне келетін болсақ, 2023 жылы лимит 105,9 болатын болса, 2024 жылы – 151 143 тоннаға өсетіні көзделіп отыр. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда, шығарындылар лимиті 45%-ға өсетіні көрсетіліп отыр. Мұнай өндірісі 10%-ға өскенмен, шығарындылар тап сондай 10%-ға өсудің орнына, одан көп 45%-ға өседі. Осыған сәйкес, шығарындылардың өсу деңгейін негізсіз деп ойлаймыз, бұл мұнай деңгейімен теңестірілуі керек, яғни,</p>	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы:</p> <p>Құрметті жұртшылық, банағы айтып кеткен осы жиналысты бес күнге ысыру бойынша, қазіргі таңда Жылыойдың 95-жылдығына орай барлық депутаттар бос емес және де ғимарат бос емес. Ығыстыру мүмкін емес болып тұр.</p> <p>Гүлмира Таңқыбаева, хатшы:</p> <p>Ұсынысым бар, халық дауыс берсінші.</p> <p>Салтанат Сапарова, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: НДВ жобасында көрсетілген 151 мың тонна өткізілген есептеулеріміз бойынша тек мұнай өндірудің ұлғаюына қарасты емес. Біздер жобаны жасақтаған кезде сол мұнай өндірудің ұлғаюын және де 2024 жылға арналған жоспарларды қарастырамыз,</p>	<p>Сұрақтар жабылды. Ұсыныстар ескерілді.</p>

	<p>шығарынды деңгейі 2023 жылда 105 болса, 10%-бен 115 тоннадан аспау керек деп ойлаймыз.</p>	<p>оның ішінде, ең үлкен келесі жылға арналған жоспарымыз келешек кеңею жобасының іске қосылуы, ол үлкен жоба, үлкен зауыт болғандықтан пуско-наладкаға арналған үлкен кешенді жұмыстарды атқарайын деп жатырмыз. Бұл жұмыстардың мақсаты КҚЖ келешекте қауіпсіз жұмыс жасап тұруы үшін жасалынады. Сол жұмыстар үшін осындай лимиттерді қарастырамыз. Неге десеңіз осындай жұмыстар кезінде шығарындылардың көлемі аз емес, сондықтан Сіздің салыстырып тұрғаныңыз 10 пайызбен 45 пайыз дұрыс емес деп есептейміз.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Сонда жаңа поколенииде завод салынса, выброс көбейеді ме?</p> <p>Салтанат Сапарова, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: Жоқ салынса емес, тек іске қосылу барысында. Біздер 2024 жылы сол жұмыстарды қарастырып отырмыз, жоспарымыз бойынша, және де айтып кеткен мұнай өңдеудің жоспарын басқа да жұмыстарды қарастырамыз. Тек мұнай өңдеудің ұлғаюымен шығарындыларды салыстыруға болмайды.</p>	
15	<p>Теміров Абзал, Атырау облысы экология департаменті, экология реттеу бөлімінің басшысы: 2. Air.kz станциялары бойынша, ТШОның СҚА 12 станция бар, соның 4-нен қазір Air.kz-ке ақпарат жіберіледі. Біздің ұсынысымыз осы алдағы уақытта қалған 8 станцияларды осы желіге қосуды ұсынамыз.</p>	<p>Рахметова Айнұр, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: 12 СНОС бар екенін білесіз, 4-уі Департамент экологии және жол картасы ұсыныстары бойынша 2021 жылы қостық, қалған 8 СНОС бойынша бірнеше рет Департаментке жауабын бердік, олар рабочий зонада орналасқан. ПДК басқа. 4 СНОС СҚА қасында орналасқан. Олардың ПДК-сы селитебная зонамен салыстырылады, сондықтан Air.kz-тен бақылауға болады. Ал 8 СНОС рабочая зонада орналасқан соң, біздердің жұмысшыларға әсерін бағалау үшін орналастырылған. Бірнеше жылдан бері айтып келе жатырмыз, Air.kz-ке енгізсек олардың көрсеткіштері «не показательный» болады.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Онда бұл сұрақтар алынып тасталмайды, ашық қалады.</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Жауап берілді ғой.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Жауап берілсе де қанағаттандырылатындай жауап жоқ.</p> <p>Анаргүл Қалелова, экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Біздің станцияларымыз бәрі заңға сәйкес жасап жатырмыз. Санитарлық аймаққа станциялар қойылды, біздің әсерімізді сол жерден қарап отырмыз. Ішіндегі станциялар</p>	Сұрақ жабылды.

		тек қана рабочая зона, жұмыс жасайтын жердің ПДК-сын қарайды. Департамент Экологиядан қойған талапқа негізінде заңды талаптала жоқ деп қабылдауыңызды сұраймын. Сұрақты жабуыңызды сұраймын.	
16	<p>Теміров Абзал, Атырау облысы экология департаменті, экология реттеу бөлімінің басшысы:</p> <p>3. Күкірт жобасында 5 бөлімінің 3 тармағында (36 бетте) күкіртті орналастыру лимиті көрсетілген, ТШО орналастыру лимитінде өткен кезеңдерде жинақталған күкірт мөлшері есептелмейтінін көрсеткен. Яғни, күкірт карталарында жиналатын күкірт көлемі Экологиялық нормалауға жатпайтын және тек күкірт карталарының сыйымдылығымен шектелетінін көрсетілген. Аталған жобалық шешімдер мақұлданбайды, дұрыс емес деп есептейміз, өйткені күкірт карталарында күкірттің бақылаусыз үлкен көлемде жиналып жатуға әкелуі мүмкін. Бұрын сондай жағдайлар болған 9 млн-ға дейін күкірт жиналған фактілер болған, осыған сәйкес күкірттің бұрын жиналып келген көлемін лимитке енгізуді сұраймыз.</p>	<p>Гүлмира Еркінбаева, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС:</p> <p>Өздеріңіз білесіздер, ТШО Қазақстан Республикасының заңнамаларын қатаң сақтайды. Қазіргі таңда Экологический кодекснің ішінде ондай нақты талабы жоқ. Бұрынғы құйылған күкірт көлемін ескеріп, лимит алу деген жоқ. Тағы да қосып кететін күкірт күнделікті түрде карталарға құйылмайды, бұл тек бір себептерде, жағдайларда құйылады. Ол вагондардың тапшылығы кезінде, қондырғыларды жөндеуге тұрған кездерде. Күкіртті ашық түрде сақталуы - экологиялық тұрғыдан қауіпсіз тәсіл болып табылады. Ол практика бүкіл дүние жүзінде қолданылады, тек Қазақстанда емес, АҚШ, Канаданың өзінде де ашық түрде сақталады.</p>	Сұрақ жабылды.
17	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Нақтылап жіберейін, құрметті жұртшылық хаттамаға алынбаған сұрақтар енеді, сосын жоғарға Комитетке барады. Комитетте эксперттер соны қарап, баға береді. Егер олар біздің ұсынысымыз дұрыс болып, жауабы дұрыс болмайтын болса, қоғамдық тыңдалым қайта өткізіледі. Соны түсіндіріп, кетейін дегенім сіздерге.</p>	<p>Әсет Құрманбаев, заң бөлімінің басшысы, «Теңізшевройл» ЖШС: Күкірт бойынша, бізде ТШО-да сот шешімі бар. Гранулированный сераға қатысты сот шешімі бар. Осы жиналыстан кейін сол сот шешімін көрсетемін сіздерге. Сол шешім бойынша гранулированный сераның 98 пайызы переработкадан өткен оның сұйық серадан зияны, 99 пайыз готовый продукт. Тіпті жеген адам бар.</p>	Сұрақ жабылды.
18	<p>Шаукиров Ибрагим, Құлсары қаласының тұрғыны: 105 мың тоннаны жұтып келе жатсыңдар, 30 жыл бойы сабыр етіп енді 45 пайызға көтеріміз өлмесіздер деп отырсыздар ма? Мына біздің жерімізді жақсартып беріңіздер көгалдандырып.</p> <p>Жағдайымызды жақсартып беріңіздер, содан кейін көтеріңіздер.</p>	<p>Салтанат Сапарова, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: Сіз түсінген жоқсыз, тек 2024 жылы 45 пайызға көтеріміз.</p> <p>Заводты қосқаннан кейін бұл көлем қайтадан түседі.</p>	Сұрақ жабылды.
19	<p>Телегенов Ахметжан Майкөмген ауылы тұрғыны, зейнеткер: Теңізге ең жақын жер біздің ауыл, оның халқы 1000-ға жетпейді. Оның ішінде 8 ауру бала бар. Алды 13-те арты 1-де. Экология бәрі. Оның үстіне суымыз лас, лай. Суды алғанда ештеңе көрінбейді, шай сияқты, осы жиналыс сайын айтылатын әңгімеміз, топырақ бар. Техника сұрадық, бір техника келмейді. Ауылымызды топырақ басып жатыр. Қалған мәселелерді жазып бердім.</p> <p>Гүлмира Таңқыбаева, хатшы: оқып жіберейін.</p> <p>Майкөмген ауылы аудан орталығы Құлсары қаласынан алпыс шақырым Теңіз кен орнынан сексен шақырым аралығында орналасқан. Теңіз кешенінде ауқымды жұмыстардың жүруіне байланысты елді мекеннің табиғаты (қоршаған орта) өзгерді. Бұрынғы жайқалып тұрған шөптер (өсімдіктер) жойылып, жеріміз сорға айналды. Жел тұрса (күн ара) топырақ борап тұрғын үйлерді, мал қораларды әлеуметтік нысандарды т.б. құм астында қалды. Ауаның ластануына байланысты адамдар арасында түрлі ауру-сырқаулар көбейді. Енді елді мекенді қалпына келтіру үшін, яғни құм борауды тоқтату үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ауылды айналдыра кезең кезегімен қарағай, сексеуіл ағаштарын егу. 	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Суларымыз лас деп айттыңыз, Жылыой судан алатын шығарсыздар, ТШО-ның суы емес. Ауылды білемін, Майкөмген өмір бойы топырақтың арасында тұр, кезінде елді-мекен болып саналған жоқ, ферма орталығы болды, артынан Майкөмген елді-мекені болды. Ауылдық округі болып бөлек шыққаннан кейін ТШО компаниясының демеушілік көмегімен газды өткізіп берді, Майкөмгенге, Ақкиізтоғайға, Қарағайға, және одан бөлек Майкөмгенге 110 орындық бала-бақша салып бердік, оған Майкөмгеннің балдары барып жүр және 40-қа жуық жұмыс орны ашылды. Одан бөлек дене шынықтыру сауықтыру кешенін салып бердік, керемет кешен. Оның жанынан қосымша алаң жасадық, көрермендер отыратын отырғыштар қойдық. Оларды ТШО компаниясының қаржыландыруымен салынды. Мүмкін Сізге бұл хабар жетпеген шығар, жергілікті бюджеттен салынып</p>	Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).

	<p>- Құм басқан үйлерді, қораларды әлеуметтік нысандарды ауыл ішіндегі күл қоқысты тазарту.</p> <p>Мүмкіншілік болса осыған ай сайын 3-4 күнге күрейтіп, керек болса, далаға таситын техника бөлінсе.</p> <p>- Келер ұрпақ сапалы білім алу үшін соңғы үлгідегі заманауи мектеп салынса.</p> <p>Қазіргі ауылдағы мектептің жағдайы кезінде азғантай оқушыларға арналып уақытша салынған. Ауыл куннен күнге өсуде, яғни адам саны көбеюде. Дәл қазіргі мектептің сыйымдылығы да, техникалық базасы да талапқа сай емес. Рахмет!</p> <p>ДЦПмен ауыратын бала саны – 8. Алды – 13 жаста. Бұл дегеніңіз 300-ге жуық отбасы бар ауылға үлкен соққы, бір аутизм диагнозы бар бүлдіршін өсіп келеді. Бұрын соңды 15 жыл бұрын бұл ауылда болмаған жағдай. Сондықтан бей-жай қарамауларыңызды сұраймыз!</p>	<p>жатқан шығар деп ойлап жүрген шығарсыз. Жоқ, егерде ТШО болмаса Майкөмгенде ФОК-та жоқ, бала-бақшада жоқ, ойын алаңы да, газда болмайтын еді. Тағы бір сұрағыңыз мектеп салып беру, ТШО-да Игілік бағдарламасы бар, ТШО компаниясының ерікті демеушілік көмегі 25 млн доллар, 11,5 млрд теңге жыл сайын өзінің қаражатынан демеушілік көмегі, сол бойынша жергілікті әкімдік жобаны жасақтап бізге тапсырса, облыс әкімдігі біздерге тапсырма берсе, біз жасап береміз. Қаражат бар, мүмкіншілік бар. Ұсыныста бергенбіз салып берейік деп, бірақ әлі жоба жасақталған жоқ. Біздерге берсе, біздер салып береміз.</p> <p>Енді ауру балалар бойынша Қазақстан Республикасының статистикалық мәліметтері бойынша 1000 балаға 2-7 ДЦП бала келеді, егерде одан көп болып кетіп жатса, Үкімет жағынан бағдарлама қабылданып, соның алдын алу шаралары алынады, бағдарлама бар, үкімет жағынан шаралар алынып жатыр, бұл көрсеткіш басқа региондармен бір деңгейде.</p> <p>Көгалдандыру бойынша, кезінде мен әкімнің орынбасары болған кезде, Майкөмгенге сексеуілдер егейік деп әкімшілік ұсыныс білдірді. Облыстық табиғатты реттеу басқармасына ұсыныспен шығып, олар тендерді өткізіп, 2013-2014-те ектік. Бюджеттен егілді. Кеше ТШО әкімге ұсыныс берген, біздерге ауылдық округтерден жер беріңіз сумен қамтамасыз ету мүмкіндіктеріңіз болса, біздер егейік деп, 1 гектардан егіп қарайық. Майкөмгенге шықпауы мүмкін, қалған жерлерге шығуы керек.</p> <p>Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Құрметті Жылыойлықтар бүгінгі қоғамдық тыңдаудың форматы Сізде сұрақ қоясыздар, біздер жауап береміз, бәрі протоколға енеді. Сіздер сұраққа қанағаттанамын, қанағаттанбаймын деген мұнда шешілмейді, оны ары қарай экологиялық комитетке барады, сол жерде эксперттер қарап, шешім қабылдайды, яғни ТШО дұрыс, толық жауап берді ма жоқ па деп.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Сіз қателесесіз, ережеге сәйкес ашық қалған сұрақтар және алынып тасталған сұрақтар болады. Ашық қалған сұрақтар бойынша комитет шешеді, дұрыс жауап берілді ме жоқ па деп.</p> <p>Талғатбек Мұратбаев – Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Ермек мырза, алдыңғы болған тыңдалым ОВОС бойынша, бүгінгі тыңдалым ЭРВ бойынша. Бұл екі түрлі құжат.</p>	
20	<p>Гүлмира Таңқыбаева, хатшы: Қосшағыл селосынан келген сұрақ. Қосшағыл селосына ауаға тарап жатқан улы күкіртті, тағы басқа заттарды өлшеуге қарауға аппарат</p>	<p>Анаргүл Қалелова, экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Егерде осындай ұсыныс түссе, қаралады.</p>	<p>Сұрақ жабылды. Ұсыныс</p>

	<p>қоюларыңызды сұраймыз. Денсаулықтарымыз үшін қоюларыңызды сұраймыз. Автор Шаненова Гүлжан.</p>	<p>Сіздерге айтқым келетіні, біз СҚА-да тұрған мониторинг станциялары превышение көрсетіп жатқан жоқ. Заң ретінде ол жерге қосымша станцияларды қондырудың қажеті және талабы жоқ.</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Егерде аудан әкімі жоба жасақтап, Игілік бағдарламасына кіргізуді ұсынса, біздер жасап беруге дайынбыз.</p>	<p>ескерілді. (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
21	<p>Бақытгүл, Құлсары қаласының тұрғыны: Өткендегі тыңдалымда Сіз 304 бұйрық бойынша ауаны зерттеп, коэффициентін шығарып, біздерге көрсеттіңіздер, соны қалай шығарғаныңызды біздерге көрсетуіңізге болады ма? 304 бұйрық бойынша ашық анық, айқын зерттеулеріңіз керек еді, ал Сіздер тек қана кішкентай ластаушы заттарды көрсетіп, коэффициенттерді көрсеттіңіздер, шығарып бергенсіздер. Ашық, анық зерттелген жерлеріңіз бар ма, соны көрсете аласыздар ма?</p>	<p>Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Жаңа айтып кеткендей бүгінгі тыңдау, алдындағы қоғамдық тыңдауға қатысы жоқ. Бүгінгі материалдарда халық денсаулығы қаралмаған. Тек 2024 жылға арналған рұқсат алу үшін құжаттар, оның ішінде, шығарындылар, қалдықтардың көлемін Сіздермен бөлісу үшін өткізіліп жатыр.</p>	<p>Сұрақ жабылды (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
22	<p>Бисенова Жібек, Болашақ реабилитациялық орталығының басшысы: ТШО тарапынан ДЦП ауруымен ауратын балалар және мүгедек балаларға арналған бірталай әлеуметтік жобалары бар. Олардың біреуі біздің орталықта осындай балдарды емдеп жатырмыз, және де биыл осы жобада баланы 1 жасынан бастап тексеріп, реабилитация жасау жұмыстары жүріп жатыр. Егерде осындай балаларды реабилитация жасау керек болса, хабарласуларыңызды сұраймыз. Рахмет.</p>	<p>Ұсыныс ескерілді.</p>	<p>Ұсыныс ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
23	<p>Мейрамбай Сабырұлы, Азаматтық қоғам өкілі, Құлсары тұрғыны: Ермек мырза, Нұраддин мырза халықтың көтеріп отырған сұрақтарына жауап бере алмай отырсыздар, жоғарыда шешетін адам бар деп отырсыздар, сол себептен ТШО шетелдік компания болғандықтан, Генеральный директормен соның орынбасары келсін. Бәрі осы жерде босқа сөйлеп жатыр, біздерге «мен халықтың жағдайын жақсартып беремін, Эко қала жасаймын» деп айтатын адам керек. Бір-біріміздің уақытымызды алмайық, қоғамдық тыңдаудың өтпей жүргені де сол. Заводтың ешқандай халыққа пайдасы жоқ.</p>	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы:</p> <p>Өткенде ТШО осындай жиналыс ұйымдастырамыз деген ұсыныс білдірген, сол қашан болады екен?</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Ол жиналысты өткенде осы жерде болған Гүлнафис ханым өзім ұйымдастырам деді.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Онда бөлек жиналыс жасайық. Заң тарапына сәйкес, қоғамдық тыңдауға ешкім қатыспаған кезде өткізілмеді деп тануға болады. Сіздердің сұрақтарыңыз ашық қалған жағдайда хаттамаға еніп, алынып тасталмайды, сосын күзіретті органдар бағасын береді. Хаттаманы сіздер кез келген уақытта тексере аласыздар.</p>	<p>Ұсыныс ескерілді.</p>
24	<p>Салтанат Кішкенбаева, тұрғын:</p> <p>Қазіргі тыңдау басқа деп жатыр, алдыңғы тыңдау басқа. Сонда сендер халықпен ойнап жатырсыздар ма? Алдыңғы тыңдау рұқсат алған жоқ, халық рұқсатын берген жоқ, өткен жоқ деп шешілді, ал енді бүгін келіп екіншісін өткізіп жатыр, оған қалай жауап бересіз?</p> <p>Біз бір рұқсатты берген жоқпыз, ал сіздер тағы да біздерге осындай жұмыс жасау керек деп тағы да келіп тұрсыз, халықты ойыншық қылып тұрсыз ба? Бүгінгі жиналыс өткен жоқ, жабық.</p>	<p>Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Қоғамдық тыңдаудың мақсаты әзірленген жобалармен сіздерді таныстыру. Алдында біздер келгенде сіздерге Теңіз кен орнын игеру кезіндегі Ықтимал әсерлер туралы есеппен таныстырдық. Қоғамдық тыңдаудың нәтижесін Комитет қарастырып бізге шешім береді. Егер өтпесе деп таныса, біздер қайтадан қоғамдық тыңдауға жібереміз. Ол процесс бөлек жүріп жатыр. Енді біздер 2024 жылға рұқсат алуымыз керекпіз, нақты келесі жылға қандай әсер</p>	<p>Сұрақ жабылды.</p>

		<p>болатынын көрсетеміз. Яғни бұл екі бөлек тақырып.</p>	
25	<p>Гүлжан Шәнен, Қосшағыл ауылының тұрғыны (жазбаша сұрақ):</p> <p>1. Қосшағыл ауылына ауа зерттеу қондырғысы қойыла ма? Игілік бағдармаласымен қойып берсе, мониторинговая станция қойыла ма?</p> <p>2. Біздің ауылымызға жолдың екі бетіне мың тал егіп көгалдандырып беруіңізді сұраймыз. Отыз жыл бойы ешқандай бір тал егілген жоқ.</p>	<p>Анаргүл Қалелова, Экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Әсет мырза айтып кеткендей ұсыныстар келді, оны қабылдады, әрі қарай қарастырылады. Қазіргі таңда болатын болса, негізінде біздің аймақтарымызда тұрған мониторинг станциялары шығарындыларды көрсетіп жатқан жоқ, сондықтан бізге заң ретінде ол жерлерге қосымша қоятын қажеттіліктері жоқ және талабы жоқ.</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Санитарлық қорғау аймағынан тұрған мониторинг станциялардан ол артықшылық көрсетіп тұрған жоқ, ауа ластауі жөнінен, оны Казгидромет өзі қарап отыр. Егер де Игілік бағдарламасына деп аудан әкімі жобасын жасақтап, облыс әкіміне Игілік бағдарламасына кіргізуге деп кіргізсе, біздер қарастырамыз.</p>	<p>Сұрақ жабылды. Ұсыныс ескерілді. (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
26	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Зумнан сұрақтарды оқып жіберсеңіз.</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Зумнан сұрақ бар ма?</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Зумды қараңыздаршы, зумда сұрақ бар. Кімнен түсіп тұр? Қалиев Русланнан келіп түскен сұрақты оқыңыздаршы.</p> <p>Ол зумға қосылып тұрған шығар, Зумның ссылқасы жіберілді ма? Ол техникалық өзінен байланысты шығар, жазбаша жазып жіберген болса, Райса апа, сол сұрақтарын оқысын, соған жауап берсін. Ең бастысы сұрақтарына жауап алса болды.</p> <p>Руслан Мадиев, Атамекен ЭКО қоғамдық қорының төрағасымын (зумнан келіп түскен сұрақ, залда ауызша оқылды):</p> <p>1. Қалдықтарды басқару жобасы көптеген дәлсіздіктерді қамтиды және заң талаптарына қайшы келеді. Мысалы, қалдықтар тізімінде қалдықтардың көптеген түрлері бар (амин шламдары, ластанған керамика, металл қалдықтары, май сүзгілері, картридждер, бұрғылау шламдары, май қалдықтары, күкірт қалдықтары, тұрақтандырылған шламдар, химиялық материалдар, құрамында сілті бар шламдар). Қалдықтарды басқару бағдарламасында ТШО осыларды полигонда көмуді көрсетіп отыр. ҚР ЭК 351-бабының нормаларына сәйкес қалдықтардың бұл түрлеріне полигонға орналастыруға қатаң тыйым салынады.</p>	<p>Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Біз зумның сұрақтарын уақыт регламентіне байланысты жазбаша жауап беріп жатырмыз.</p> <p>Жалимбетова Ботагөз, Өндірісті оңтайландыру/Қауіпсіздік және еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті бас менеджерінің орынбасары, «Теңізшевройл» ЖШС: Зумда сұрақтар көп, олардың барлығына жазбаша жауап беруге тырысып жатырмыз.</p> <p>1-сұраққа жауап</p> <p>Рустем Қонырбаев, экология бөлімінің аға маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: Саламат па, құрметті Жылыой тұрғындары. Зумда келіп түскен 2 сұрақтарымыз бар. Бірінші ол қалдықтар жөнінде, екінші ол күкірт жайлы сұрағымыз.</p> <p>Ең бірінші мен айта кетейін, құрметті Жылыой ауданының тұрғындары, әр ТШО-ның әр шыққан қалдығының жеке төлқұжаты бар (былайша айтқанда паспорт отхода). Осы қалдықтың төлқұжаты химиялық составына/сипатына байланысты жасалынады. Атап өткен 351-ші статьяда требованиялары осы аталған және жаңа аталған қалдықтар кірмейді. Содан соң біздің программада солай көрсетілген.</p> <p>2-сұраққа жауап</p> <p>Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Біз бұл сұраққа жаңа ғана Департаменттен дәл сондай сұрақ болды, біз жауап бердік соның аясында, оған толық қанды жауап бердік.</p> <p>Кешенді және экологиялық аудит жүргізілмейді және озық қолжетімді технологияларды анықтау керектігі туралы – ТШО Қазақстанда ең бірінші</p>	<p>Сұрақтар жабылды.</p>

<p>2. Жобада күкірт лимиттері бойынша күкірттің жинақталу лимиттері, алдыңғы жылдары жинақталған күкіртті есепке алмай келіп түсуі тиіс күкірт көлемі үшін ғана көрсетілген. Бұл ҚР Экокодексінің талаптарына қайшы келеді, себебі Кодекстің 43-бабының нормаларына сәйкес карталарда ашық түрде орналастыруға белгіленген күкірт лимиті өткен жылдары жинақталған күкірт мөлшерін қамтуы тиіс. (жобаның 4.11-тармағы).</p> <p>3. Шығарындыларды азайту үшін табиғатты қорғау шараларының тиімділігін бағалау НДВ-де ұсынылмаған. Талдауға сәйкес, жобада шығарындыларға сұратылған лимиттер асыра бағаланып, ҚР ЭК 202-бабы талап еткендей, алдыңғы кезеңдерде нақты өндірілген шығарындыларды есепке алмайды. Алау бойынша шығарындылар көлемі сұралған шығарындылардың жалпы лимитінің 53% - дан астамын құрайды. Содан кейін ППМ-ге енгізілген іс-шаралар тиімді емес болып шығады.</p> <p>4. ҚР ЭК 72-бабы талап еткендей ұсынылған материалдарда шығарындыларды азайту жөніндегі нақты жоспар жоқ. Ол үшін ТШО ҚР ЭК 72-бабының 4-тармағына сәйкес кешенді технологиялық аудит жүргізіп, аудиттің әзірленген ұсынымдарын ескере отырып, шығарындыларды азайту жоспарын әзірлеп, тиісінше ұсынуға тиіс болды. Ол нәрсе жасалған жоқ.</p> <p>5. Аталған сұрақтарға және ескертпелерге 2024 жылға экологиялық әсерге рұқсат сұрап келіп отырған ТШО дәл бүгін, қоғамдық тыңдауда толық және дәлелді жауап бермей, айтылған жобалалар қосылмай қоғамдық тыңдаулар өткізудің тәртібінің 49 пунктiсi бойынша: Мемлекеттік экологиялық сараптаманың жобалау құжаттарына келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарға көзделіп отырған қызмет бастамашысының дәлелді жауаптары болмаған жағдайда, экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын орган Кодекстің 87-бабының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8, 9) тармақшаларында көзделген объектілер бойынша қоғамдық талқылауларды қайтадан өткізу қажеттілігі туралы жауапты жібереді.</p>	<p>компаниялардың бірі болып кешенді аудитті жүргізді, ол 2021 жылы өтті. Сол аудит нәтижесінде ТШО-ның қолжетімді 61-ден астам технологиясы ең озық технологиялар деп танылды, 43-і озық деп танулы мүмкін және де барлық экологиялық талаптарға сәйкес келеді.</p> <p>3-сұраққа жауап Салтанат Сапарова, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: Проектте бөлек тармақта жасалынатын іс-шаралар көрсетілген. Ал ППМ-ге келсек, ол план природоохранных мероприятий деген, ол бөлек құжат, НДВ-ден. Ол құжатта да шараар тізімі көрсетілген. ҚР Заңына, талаптарына сәйкес бұл ППМ-ге нақты лимиттерді асып тұрған кезде іс-шаралар көрсетілуі қажет. Біздің компанияда лимиттер асырылмайды, нақты берілген лимиттердің ішіне кіретін шығарындыларды шығарамыз. Сондықтан одан да көп шараларды осы ППМ-ге біздер кіргізбейміз, ал бірақ НДВ-ның ішінде бөлек іс-шаралар көрсетілген, Заң аясының ішінде.</p> <p>4-сұраққа жауап Салтанат Сапарова, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: Үшінші сұраққа жауап сияқты, ППМ тек лимиттерді асырылған кезде жасақталатын план, сондай іс-шараларды ішіне кіргізуіміз керек. Сондықтан қазіргі көрсетілген құжаттардың ішінде мұндай іс-шаралар көрсетілмеген.</p> <p>5-сұраққа жауап: Әсет Құрманбаев, заң бөлімінің басшысы, «Теңізшевройл» ЖШС: Қоғамдық тыңдаулардың өткізу қағидаларын бекіту туралы ереженің 49 бабына сілтеме жасаған болаты. Бірақ ол сілтеме дұрыс емес өйткені біз сіздермен жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу тәртібі арқылы тыңдау өткізіп жатқан жоқпыз. Біз сіздермен ашық тыңдаулар жүргізіп жатырмыз, яғни Арман мырзаның жасаған 49 бабы ол Экопорталда жария түрінде жасалынатын тыңдаулар және олар «пониженная значимость» деген объектілерге арналған қоғамдық тыңдаулар өткізу тәртібі. Бірақ біз қарапайым тілмен айтқанда біздің ТШО компаниясының зауыттары алпауыт 1 категория объекті болып саналады, ал ол кісі басқа категориядағы объектілерге тиісті тәртіпке сілтеме жасап отыр.</p> <p>Тағы да айта кетер жайт – біз ашық түрде өткізетін себебіміз – 1 категорияға жататын объектілер ашық түрде өткізуге міндетті, ал басқа категориядағылар онлайн портал арқылы өткізеді интернет желісі арқылы және де интернет желісі арқылы қойылған сұрақтарға, ескертулерге қанағаттандыратындай жауаптарды алу тиіс 2, 3 дәрежедегі объектілердің иелері. Ал біз бірінші дәрежелі болғандықтан, бұл 49 бапқа ссылақ жасау дұрыс емес, 2 тарауға қарау керексіз.</p>	
--	--	--

27	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы:</p> <p>Басқа ұсыныс сұрақтар бар ма? Енді бір сұрағымыз, ұсынысымыз ашық қалып тұр. Мен жаңа түсіндіргендей 5 күннің ішінде біздің 95 жылдығымыз өтіп жатыр, мына зал бос емес, сол себептен қалай жасаймыз? 5 күнге ысыру ысырмауды сайлауға салайық.</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Құрметті бүгінгі қоғамдық тыңдауға қатысушылар, баршаңызды бүгін көргеніме қуаныштымын.</p> <p>Жалимбетова Ботагөз, Өндірісті оңтайландыру/Қауіпсіздік және еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті бас менеджерінің орынбасары, «Теңізшевройл» ЖШС: Ермек мырза, онлайн Чернова ханымнан сұрақ келіп тұр, соны айтуға болады ма?</p>	
28	<p>Қанат Бимырзаев, Құлсары тұрғыны: Нақты айтыңызшы сераның шығуын азайту үшін 1-2 мысал айтыңызшы, қандай іс-шаралар қолданып жатырсыздар? Кешегі тыңдауда выбростың лимитін көбейтуге сұрап келдіңдер, оны кеше эколог мырза айтты, оны 2024 ж. 80 мың сұрадыңдар ма, 80 мыңды нормально өткіздіңдер, жеткізбей, енді неге оны көбейтіп отырсыңыздар дейді. Енді неге сераны 72-ші бап деп айтып отыр ғой, сераның шығарымын азайтуға қандай іс-шара қолданып отырсыздар? Қайта өндіріп жатырсыздар ма, жерге айдап жатырсыздар ма?</p>	<p>Салтанат Сапарова, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС:</p> <p>Сіз қазір ППМ бойынша айтып тұрсыз ба, сұрағыңызды кішкене түсінбей тұрмын. Біз сераның лимиттерін асырып тұрған жоқпыз, нақты асырған кезде, сол кезде іс-шара қарастырылады. Ол шаралар ПНРС деген проектте жазылады, бәрі жазылады. Бүгін 4 жоба көрсеттік, әр жобаның ішінде бар. Сера шығарындалары бойынша басқа бөлек жоба, екеуінде де нормативтер көрсетіген, екеуінен де лимиттер аламыз, келісілген жағдайда. ҚР Заңына сәйкес біздер осындай жобаларды жасатуымыз керек, ішіне расчеттарды еңгізуіміз керекпіз, сосын нормативтерді көрсетіп, КЭКР-ке барып, осындай нормативтерді келісесіз ба, келіспейсіз ба сұраймыз. Келісілген жағдайда сол нормативтер лимитке айналады, сол лимитпен біз келесі жылы жұмыс жасаймыз, одан аспауымыз керекпіз.</p> <p>Гүлмира Еркінбаева, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС:</p> <p>ТШО жылына шамамен 2 млн жарым күкірт шығарады. Бірақ оның 20%-на ғана лимит сұралынады. Бірақ бұл лимитті алған кезде, біз барлық лимитті қолданбаймыз, күкіртті сатамыз. Келешекті кеңейту жобасы бойынша күкірт мүлдем шықпайды, бәрі қойнауқатқа айдалады.</p>	Сұрақ жабылды.
Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Келесі сұрақ су мәселесі, дұрыс айтасыз, бізде Бәли деген жер бар, ауыз су месторождениесі, бірақ бұл жер біреудің жекеменшігінде. Және де су пайдалану кодексі бойынша, өндірістік мекемелер сол жер асты суды пайдалануға рұқсаты жоқ, сондықтан жер асты суды шығару ол Үкіметтің құзіретінде. Ақтөбеде де Көкжиде деген жер бар, оның қоры біздің Бәлиге қарағанда мол, сондықтан негізі өзіміздің жерлерімізді тимей сол жақтан алуымыз жөн, бірақ ТШО мекемесі заңға сай оны істей алмайды, рұқсат жоқ. Өзіміз үйіміздегі суымызды үнемдеп пайдаланайық, екі үш рет қайта пайдаланайық. Жер асты су қайта қалпына келмейді, сонда ұрпағымызға не қалдырамыз? Артымызды ойлайық.

Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Олардың қолында емес, оны шешетін су ресурстар Министрлігі, соған ұсыныстарды айту керек.

3-сұраққа жауап

Үшінші сұрақ: РИП Газ бен РИП Сера бойынша сұрағыңызға, пропарка жасалмайды сонда, ол жерде тек вентилядарын проверка жасап, тексеріп, Теңізге қайтадан жібереді. Егер конденсат, газ қалады, зияны бар десеңіз, онда бірге барып тексерейік, көрейік.

4-сұраққа жауап

Төртінші сұрағыңыз, субподрядчиктердің бәрін алып тастау жөнінде, бұл экологиялық сұрақ емес, бірақ хаттамаға енгізейік сосын жауабын берейік. Келесі қазан айындағы жиналысқа қосып жіберейік.

Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Банағыдай айтылып кеткендей, қазан айының аяғында жиналыс өтеді, сол жиналыста осындай сұрақтарды көтересіз.

	<p>заказын бермейтін болсын, немесе оларды көшірсін. РИПГаздың бастықтары Россиядан көшірсін басқа жерге, тексерсін. Құлсарыдан кем дегенде 10-15км очистка жасайтын жер болуы керек. Оның иісі деген, мен өзім Вокзал жақта тұрамын, кейде жел сол жақтан соққан кездерде отырғызбайды иіс деген. Ол даладан келіп жатырған жоқ, ол ТШО-ның заводынан келіп жатырған жоқ, ол айналамыздағы солардың иісі. Өткенде де осы жайлы айттым, ол негізі қалып қойды. Вопрос ашық қалды, ешкім жауап берген жоқ.</p> <p>4) Күкіртті игеріп жатыр, заводтың ішінде жұмыс жасап жатыр, капремонт жасалынып жатыр көп нәрсе жасалынып жатыр, айналасында қаншама жұмыстар жасалынып жатыр, соларды жасап жатырған мекемелердің барлығы Генподрядчик емес, субподрядчиктер, қосалқы мердігерлер, ал олардың алатын ақшалары ТШОмен салыстырмай-ақ қояын, Генподрядтың алып отырған ақшасынан олар почти 2-3 есе кем алады ақшаны. Қосымша мердігерлерді алып тастаса екен деймін, керек емес олар, егер тікелей зарплатасын дәл сондай етіп аударып ТШО сияқты деп айтпағанменен ең болмағанда демалысқа қалғанда санаторийге барып келетіндей Құлсары шипажайына барып дем алатындай жағдайға жетсе екен дейміз. Жоқ ішіп жеуден аспайды қосымша мердігерлердің беретін табыстары. Әңгіме қылып көтерсе, жұмыстан шығарып жібереді, бәрі де балашағасын асырап, тамақ алып отыр, кредитін жауып отыр. Сондықтан осыны олар өздері айта алмайды. ТШО-дан соны требовать етсек деймін, қосымша мердігерлерден соны требовать етсеңдер, или берген ақшаны толық берсін, бермесе қосымша мердігер дегенді жауып, тек бас мердігер СК-ның өзінде 67-80 мекеме бар субподряд, ол түріктер өздері жұмыс жасамайды да, жұмыстың барлығын мердігер мекеменің мойнына іліп тастайды ма? Бетінің қаймағын алып отыр тек қана. Осы сұрақты өткенде де көтеріп едім, жауапсыз қалды, осы 2-3 сұрақты мен хаттамаға кіргізсе деп едім.</p> <p>5) Сенің айтып отырған жұмыстарын ол разовой жұмыс, ал сіздер осы үлкен лимитті постоянноға алайын деп тұрсыз. Тек қана бәрін тексердік, тазаладық, сонымен болды деп тұрсыз ба сонда?</p> <p>6) Жақсы, Ақтөбеден су алайық, бірақ неше жыл болды соны айтып келе жатқанымызға? Аудан әкімдігі ештеңе жасаған жоқ. Қашан шешілетін нәрсе? Бізге қазір су керек.</p>		
7	<p>Гүлназ Сакиева, Құлсары қаласының тұрғыны: ТШО офисын неге бывший әкімнің заведениесінен ашып отыр? Неге үкіметтің ғимараттарынан ашқан жоқсын? Ақшалай көмек болар еді Үкіметке.</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Бұл офис кеше ғана ашылған жоқ, оған дейін Есенова Ғалия деген кісі осында отырған, жеті сегіз жылдан бері осы ғимаратпен контрактмыз бар. Біз соны жалғастырып келеміз.</p>	<p>Сұрақ жабылды. (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
8		<p>Жалимбетова Ботагөз, Өндірісті оңтайландыру/Қауіпсіздік және еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті бас менеджерінің орынбасары, «Теңізшевройл» ЖШС: Зумнан сұрақ қоюға Арман Хайруллин рұқсат сұрап жатыр, қосып тыңдап алайық.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы:</p>	

		Жоқ, бірінші осында отырған адамдардың сұрақтарын тыңдап, жауап береміз, содан кейін зумға көшеміз.	
9	<p>Тегісбаев Иван:</p> <p>1. Адам жұмысқа тұрғанда үш ай испытательный сроктан өтеді, осы жиналыстағы айтылған нәрселердің қорытындысын есебін біздерге де үш ай сайын бізге берсе артық болмайды деп есептеймін. Халыққа ұнамаса, біздер өзгерістер еңгізуімізге мүмкіншілік болсын.</p> <p>2. Жағалау жасаған кезде, Бақаштан бері қарай жасауыңызды сұраймыз. Соны ескеріп жасаңыз.</p> <p>3. Су мәселесі және тал егу жөнінде, тал екенде экологтар сараптамашылар да қарау керек, неге шықпай жатқанын анықтап. Сосын жерді берген кезде төрт қатар егетін жер болса, біреуі шығады, біреуі шықпайды, көбірек егу керек. Соны қарастырайық.</p> <p>4. Жұмыссыз жағдайын қайта дұрыстап қарау керек. Бүкіл халықтың жан айқайы. Барлық мердігерлік мекемелердің басшылары келу керек, зам емес, бухгалтері келу керек. Шаруаны шешетін адам келу керек.</p>	<p>1. Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Біз биылға тек қоғамдық тыңдауға алтыншы рет келіп отырмыз, қоғамдық кеңестерге тоқсан сайын келеміз. Және оған қоса осы жылдың тамыз айында біздер бүткіл ауылдарды, Құлсары қаласымен қосып алдынала хабарландыру беріп аралап, тек әлеуметтік сұрақтар бойынша кездесіп шықтық. Біз жылына он рет келеміз десем кем емес. Оннан көп, келіп жүрміз.</p> <p>2. Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Қабылданды.</p> <p>3. Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: сиған жерге төрт қатар қылып егіп жатырмыз, тар көшелер болса, екі қатардан егеміз. Ескертеміз ұсынысыңызды.</p> <p>4. Рахмет, ұсынысыңыз қабылданды, жиналыс өткізіледі.</p>	Сұрақтар жабылды. Ұсыныстар ескерілді.
10	<p>Ержанов Серікқали Сәлімұлы, Атырау облысы, Құлсары қаласының тұрғыны, Барлау бұрғылау ардагер қоғамының төрағасы: Ассалаумағалейкум, сұрақ қояйын деп келіп жатырмын, аудан тұрғындарының сұрақтарына қосыламын. Жаңағы көк жейдені айтып жатырсың ғой. Көк жейдені геологияға барып, сол жерде қазып Атырауда, сол суды да ашқан, майды да ашқан. Мына ТШО, мына Қаратон мен Прорва болмаса ортасында кім? Соны есіне сақтасын. Барғанда енді айтып барыңдар, ұрпақ үшін күресейік, жұмыстанайық. Ағаш егумен шектелмей, көшені дұрыстап, үйді дұрыстап, үйсіз-күйсіз жастарға жұмыссыз жүруге болмайды. Бәрін жұмыспен қамыту керек. Мына жерде үлкен ТШО тұрғанда жұмыссыз деген не, ұят қой. Келесіде былай болып келмеңдер, Кевин бе келсін. Экология департаментінің экологы бар ма?</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: компьютермен қосылып отыр.</p>	Ұсыныс ескерілді.
11	<p>Гүлназ Сакиева, Құлсары қаласының тұрғыны: миллион талды қолдайды ма бұл кісі?</p>	<p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Жалпы Қазақстан бюджетіне түседі, Жылыой ауданының бюджетіне түскен жоқ.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Жалпы Республикадан жылына 15 млрд. трансфер келеді бізге. Көптеген мәселелер бар ғой бізде, жолдар салып жатырмыз.</p> <p>Хэймиш Полс Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімі бас менеджерінің орынбасары, «Теңізшевройл» ЖШС: Менің ТШО-да жұмыс жасап жатырғаныма 6 жыл болды. Сіздердің айтып жатырған мұң-мұқтаждарыңызды жақсы түсінемін. Кейбір үлен шешімдер ТШО-ның басшылығына болса, кейбірі Үкімет басшыларына қатысты, бірақ ТШО-ға қатысты мәселелердің өзіне де біршама уақыт керек. Ол оңай шешімдер емес. Қазақстанның өз заңнамалары бар секілді ТШО-ның да ішкі заңдары бар, сол заңдарға сүйене отырып, жұмыс жасаймыз. Кейбір мәселелердің талқылануының неге</p>	Сұрақтар жабылды.

		<p>ұзақ болатындығы ол бізде Кевин Лайонның өзі де акционерлер бар, үлескерлер бар солардың алдында есеп беріп, олармен ақылдасып әрбір шешімді, келісімді сол арқылы өткізеді. Сондықтан кейбір шешімдер ұзақ уақытты алады. Мен Сіздердің мұң-мұқтаждарыңызды жақсы түсінемін. Сіздерден де түсіністік танытуларыңызды сұраймын. Мен қаншама әлеуметтік инвестицияларға қатыстым. Құлсарыға келіп жүргенімен 6 жыл болды. 2022 жылы Кевин мырза талқылаудан кейін бізге тапсырма беріп, біз Игілікке жұмсалатын қаражаттың 70 пайызын Жылыойға бөлінеді деп шештік. Қазіргі 21 жоба бар, Атырау облысы бойынша, соның 15-і Жылыой ауданына арналған, яғни 2022 жылы біз назарымызды толықтай Жылыойға арнадық. Басым бөлігін Жылыойға аударуды шештік. 2022 жылы қабылдаған шешімдерді жүзеге асыруға уақыт керек. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, компанияның ішкі заңнамаларына сәйкес болу үшін, уақыт кетеді. Су тапшылығы мәселесі де көтерілді. Ол мемлекеттің құзырындағы мәселе. Біздің компанияның басты бағыты ол Теңіз кен орнын игеру, сол сияқты Игілік бағдарламасы бар. Жылыойға бас назар аударып жатырмыз. Былтыр 2022 жылы ТШО-ның Қазақстан еліне жұмсалған қаражаты 14,5 млрд доллар. Соның 10 млрд-ы салық пен роялти құрады.</p>	
12	<p>Руслан Данисов – Құлсары қаласының тұрғыны: Талдың айналасында 3-4 жыл болды айналасып жүргеніме. Теңіздегі Вахтовый поселок пен Шаңырақ ортасына парк салсақ. Жергілікті топырақ пен көңді араластырып, тал ексек, кешке жұмыстан шыққан адамдар демалу үшін. Иранбақтағы сордың үстіне сары топырақтан төгіп ағаш екті, баптаса еседі. ТШО маған демеушілік көрсетсе, Теңізбен Вахтовый поселоктың ортасынан жер алып соны көгалдандырсам, Теңізді өзім жақсы білемін. Қандай жауап болады екен сізден?</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Облыс әкімдігі мен ТШО арасындағы меморандумға байланысты Атырау қаласы мен Құлсары Жылыой ауданын көгалдандыру қазіргі басты мақсат, халықтың сұрауы бойынша, Құлсары қаласын көгалдандыруға басты назар аударып отырмыз, және соны іске асыруға жұмыстанып жатырмыз. Мекемені таңдау тендер арқылы болады. Себебі бәсекелестік болуы керек. Бізде сыбайлас жемқорлық деген бар ғой, сол сыбайлас жемқорлық болмауы үшін барлығы тендер арқылы өтеді, іріктеу арқылы. Оны бір адам шешпейді, бірнеше адам шешеді. Қазіргі басты мақсат Құлсары.</p>	Сұрақ жабылды.
13	<p>Арман Хайруллин, Атырау облыстық маслихаты депутаты:</p> <p>1. Бұл жалпы қоғамдық тыңдаулар өткізу бойынша барлық мүдделі тараптар бұл тыңдауға қатысып, өзінің пікірін білдіруге, өзінің болашаққа деген өмір суретін қоршаған ортасын, оның болашағын айқындауға мүдделі және құқылы. Бүгін Жылыой халқы, құрметті жерлестер, сіздердің талаптарыңызды қолдаймын жан-жақты, өте дұрыс айтып отырсыздар. Дегенмен де, былай алпауыт компаниямен ірі тура бір сөйлескен жақсы деп есептеймін. Жаңа көгалдандыру сұрақтары болды, көгалдандыру мәселелері бұл әрине көкейкесті, дегенмен де өздеріңіз біліп жүріңіздер ТШО компаниясы өзінің санитарлы қорғау аймағының 40% көгалдандыруы керек, яғни біздің есептеулеріміз бойынша шамамен 10 мың гектарды көгалдандыруы</p>	<p>1. Жалимбетова Ботагөз, Өндірісті оңтайландыру/Қауіпсіздік және еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаменті бас менеджерінің орынбасары, «Теңізшевройл» ЖШС: Көгалдандыру туралы толықтырып кетсек: Арман мырза, сіз айтып кеткендей талаптарға сәйкес көгалдандыру санитарлық қорғау аумағының (СҚА) 40 пайызында жүргізілу керек. Талаптар өзгерді, өзгерістерге сәйкес – СҚА-ның 40 пайыз жері көгалдандырылмаса, оған жарамсыз жерлер болса онда жақын елді мекендерде бұл жұмыстарды өткізуге болады. Осы бағытта акиматпен жұмыс жасалып жатыр. Нұрадин айтып кеткендей елді мекендерде көгалдандыруға жарамды жерлерді анықтау жұмыстары жүргізілуде.</p>	Сұрақтар жабылды.

<p>керек. Қазір енді 10 гектар, 15 гектар деп сыздықтатып жүр, не болмаса санитарлық эпидемиологиялық талаптарды орындау керек, СанПИН нормаларын, не болмаса қазіргі оның қаражаты, көлемі, мысалы 10 млн теңге 1 гектар деп есептейтін болсақ, ең төменгі көлемдегі алғашқы капиталдық шығындарды, онда 100 млрд теңгені Құлсары қаласына, Атырау қаласына, жалпы Атырау облысына көгалдандыру шараларына бөлсін. Одан бөлек жыл сайын 20 млрд теңгені оны күтіп баптау жұмыстарына тағы да жұмсап отыруы керек, мінекей осындай талаптар қойыңыздар. Өйткені бірдеме млн деген ол ақша емес бұл компанияға.</p> <p>2. Ауаның сапасы жөнінде бағана айтылды ғой, ауаның сапасы санитарлық қорғау аймағының айналасында ешқандай шектік рауалы көрсеткіштерден асушылық жоқ деп. Мен мұнымен мүлдем келіспеймін, өйткені 2021 жылы Казгидромет мекемесінің Астанадан келген ұжымымен бірге 2 газоанализатормен барып, мысалы Қаратонның қасында 10-даған 15 есе күкірт сутегі бойынша жел райы заводтан соққан кезде асушылықтарды анықтаған болатынбыз. Және Балаусаның тұрғыны ретінде өзім білемін, бізде ЭРА деген программа бар, қазір біздің бетімізге басып есептеулер қойып отырған, көргеніме сенейін бе, әлде естігеніме сенейін бе деген сияқты біздерге берілетін мәліметтер бойынша кез келген ластағыш заттың концентрациясы аталған шекараға жеткенде мүлдем сейіліп, нөлге жетеді екен, бірақ олай емес, өйткені Алғабастағы қамыс өрті Балаусаға 15-20 шақырым жерді оп-оңай ұшып өтіп, үлкен-үлкен кесектер құлады. Бұл бағанағы мен айтқандай есептің қисықтығынан, әрине оның барлығын заңдастырып алған, дегенмен де Құлсарыға және Атырауға оның бәрі міндетті түрде әсер етеді, әсер еткенде қандай, оған ресми аурулардың және алғашқы науқастанушылықтың статистикасы куә.</p> <p>3. Жалпы сұрақтар өте көп, қоғамдық тыңдауларды өткізу ережелеріне сай, сауалдар жобаға сай болмаса, қабылданбайды және хаттамаға енгізілмейді. Сондықтан міне нақты жоба бойынша нақты сұрақтар қойғым келіп отыр ТШО компаниясына.</p> <p>3.1. Жобада күкірт лимиттері бойынша күкірттің жинақталу лимиттері алдыңғы жылдары жинақталған күкіртті есепке алмай келіп, түсуі тиіс күкірт көлемі үшін ғана көрсетірген. Бұл Эко Кодекстің талаптарына қайшы келеді, Кодекстің 43 бабының нормаларына сәйкес карталарды ашық түрде орналастыруға белгіленген күкірт лимиті өткен жылдары жинақталған күкірт мөлшерін қамтуы тиіс, бұл жобаның 4.11 тармағында жазылған. Түртіп алыңыздар, бүгін Райса ханым айтқандай, ТШО-ның жарты коллективі келіп отыр, бұл сұрақтарға міндетті түрде жауап берілуі керек.</p> <p>3.2. Қалдықтарды басқару жобасы көптеген дәлсіздіктерді қамтиды және Заң талаптарына қайшы келеді. Мысалы қалдықтар тізімінде қалдықтардың көптеген түрлері бар, енді оның бәрін тізіп жатпайын, соның ішінде бұрғылау шламдары, май қалдықтары, күкірт қалдықтары деген сияқтылар. Осы қалдықтарды басқару бағдарламасында ТШО осыларды полигонға көмуді көрсетіп отыр, ал еліміздің Экологиялық Кодексінің 351 бабында осыған сәйкес қалдықтардың түрлерін полигонға орналастыруға қатаң тыйым салынады. Тағы да бұған сіздің эколог мамандарыңыз жауап берсін.</p>	<p>2. Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Құрметті Арман мырза, сіздің сұрақтарыңызға бір топ эксперттермен жауап беруге рұқсат етіңіз.</p> <p>Бірінші сіздің Қаратонда шекті рұқсат етілген концентрацияларда асып кетулер бар дегеніңізге айтып кетерімін – біз сізді арнайы Теңізге шақыртып, осы Теңізге басқа да құзыретті органдардың, қоғам белсенділер өкілдерімен келдіңіз. ТШО-ның санитарлық қорғау аймағындағы ауа сапасын сараладыңыз. Соның басында өзіңіз болдыңыз, өзіңіздің аппаратураларыңызды алып келіп қарастырдыңыз. Сол кезде шекті рұқсат етілген концентрациялардың асып кетулер табылмады. Осыны да айтып кеткеніңіз дұрыс болушы еді.</p> <p>Біз мониторингі толыққанды жүргіземіз, оған жауаптымыз. Бұл сіздің комментарий бойынша.</p> <p>Қалдықтар және күкірт бойынша әрі қарай әрі қарай әріптестерім жалғастырады.</p> <p>Гульмира Еркинбаева, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС:</p> <p>3.1. Күкірт жөнінде айтатын болсақ – сұрақ бойынша құжаттардың барлығы қоғамдық сараптауға жіберілген. Комитеттен осы сұрақ бізге тағы да келді, қазіргі таңда бұл сұрақ қарастырылып жатыр, жауаптар дайындалып жатыр. Заңнаманың талаптарын қатаң сақтаймыз. Қазіргі таңда Экокодексте бұл лимиттерді бұрынғы құйылған көлемін ескеру деген нақты талап жоқ. Күкірт карталарға күнделікті түрде құйылмайды, тек белгілі бір жағдай болғанда ғана құйылады. Қайта айтып кетейін бұл сұрақ сараптамадан келді бізге, соның жауабын қарастырып жатырмыз.</p> <p>3.2. Қалдықтар жөнінде айта кететін болсақ Экокодекстің 351 баптың талаптарына сәйкес жанағы айтылған қалдықтардың түрі жатпайды. Бұл сулы қалдықтар емес, 351 баптың 2 тармағындағы талаптарына келтіріп отырған шығарсыз. Бұл полигон жағдайында жарылыс қауіпті, коррозиялар, тотықтырғыш, жанғыш болып табылатын қауіпті қалдықтар полигоны. Бұл қалдықтарды көмуге тиым салынады, бірақ жаңағы тізімдегі қалдықтардың паспортына сәйкес химиялық құрамдарына сәйкес олар жарылғыш немесе коррозиялық және де тағы басқа симаттамалары көрсетілмеген. Ал паспорттар Қазақстан Республикасының қолданысындағы заңнамасының талаптарына толық сәйкес келеді.</p> <p>3.3. Сапарова Салтанат, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: ППМ-ға енгізілген іс-шаралар 2021 жылға жаңадан шыққан Экологиялық кодекске сай жасалған. Бұл Экологиялық кодексте былай көрсетілген – егерде мекемеде бекітілген нормативтері ұстанылмаса, жалпақ тілмен айтқанда олардан асуы болса, онда сол источник бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Осы заң бойынша ППМ-ға жалғыз бір</p>
--	--

<p>3.3. Шығарындыларды азайту үшін табиғатты қорғау шараларының тиімділігін бағалау НДВ-ге ұсынылмаған, талдауға сәйкес жобада шығарындыларға сұратылған лимиттер асыра бағаланып, Экологиялық Кодекстің 202-ші бабы талап еткендей, алдыңғы кезеңдерде нақты өндірілген шығарындыларды есепке алмайды. Алау бойынша шығарындылар көлемі сұралған шығарындыларды жалпы лимитінің 53%-ын құрайды. Сондан кейін мына ППМ-ге еңгізілген іс-шаралар тиімді емес болып шығып жатады.</p> <p>Құрметті Жылыойлықтар, осы санаулы күндер бұрын өздеріңіз білесіздер заводта тағы бір апаттық жағдай орын алды, ТШО оны апаттық жағдай емес, ол өндіріске қажетті қажеттіліктер деп, үне бойы алауға жағып жіберулерді тимай отыр. Өйткені Энергетика Министрлігінің V9 деген ережелері бар, бұған дейін оның барлығы ущерб болып есептелсе, одан мемлекетке болсын, жалпы жергілікті бюджетке түспейтіні белгілі ғой, белгілі бір шығындар өтесе, қазір оның барлығы қажеттілік деп, сіз бен бізді алдап осыны бәрін жағып жіберіп отыр. Осыны ескеріңіздер. Ертең Астанаға барған кезде Парламенттің алдына осы мәселені тетесінен қоямыз. Өткен аптада кетейін деп отырмын.</p> <p>3.4. ҚР Экологиялық Кодексінің 72-ші бабы осыған талап етілгендей, ұсынылған материалдарда шығарындыларды азайту жөнінде нақты жоспар жоқ, ол үшін ТШО Экологиялық Кодекстің 72-ші бабының 4-ші тармағына сәйкес кешенді технологиялық аудит жүргізіп, аудиттің әзірленген ұсынымдарын ескере отырып, шығарындыларды азайту жоспарына сәйкес әзірлеп, тиісінше ұсынуға тиіс болды. Ол нәрсе жасалған жоқ, міне қараңыздар, аталған сұрақтарға және ескертпелерге 2024 жылға экологиялық әсерге рұқсат сұрап келіп отырған ТШО дәл бүгін осы қоғамдық тыңдауда толық және дәлелді жауап бермей, айтылған жобаға қосылмай, қоғамдық тыңдаулардың өткізудің тәртібінің 49-шы пунктiсi бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың жобалау құжаттарына келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарға көзделіп отырған қызмет бастамашысымен дәлелді жауаптары болмаған жағдайда, экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын орган Кодекстің 87-ші бабының 2,3,4,5,6,7,8,9 тармақшаларында көзделген объектілер бойынша қоғамдық талқылауларды қайтадан өткізу қажеттілігі туралы жауап бергім келеді. Сондықтан көрдіңіздер ма, осы сұрақтарға нақты жауап берілмесе, осылардың барлығы қорытылып, жобалар қайтадан жасақталып, сіздің алдарыңызға қайтадан келуі керек. Соны сіздер аталғандардың барлығын құрметті жерлестер, Жылыойлықтар, қаперлеріңізге аларсыздар. Рахмет!</p>	<p>талаптарға сай келетін іс-шараны қостық.</p> <p>Анаргуль Калелова, экология бөлімінің аға супервайзері, «Теңізшевройл» ЖШС: Заводта осы санаулы күндер бұрын болып кеткен жағдай туралы айтатын болсақ – бізге ең маңызды нәрсе – адамдардың өмірін сақтап қалу, сондықтан жұмыс жасап тұрған құралдар автоматтандырылған. Егерде қандай да бір қауіпті жағдай туатын болса автоматика өз бетінше реттеп тұрады. Айтылған жағдай 3 минутке созылды. Сол уақыттан кейін автоматика арқылы реттеліп жұмыс өз қалпына келді.</p> <p>3.4. Сапарова Салтанат, экология бөлімінің маманы, «Теңізшевройл» ЖШС: НДВ жобасына тоқталып кетсек. Қазақстан Республикасы заңнамасын барлық талаптарына сай әзірленген жоба. Айтылған шығарындыларды азайту іс-шаралары осы жобада көрсетілген. Барлық шаралар жасалынып жатыр және де жоспарланып жатқан шаралар сол жобада заң талаптарына сай көрсетіліп тұр.</p> <p>Талғатбек Мұратбаев, Экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Кешенді және экологиялық аудит жүргізілмейді және озық қолжетімді технологияларды анықтау керектігі туралы – ТШО Қазақстанда ең бірінші компаниялардың бірі болып кешенді аудитті жүргізді, ол 2021 жылы өтті. Сол аудит нәтижесінде ТШО-ның қолжетімді 61-ден астам технологиясы ең озық технологиялар деп танылды, 43-і озық деп танулы мүмкін және де барлық экологиялық талаптарға сәйкес келеді деп сол аудитті жүргізген арнайы органмен қорытынды берілді.</p> <p>Әсет Құрманбаев, заң бөлімінің басшысы, «Теңізшевройл» ЖШС: Қоғамдық тыңдаулардың өткізу қағидаларын бекіту туралы ереженің 49 бабына сілтеме жасаған болатын Арман мырза. Бірақ ол сілтеме дұрыс емес өйткені біз сіздермен жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу тәртібі арқылы тыңдау өткізіп жатқан жоқпыз. Біз сіздермен ашық тыңдаулар жүргізіп жатырмыз, яғни Арман мырзаның жасаған 49 бабы ол Экопорталда жария түрінде жасалынатын тыңдаулар және олар «пониженная значимость» деген объектілерге арналған қоғамдық тыңдаулар өткізу тәртібі. Бірақ біз қарапайым тілмен айтқанда біздің ТШО компаниясының зауыттары алпауыт 1 категория объекті болып саналады, ал ол кісі басқа категориядағы объектілерге тиісті тәртіпке сілтеме жасап отыр.</p> <p>Тағы да айта кетер жайт – біз ашық түрде өткізетін себебіміз – 1 категорияға жататын объектілер ашық түрде өткізуге міндетті, ал басқа категориядағылар онлайн портал арқылы өткізеді интернет желісі арқылы және де интернет желісі арқылы қойылған сұрақтарға, ескертулерге қанағаттандыратындай жауаптарды алу тиіс 2, 3 дәрежедегі объектілердің иелері. Ал біз бірінші дәрежелі болғандықтан, бұл 49 бапқа ссылқа жасау дұрыс емес, 2 тарауға қарау керексіз.</p>	
---	---	--

	<p>Шарғабаева Жанаргүл Сағынбайқызы, Құлсары тұрғыны, қоғамдық консультативтік кеңес мүшесі: Әр отырыс сайын қаншама талап қойып жатыр халық. Әр отырыс сайын талап қойып жатырмыз. ТШО компаниясы өздеріңізге тиісті шараларды қабылдап келдіңіздер, қандай кепілдік бересіздер? Халық сіздерден экологияның ертеңгі күнде зардап шекпеуін сұрап отыр. Ертеңгі күні ТШО шығарып жатырған удың зияны қаншалықты деңгейде төмендейді, және оны қай уақытта жоя аласыздар? Зияны тимейтіндей не жасай аласыздар. Сіздердің қашпа жауаптарыңыз біздердің ашуларымызды келтіріп отыр. Біз таза ауа сұрап отырмыз, өндіріс болған соң жерде апат болатынын бізге шығын келтіретіндеріңді барлығын біліп отырмыз. Сонда кепілдік қайда? Көгалдандыруларыңыз қашаңғы созылады? Биыл отырғызылатын талдар отырғызылған жоқ. ТШО өздеріңіз қадағаламайсыздар ма? Құрсайдан жаз бойы водовоздармен су тасып суарды. Құрсайдың суын неге пайдаланасындар, ол халыққа керек.</p>	<p>Ұсыныс ескерілді.</p>	<p>Ұсыныс ескерілді.</p>
<p>13</p>	<p>Мейрамбай Сабырұлы - Азаматтық қоғам өкілі, Құлсары тұрғыны:</p> <p>1) Жылыой ауданы халқының рұқсатын алу үшін бірінші жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жасау керексіздер. Жай қағаздарыңызды оқи беруге шаршамадыңыз ба дейді. Мердігер компанияларға ТШО-ның капремонттына 5000-10000 адам керек деп заявканы кім береді, қандай компания береді? Жылда қатысатын капремонтқа толық саны қанша адам қатысады соны айта аласыз ба? ТШО Капремонт жұмыстарына неге жергілікті Жылыой тұрғындарынан жұмысшылар алмайсыздар? Неге жылда Жылыой тұрғындарынан тағайындап, дайындап, таңдап сол капремонтқа салмасқа? Капремонтқа Жылыой тұрғындарынан адамдар алыңыз. Жылыой адамдары жетпей жатырса, басқа қалалардан ал. Жұмыс тауып беріңіз халыққа. Мердігер компанияларына сіздердің әлдеріңіз келмегендіктен де бар жағдай, сіздер условие қойыңыздар оларға, Жылыой адамдарын алсын жұмысқа.</p> <p>2) Петроконсул оқытып жатыр, адамдарға сертификат беріп жатыр, сондай жоба бар деп жергілікті Жылыой тұрғындарына неге айтпайсыздар? Халық білмейді, сол жобаны, халықтың сауатын ашу керексіздер, түсіндіру керексіздер. Әйел адам ер адамдарға жобаларыңды алып келіндер қолдау көрсетіп, соған біз қаражат беріп, сіздердің бизнестеріңізге үлесімізді қосамыз деп оны неге түсіндіріп айтпайсыздар. Тал егетін адамға сізге жоба қылып алып баруға болады, неге сол адамға осындай жоба бар соған қатысыңыз деп неге айтпадыңыздар? Неге шектеу уақыт қоясыздар жобаға? Жылыой халқының жобаларына шектеу қоймаңыздар. Әйел адам, ер адамдар апарған жобаларға қолдау көрсетіңіздер. Қандай тақырып болмасын мына жерде халық келіп қандай мұң мұқтажын айтады, айқайлап айтама, жан айқайын айтама, Ермек мырза сізге айтам, халықтың жан айқайын, мұң-мұқтажын сіз соны тыңдау үшін халықтың мұң-мұқтажын атқару үшін мына жерде сол халықтың игілігіне жұмыс жасау үшін жүрсіздер. Әкімшілік соны ұмытпаңыз, есіңізден шығармаңыз. ТШО рұқсатын алу үшін бірінші жергілікті халықтың мұқтажын шешу керек, содан кейін рұқсат қою керек.</p>	<p>1-сұраққа жауап Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Капремонт тамыздың аяғында басталды, қыркүйекте бітті. 36 күнге созылған капремонт, соңғы 5 жылда жасалған ең үлкен капремонт. Ең үлкен капремонт дегеннің өзінде бір айда 4800 адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде Жылыойдың тұрғындары да бар. Ол капремонтқа мердігер компаниялармен тендрге түсіп, әрқайсысы өзінің объемдарын ұтып алады, сол объема бойынша қызмет жасайтын жұмысшыларды іріктеп шығарып, ол жерде Тенгизда жұмыс жасайтын подрядный компаниялар өздерінің адамдарын алып, жаңадан жұмысқа алғандары да бар, бұрынғы жүрген адамдарын салған да бар.</p> <p>2-сұраққа жауап Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Петроконсул тек бизнеске оқытып жатыр, сен де Мейрамбай 2 күн оқыған екенсің. Ал Рустемдікі тал егу, ол бизнес емес, тал егу ол әлеуметтік жоба. Ол үшін сен Қазақстандық қамтуға бар, бизнеске жобаңды тапсыр. Осы жерде Қазақстандық қамтудың азаматтармыз бар. Несиелеу жөнінде жоба жасақталып жатыр, іске асқаннан кейін, толық қорытындысы жеткеннен кейін, қаржыландыру басталады. Өзіміздің жергілікті тұрғындарымызды қаржыландырады. Сол кезде өзіңіздің бизнес жобаларыңызды дайындап, тапсырып, өздеріңіздің жұмыстарыңды бастауға болады. Осы ғимараттың екінші этажында Қазақстандық қамтудың 3 азаматымыз бар, біз ешқандай жобаны қабылдағанда жоқпыз, қайтарған да жоқпыз.</p> <p>Асқар Ибрагимов, қазақстандық қамту бөлімі, «Теңізшевройл» ЖШС: Біз 4-ші қыркүйек күні келісімшартқа қол қолдық. Дайындық жұмыстары жүріп жатыр, қазан айында бастаймыз. Біз тек арақ-шарап, ойын-сауыққа бермейміз, бірақ негізі кез келген кәсіпке бере береміз. Бізде шектеу</p>	<p>Сұрақтар жабылды.</p>

<p>3) Қара бала, мына жоба өту үшін халықтың рұқсаты болу үшін біздің айтқан ұсыныстарымызды, полигонда тұрған Жылыой халқын Эко қала салып көшіресіздер ма? Біздің айтып отырған ұсыныстарымызды қолдайсыз ба, қолдамайсыз ба? Халықтың жағдайын, мұң-мұқтажын, ұсыныстарын Сіз шешіп бересіз ба, шешіп бермейсіз ба? Әлде мына қоғамдық тыңдау келесіге отложить етемізба, келесіге қалдырамызба? Халықтың мұқтажы шешіле ма, шешілмей ма?</p> <p>4) Сіз айтасыз ТШО-дан қаражат бөлініп жатыр деп, енді сол Әкімшілікке неге айтпайсыз, ТШО-дан миллиондап бюджетке қаражат беріп жатыр, сол қайда деп? Құлсарының халқы бізді жеп бара жатыр, сұрап жатыр, сұрамайсыз ба? Құлсарының жолы мынау, қаласы мынау деп неге сұрамайсыздар, бәрін көріп жүрсіз.</p>	<p>жоқ, 3 этап болады, 1-ші этаптан өте алмасаңыз, 2-ші этап, 3-ші этаптары бар. Ағаш жөнінде айта кетейін, ол социальный проект. Менің ойынша акимат егіп отырған ағаштарға тендрге қатысуға болатын сияқты. Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Бұл жоба бойынша арнайы келеміз, презентация айтылады.</p> <p>3-сұраққа жауап Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Мейрамбайдың тағы бір сұрағы, Құлсарыда Эко қала салына ма деп жатыр. Құлсарыға бір өзгеріс керек. Райса апамыз айтады ғой, Астана, Алматы, Түркістанды салыңдар деп, енді Эко қала Құлсарыны неге салмайсыңдар деп, бірақ Үкімет салады бюджеттен. Біз бюджетке қаражатын бөліп отырмыз. Аз да болса, көптей көресіздер, біз қарамастан аурухана, стадион, ауылдық жерлерге бала бақша, мектеп, Құрсайды абаттандыру, парктерді салу жұмыстары жүргізілді. Қосымша микрорайондағы парк салу жоспарда, Достықтан 10 есе көп шығар.</p> <p>4-сұраққа жауап Әсет Құрманбаев, заң бөлімінің басшысы, «Теңізшевройл» ЖШС: Теңізшевройл компаниясының әріптестерім, өзіммен бірге қоса алғанда ешқайсысымызда тек жұмысымды атқарып, айлығымды алып, айқайды естіп, құжаттардың бәрі қойылады, мұнай табылады деген оймен келіп отырған жоқпыз. Сіздердің осы жан айқайларыңызды тыңдап, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару керекпіз, өйткені біз бір-бірімізбен ырылдасып, қырғидай тиіп жүре берсек, ТШО-ның тапқан табысын осы әлеуметке қолданатын, мемлекетке жақсартатындай, қолдануымыз керек. Ол үшін бір-бірімізбен түсіністікпен жұмыс істеу, ауызбіршілік керек, бір-бірімізді адамгершілікпен тыңдауымыз керек. Жаңа айтқан ұсыныстарыңызды орындалатынын орындатып, орындалмайтынын ашықпен келмейтінін айтып. Жаңа әріптесіп Нурадин парк жайлы айтты, сол паркке ағаштарымызды егейік, сол жерде млн болмаса да, қаншама мың тал еге аламыз, бір-бірімізді сол талды екеннен кейін суарып, бірге жауапкершілікпен қарайық.</p> <p>Құлсары қаласының тұрғындары, Жылыойдың азаматтары, азаматшалары, бәріміз бірге отырып, ТШО сіздерге жау емес, сіздер ТШО-ға жау емессіздер, бәріміз дәл осылай жұмыс жасайық. Акимат та жау емес. Бәріміз бірге жұмыс жасасақ болады. Мысалы ТШО-дан шешетін адам керек деп, ТШО-ның системасы қазақ компаниялары сияқты емес, компанияда ішкі ережелер бар. Ұсыныстарыңызды консультативті кеңес бар, ол жерде қоғамдық белсенділер бар, сол қоғамдық белсенділер осы күнге дейін Кевин Лайонмен өткен жылы сәуір айында екеуміз келген кезде халықтың жан айқайын тыңдадық. Сол кезде Кевин Лайон былай</p>	
---	---	--

айтты, Әсет, мына Жылыойлықтарға жақсы көңіл бөлейікші, осы жылдан бері жасамаған жақсылығымыз аз деп айтпаймын, өйткені мына списокты дайындап алып келдім, өткенде Қанат маған список керек деп айтқан еді, міне бонус қоры Жылыойға жасалған 2000-шы жылдан бері қаншама проектилер көрсетілген, осыны белсенді апаларымызға береміз. Қалада жолдарды жөндеу, канал құрылысы, кәріс, 2000-ші жылдардан бері бойлер тағы да басқалары бар. Сәуір айынан келгеннен бері дымдада жасамай жатыр дейді, оның да списогы бар, өзім қолыммен жазып, белсенділердің 34 сұрағы болған, 16 сұраққа ауызша жауап берілген, 18 сұраққа ресми хат арқылы жауап берілген. Оның ішінде балаларға арналған бағдарлама, әлеуметтік, инфрақұрылымдық, денсаулық, білім беру, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы бағдарламалар, айта өтсек, білім беру, денсаулық сақтау, баласы жоқ 25 жұпқа Эко арқылы ұрықтандыруды көмектестірген, мамыр-маусым айларында орта мектеп оқушылары мен колледж студенттері ТШО өндірістік қызметтеріне барды, практикаға барып келді. Жылыойдың 60 баласы өткен жылы КБТУ-ға лагерьге барып келді, STEAM деген халықаралық бағдарламаларда, Сингапурда 180 мемлекеттен қатуысымен өтетін неше түрлі бағдарламалар жасалды. 50 зейнеткерді шипажайға жолдады, бұл тек Кевин Лайонның өткеннен бері уәдесінен кейін қоғамдық кеңес кезіндегі белсенділердің айтқан шаруалары. Жанар апа айтып отыр келіпдік беріңдер деп, ол кісі де белсенді, осыны жасаңдар деді, біз жасап келе жатырмыз. 6 мектепте ашық сабақтары өткізілді, Игілік бағдарламасының мүмкіндіктері кеңейтіліп, пайызсыз несие туралы да айтылып кетті. Сонымен қатар инватакси, коммуналды автокөліктер, 10 Жылыоймұнайгаз технологиялық колледжіне 10 ноутбук, 10 айпад, Жылыой колледжіне 50 ноутбук, малға тағылатын шағылысатын лентаға дейін, Құлсары ардагерлер қоғамына 2 компьютер және түрлі жабдықтар, Құлсары гумманитарлы техникалық колледжіне 50 ноутбук және монитор, Жылыой білім беруіне 100 ноутбук, Жылыой жастар ресурстары орталығына 105 ноутбук, Жем және Құрсай өзендерінің бөгеттерін қалпына келтіруіне 90 мың АҚШ доллары, 2022-2023 жылдары 2 рет көмек көрсетілді, Жаңақаратон, Қосшағыл, Құлсары мекендерінің кірме жолдары мен ішкі жолдарын қардан тазалауға мүмкіндік көрсетті. Бұл Игілікпен жасалған шаралар, список белсенділерге беріледі. Бәріміз да бір-бірімізбен жұмыс жасауымыз керекпіз. 33 проектині бүгін көрсеттік, 33-нің ішінде минимум 33 адам жұмысқа тұрады деген сөз. Оның ішінде қаншама жүздеген, мыңдаған адамдардың жұмыстары тұр. Бауырымыз айтып кетті Құлсарылықтарды, Жылыойлықтарды жұмысқа неге алуды міндеттемейсіңдер деп. ТШО-да Заңның күші болатын болса, Жылыойлықтарды міндеттейтін болса, Құлсары ситиді салып,

		осындай құзіретінде мүмкіндігінде болса, жасар еді.	
14	<p>Шаукиров Ибрагим, Құлсары қаласының тұрғыны: Эко қала деген қайдан шыққанын айтайын ба? 1993 жылғы контрактіде осы Дүйсенбай деген үлкен кісі бар, 70-тен кеткен, 1990-1991 жылдары ең бірінші договорға отырып келгенде, 1991-1992-де ең бірінші проектсін таныстырған екен. Сол кезде Құлсарының қандай болатыны туралы бәрі жазылған екен. Құлсарыдан бастап Тенгизге дейін метро болатын болған. Шевронның мойнына алған міндетін орындаса деген екенбіз.</p>	Ұсыныстар ескерілді	Ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).
15	<p>Шаукиров Ибрагим, Құлсары қаласының тұрғыны: Жаңа сіз 120 мекеме келеді дедіңіз ғой, біздер Акиматқа, Ароновқа хат жазғанбыз, сол хатта 4 басты сұрақ бар, сол сұрақтарға жауап бере алатын тұлғалары келсінші деген өтініш білдіргім келеді.</p> <p>Мейрамбай Сабырұлы - Азаматтық қоғам өкілі, Құлсары тұрғыны: Сіз жаңа айттыңыз, біз заң жүзінде талап ете алмаймыз, «частный» мекемеге сөзіміз жүрмейді дедіңіз, ТШО подрядчик мекемеге миллиондап ақша аударып отырып, оларға өз сөзін жүргізе алмаса, бүкіл подрядчик мекемені жауып тастасын да, барлық адамды ТШО қызметкері етіп алсын, сол кезде заң жүзінде ТШО-ның сөзі жүреді. Депутат, әкімдердің кіргізген частный подрядчиктерін босатындар, ТШО-ға алындар, сонда сіздердің сөздерің жүреді. Бүкіл Тенгиз ТШО болсын, неге сендер миллиондап мердігерлерге төлейсіңдер. Халыққа сылтауларыңды айта бермеңдер. Мердігер компаниялардың барлығын шығарып тастаңдар. Сол кезде ТШО-ның сөзі законно жүреді.</p>	<p>Әсет Құрманбаев, заң бөлімінің басшысы, «Теңізшевройл» ЖШС: Біз міндетті түрде талап қоямыз. Контрактінің өзінде де талап бар. Бірақ заңды талапқа қоя алмаймыз, біз рекомендация ғана бере аламыз. Заңгер ретінде жұмыссыздық мәселесін де айта кетейін, қазан айында үлкен форум болады, 120 компанияның өкілдері қатысады, ҚР заңы бойынша жұмысқа алғанда ешқандай дискриминация болмау керек, сондықтан біз заң бойынша талап ете алмағанмен, ұсыныс ретінде біз барлығына айтамыз, Жылыой ауданын жұмыспен қамтамасыз етуге бірінші приоритет беру керек екендігін әрқашан ескеріп отырамыз. Сол форумда тағы да айтамыз, әкімшілік қолдасын, олда қаражат. Жақсы, өтінішіңіз қабылданды.</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Акимат, мекеме деп бөлінбей, бірге шешейік ортақ мәселені.</p> <p>Әсет Құрманбаев, заң бөлімінің басшысы, «Теңізшевройл» ЖШС: Заң бойынша дискриминация жасауға болмайтынын айттым, ТШО заңға сай жұмысын жасайтын мекеме, ТШО бүкіл Тенгизді басып ала алмайды, бұл заңға қайшы келеді. Заңда егер шектеулер тұрса, неге сіздер біздерді қинайсыздар. Қазір бүкіл мердігер компанияларды шығарып тастап, тек қана ТШО қалса, ТШО Құлсары халқының бәрін жұмысқа алады деп ойлайсыздар ма? Бәріне бірдей әділ мүмкіндік жасау керек.</p>	Сұрақтар жабылды. Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).
16	<p>Сұлтанбаева Ләйла Убайдуллақызы, «Ой сана» психологтар қоғамдық бірлестігінің басшысы: НПО өкілімін, бірақ біз Үкіметтік емеспіз, акиматтан емеспіз. Жаңа бір бала өз бетімше ағаш егемін деп еді, соған байланысты айтқым келеді. Біз үкімет тарапынан да, жеке меншік ірі ұйымдар тарапынан да әр түрлі грантқа қатысып, қаражат алып, жергілікті халықты дамыту бойынша әр түрлі жобалар ұйымдастырамыз. Мысалы биыл инклюзивті білімді дамыту аясында ерекше балдарға қолдау көрсету жобасын іске асырдық. Сол бала біз сияқты НПО ашып, өз идеяларын іске асыруына болады. Иә, үлкен тендерлерге қатысуға мүмкіншілік бола бермейді, бірақ бізде еңбекқор және энтузиазмы бар жастар болса, мен сол бойынша кеңес бере аламын. Бірақ абай болсын, қазір НПО-мыз деп, ақша, қаражат жинауға көмектесеміз дейтін мошениктер де бар екен. Біз тегін кеңес береміз. Біз Рахатта, 3-кабинеттеміз. Тыңдағаныңызға рақмет.</p>	Ұсыныстар ескерілді	Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).
17	<p>Байгөршинов Самат, Жылыой ауданының тұрғыны: Тағы бір сұрақ бар, менің атым Самат. Сұрағым көгалдандыру мәселесімен. Мен өз еркіммен тал еге</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Сіз өз</p>	Сұрақ жабылды (Қоғамдық тыңдаудың

	<p>аламын ба? Қайда еге аламын? Екі үйдің арасында бос жер бар.</p> <p>Мен аудан әкіміне де, қала ауданына да хат та жаздым, кабинетіне де барып арыздандым. Екі жақтан да қолдау болмады, өйткені олардың халыққа жаны ашымайды, еккен талдарын көрдіңіздер, шіріп-қурап қалды.</p> <p>Мен талды өзім үшін еккім келеді, менің қызымның бір көзі көрмей қалды, ол осы экологияның нашарлығынан болды. Бос тұрған жерге неге мен тал еге алмаймын, неге кедергі болады. Маған асфальттың бойынан жер берді. Өзің суын, тоғын тап, сен ғой егемін деп отырған деді. Маған жер керек, су керек электр тоқ керек, соңғы технология бойынша «капельное орошениимен» суаруым керек.</p>	<p>қаражатыңызға еккіңіз келе ме? Өлде қаражат керек па?</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Ол біреудің жері ғой онда.</p> <p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Самат, бізде қоғамдық кеңестер деген жоба бар, сол ұйымға жобаңызды рәсімдеп тапсырыңыз. Осында сол жоба бойынша көмектесетін өкілдер бар, сізге көмектеседі, қаржысын бөледі. Сол қоғамдық кеңестер бойынша қаражат та бөлінеді, қолдау да көрсетеді.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Егер сіз жер керек десеңіз, парктің ішіне де отырғызады, рұқсат беріледі.</p>	<p>тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
18	<p>Жазбаша сұрақ (Құлсары тұрғындары: Утегенова Б., Сенгалиева Қ., Сасаев Н., Есеналиев Т., Сакиева Г., Шәнен Г.):</p> <p>ТШО тыңдалымына байланысты халықтың қоятын талабы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Теңіз бен Құлсары ортасына миллион тал егу. Егерде ол жерде су шықпайды десеңіздер Атыраудағы гидрогеолог маманды шақыртып зерттеулеріңізді сұраймыз. Қай жерден су шығатынын айтып береді. 2. Жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында адамдарды сол жерге тал егуге және оны баптауға жұмысқа алуыңызды сұраймыз. 3. Егілетін талдардың ішінде қара тал емес, адам денсаулығына пайдалы жеміс-жидек талын егуді сұраймыз. 4. Экологиямызды зерттейтін, қадағалайтын аппараттардан шыққан мәліметтерді айына 5-6 рет көрсетіп отыруыңызды сұраймыз. 5. Жылыой ауданындағы адамдардың 50% Тенгизге жұмысқа алуыңызды сұраймыз. 6. Құлсары сити салынсын 	<p>Ұсыныстар ескерілді</p>	<p>Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>
19	<p>Жазбаша сұрақ, Данисов Руслан: Менің есімім Данисов Руслан 15 қыркүйек күні жиналыста жазған қағазға сұрағымға жауап келмеді. Өтініш менің шаруамды шешіп беруіңіз сұралады.</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Көгалдандыру бойынша бойынша қойған ұсынысы ғой, біз оған жауап бердік. Сұрағы қосымша хаттамаға түсіп, экологияға қатысы жоқ мәселе ретінде беріледі.</p>	<p>Сұрақ Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді.</p>
20	<p>Жазбаша сұрақ, Тегісбаев Иван:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Полигон жерден топырақ алған ТШО мекемелері сарықамыс жағындағы пайдаланған жерлерді тегістеп кетуі керек. 2. Құлсары қаласына бөлек КОС салу керек, суды қайта өңдеу үшін. Сосын тал отырғызу. Жақсы жолға қойылар еді, төрт қатардан ексе. 3. Бақашы бөгетінен бері қарай жағалауды жасау керек. 4. Атырау облысында 5 өзен бар, осы өзендердің арнасын ашса. 	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: 1.Қай тұс, кімнің алған топырағы, ол жерде басқа да мекемелер бар, Ембімұнайгаз бар. Оны қосымша сұрау керек болады.</p> <p>2. КОС салу бойынша аудан әкімі Жұмабек Қаражанов өзі КОС-ты жобалау сметалары жасалып жатыр, бюджеттен қаражат қаралып, өзіміз саламыз деді. Ұсыныс айтылды.</p> <p>3. Біздер осыдан 5-6 жыл бұрын бастап Бақашыға шлюз қойылды, тереңдету жұмыстары жүргізілді. Бақашы қазір Құлсары қаласынан 16 метр биіктікте тұр, бері қарай өз сарқынымен ағады негізі, алайда тереңдету жұмыстарын ауданның әкімдігі тағы да қолдап бізге Игілік бағдарламасына кіргізетін</p>	<p>Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).</p>

		болса, біз оны тағы да жасап беруге дайынбыз. 4. Бірінші өзіміздің шаруамызды реттеген дұрыс па деп ойлаймын, Бақашыны ашып, соны тереңдетіп, Қамыскөлді дұрыстап алсақ, келісеміз ғой оған.	
21	Жазбаша сұрақ, Қазанова Қалатай: Экологияны жақсарту мақсатында 1 млн ағаш егуді талап етеміз. Жылыой ауданы территориясында. Шығарып жатқан газдың зардабынан шөптер өспей жатыр, аурулар саны көбеюде. Ағашты көптеп өсіруді талап етеміз. Ағаш егілмей Құлсары қаласының ауасы тазармайды.	Ұсыныстар ескерілді	Ұсыныс ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).
22	Жазбаша сұрақ, Ержанов Серікқали: 1. Барлау-бұрғылау ардагерлер саябағы 2. Музей, кеңсе, кітап шығару 3. Тікелей демеушілік көрсету	Ұсыныстар ескерілді	Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).
23	Жазбаша арыз, Қосшағыл тұрғындары атынан, арыз жазған Шәнен Гүлжан Мағұрыпқызы: ТШО бас директоры Кевин Лайонға Біздердің талабымыз Тенгиз бен Құлсары жолының екі бетіне 1 000 000 тал отырғызып өсіріп беруіңізді сұраймыз. Біздердің жұтып отырған ауамызды ластап жатырсыздар, жерімізді ластап жатырсыздар. Астындағы мұнайды, газды есепсіз сорып жатырсыздар. 30 жылда бір тал еккен жоқсыздар. Халық түгелдей ауру, өмірге ерекше балдар келіп жатыр. Жастарымыз бедеу. Онкология ауруы өршіп тұр. Ұйқыдан тұрмай қалу көбейіп кетті. Экологияны қалпына келтіру үшін 1 000 000 тал егулеріңізді сұраймыз. Қосшағыл ауыл тұрғындары атынан 4000 халықтың атынан.	Ұсыныстар ескерілді	Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).
24	Гүлфайруз, Жылыой ауданы тұрғыны: Менің атым Гүлфайруз, мен Жылыой ауданының тұрғынымын, қоғамдық тыңдауларға қатысып жүрмін. Мен Тұрғызба ауылында 37 жыл тұрдым, сол жылдарда ешкім ауылда ештеңе салған жоқ. ТШО-ның Игілік бағдарламасы бойынша соңғы 2 жылда ФОК пен балабақша, мәдениет үйі салынды, дем алатын орындар да салынды. 6 ойын алаңы салынды. Біз жаңа ТШО-ға жала жауып отырмыз ғой, бірақ ТШО барынша қаражат та бөліп, қолдау көрсетіп отыр, Игілік жобасы бойынша. Менің айтарым, жаңа айтылған халықтың жан айқайын естіп отырмын, экологиядан дейді. Ол Қазақстанның барлық аумағында бар, экологияға қарап тұрған ештеңесі жоқ. Жалпы онкология деген нәрсе адамның өзінің жеке басына байланысты.	Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: Мәдениет үйі Үкімент ақшасына салынып жатыр, Игілікпен емес. Біз барлық ұсыныстарды тындаймыз. Жақсы, Рахмет.	Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).
25	Нұрмағамбетова Бақтыгүл Ахметовна, мектеп психологы: Менің атым Бақтыгүл, мектеп психолог болып жасаймын. Біз бәрін көріп-біліп отырмыз. Өзіңіз де естіп жүрсіңдер, Құлсарыда ештеңе жоқ. Құлсарыда балдар төбелеседі. Неге төбелеседі, неге, өйткені, оларды қызықтыратын занятиесі жоқ, бірденмен айналысатын жоқ, дамымайды олар. Ия, қоғамдық кеңестер бар, бірақ ол жерде бизнес планмен барсаң, сендер не то, что Құлсары, Жылыой бойынша емес, Атырауда жоқ бизнес идея әкеліңіз. И то, оны қабылдай ма, қабылдамай ма, біз жауап бере алмаймыз. Неге біз балаларымызды ТШО сияқты керемет мекеменің жұмысын көрсетіп, көзін ашып, Теңіз кен орнының қалашығының жұмысын көрсетіп,	Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Ия бар ғой ондай жоба, несие беріледі. Келіңіз хабарласыңыз, сөйлесейік. Бұл сұрақтың барлығын келесі кездесуге қоясыз ба?	Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).

	балаларды таныстырып, экскурсия жасап, балалармен офлайн жұмыс жүргізуге жағдай жасамаймыз?		
26	<p>Жылыой ауданы Құлсары қаласы Жадырасын ықшам ауданының тұрғыны: Еуразия қоры арқылы екі жылдан бері Жадырасын ауылында екі күшті жоба салдым, 22 мен 23-тін жобасын. Содан басқа ештеңе жооқ Жадырасында. Балалар футбол алаңың сұрайды. Үлкендеу етіп салайын деп едік, бірақ береын ақшасы азғандай. Еуразия қоры арқылы 4 млн тенге бөлінді, ол ақшаға футбол алаңың салуға қаражат жетпейді. Еуразия қоры арқылы балар алаңың қаражатың бөлек берсе балалар және футбол алаңы ірі жоба болса, Еуразия қоры арқылы қаражат бөлек сумма шығарса. Екі жоба ретінде.</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Ақылдасайық оны, ойланайық. Ұсынысыңыз қабылданды.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: басқалардың уақытын алмай қояйық.</p>	Ұсыныстар ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).
27	<p>Мейрамбай Сабырұлы, Құлсары тұрғыны: Экологиялық жағдайды реттеуді сұрайды.</p>	Ұсынысы қарастырылатындығы айтылды.	Ұсыныс ескерілді.
28	<p>Қоныс Курбенов, Құлсары қаласының тұрғыны, зейнеткер: ТШО-ға өткізіп жіберген. Мейрамбайдың сөзі протоколға енгізілді ма. Мен мердігер компаниясында свалкада жасадым. Соны ТШОа өткізіп жіберді. Мен қазір социальный пакет алып тұрмын, пенсиядамын. Жалпы, мердігер мекемелерде соң пакет жоқ, адамдарды қоғайтын ештеңе жоқ. Ертең бәрі бос қалады. ТШОға бәрін аударсын деген Мейрамбайды қолдап тұрмын. ТШОның соң пакеті адамның әрі өмір сүруіне үлкен мүмкіншілік береді. Осыны ойластырындар</p>	<p>Өмірбаев Нұрадин, Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС: Қабылданды.</p> <p>Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы: . Құрметті жұртшылық ұсыныстарыңыз хаттамаға еңгізіледі. Заңнамада қоғамдық тындаудың өтпеуіне тек қана бір негізі бар – егерде ешкім қатыспаса, мүдделі жұршылық болмаса. Қалған жағдайларда, бүкіл ұсыныстарыңыз жиналады да хаттамаға еңгізіледі. Біз Комитетке жіберіміз, әрі қарай ұсыныстарыңыз жобаға сәйкес тексереді. 23-ші тармақа сай өтпеді деп тани алмаймыз, себебу жұршылық толықтай жиналды. Ұсыныстарын хаттамаға енгізіледі, заңның талабы солай. Ашық деген сұрақтарды, ашық деп көрсетіледі.</p>	Ұсыныс ескерілді (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына сәйкес келмейді).

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 23193123001, Дата: 31/07/2023

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории:

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: не применимо

Предмет общественных слушаний: Материалы государственной экологической экспертизы для получения экологического разрешения на воздействие ТШО на 2024 год, в т.ч.: Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу; Проект нормативов допустимых сбросов загрязняющих веществ, отводимых со сточными водами; Проект нормативов размещения серы в открытом виде на серных картах; Программа управления отходами; План мероприятий по охране окружающей среды; Програмама производственного экологического контроля; Проекты намечаемой деятельности с Разделами "Охрана окружающей среды"

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Атырауская область, Жылыойский район, г. Кульсары, проспект Махамбета, 37 (Дом Культуры) / онлайн, посредством приложения Zoom по ссылке <https://us02web.zoom.us/j/83809187245?pwd=cDBadVVScjNMbFdZYlVKWHBrMWcyUT09> Идентификатор конференции: 838 0918 7245 Код доступа: 112066. 2. В соответствии с п.31 Главы 2 Правил проведения ОС, Общественные слушания будут проведены только в онлайн режиме в случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий., 15/09/2023 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (110 км).

Жұмыс көлемі 55-ші топтық өлшеуіш қондырғысының өнімдік және сынақ қойнауқаттарын кеңейту әдісі арқылы алаңды дайындау және ұңғымаларды салуды, кейін оларды 55-ші топтық өлешеуіштерге қосуды қамтиды.

21-слайд «Т-14НТ ұңғымасына алаң дайындау және аяқтау» жобасының 2-ші кезегі

Бұл жоба құбырды сорғы станциясына қосуды қамтиды.

Құрылыс жұмыстарының көлеміне құбыр жасап, оны Т-14НТ ұңғымасының сағалық арматурасына қосу, сорғы станциясынан алаңға дейін құбыр тарту, іргетастарды, тіректерді және қоршауларды салу кіреді.

Жалпы, қоршаған ортаға әсерді бағалау, қоршаған ортаны қорғау шараларын сақтаған жағдайда, жоспарланған жобалардың салдары елеусіз болатынын көрсетті.

Енді ұңғымаларды (скважина) жою және бұрғылау жобаларына көшейік

23-слайд Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз кен орнындағы Т-0114 және К-0015 ұңғымаларын жою жобалары

Слайдта 2024 жылға жоспарланған 2 ұңғыманы жою жобасы туралы ақпарат берілген.

Жобалар ұңғымаларды пайдаланудың тоқтатылуына байланысты қоршаған ортаға теріс әсерді жоюға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталғандықтан іске асыруға ұсынылады.

24-слайд Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Теңіз кен орнында Т-14NT, Т-4662, Т-6660, Т-6347, Т-6549, Т-5949, Т-6345, Т-6351, Т-5147, Т-5341, Т-5343, Т-5543 және Т-5547 өндіруші ұңғымаларын бұрғылаудың техникалық жобалары.

Бұл слайдта бұрғылануы 2024 жылға жоспарланған 13 ұңғыманы бұрғылау жобалары туралы ақпарат берілген.

Бұл жұмыстар Теңіз кен орнының Нақтыланған техникалық схемасының жобалық шешімдерін орындау мақсатында жоспарланған.

Ұңғымаларды бұрғылау және жою кезінде атмосфералық ауаға әсердің негізгі көздері дизельдік генераторлар болады.

Техникалық қажеттіліктерге әкелінген су пайдаланылады. Пайдаланылғаннан кейін су тазартылуға жіберіледі.

Ұңғымаларды бұрғылау кезінде бұрғылау қалдықтары түзіледі, олар ТШО-ның шламды тазарту нысанына әкетіледі.

Жалпы, әсерді бағалау нәтижесі бойынша, қоршаған ортаны қорғау шараларын орындай отыра, жоспарланып отырған жобалардың салдары елеусіз болатынын көрсетті.

Келесілер жаңғырту жобалары

26-слайд Вахталық қалашықтың, ТШО және Өркен қалашықтарының ауыз су құбырына арналған SCADA жүйесін орнату жобасы туралы ақпарат

Бұл жобаның мақсаты – Вахталық қалашық пен ТШО қалашығы үшін суды есепке алу тораптарында ауыз су шығынын қашықтан есепке алу мүмкіндігін талдау, анықтау және оңтайлы нұсқасын таңдау. Вахталық қалашық, ПТШО және Өркен қалашығының алаңдарында SCADA жүйесі арқылы бақылау-өлшеу аспаптарынан деректерді ТШО-ның «Магистральды су құбыры» оператор жүйесіне жіберу үшін қолданыстағы құдықтардың ауыз су желілерінде шығын өлшегіштер орнатылады.

27-слайд Ескі қазандықтың мұржасын жөндеу

Мұржаны жөндеу бойынша келесі жоба мұржаның бетон конструкцияларының ыдырау мен құлау қаупін болдырмауға және ескі қазандықта жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

28-слайд Сарқын су айдау жүйесінің жерүсті жабдықтарын жаңғырту

Жобаның мақсаты – Келешек Кеңею Жобасы іске қосылғаннан кейін тәулігіне 8500 м³ өткізу қабілеті бар жүйенің қауіпсіз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету.

Жұмыс көлеміне қолданыстағы бустерлік сорғыларды ауыстыру, жаңа қосалқы айдау сорғысын, сарқын суды айдау тұрақтылығын қамтамасыз ету және биологиялық организмдердің өсуін бақылау үшін биоцидті мөлшерлеудің жаңа қондырғыларын орнату және сағалық құбырдағы қысаң жерлерді жою кіреді.

29-слайд КТЖ-да ауа жүйесін жаңғырту. КТЖ-1

Келесі КТЖ-да ауа жүйесін жаңғырту жобасы ауа жүйесінің сенімділігін арттыруға және сығылған ауаның үздіксіз берілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Компрессорлық бөлмеде 3 жаңа төмен қысымды ауа компрессоры мен 2 ауа кептіргіш қондырғысын орнату қарастырылған.

30-слайд ТШО қалашығын жылумен жабдықтау желілерін ауыстыру

Осы Жоба бойынша құбырды қатар төсеу және кейіннен ескі желіні демонтаждау арқылы құбырларды ауыстыру жүзеге асырылады. Жоба жүзеге асқаннан кейін ТШО қалашығында алдағы 20 жылда сенімді жұмыс істейтін жылу жүйесі болады.

31-слайд ТШО қалашығының тұрғын үй блоктарын жаңғырту

Тұрғын ғимараттарды жаңғырту жобасы қызметкерлердің қалашықта тұру жағдайын жақсарту үшін қолданыстағы тұрғын ғимараттарды жөндеуді көздейді.

Жалпы, әсерді бағалау нәтижесі бойынша, қоршаған ортаны қорғау шараларын орындай отыра, жоспарланып отырған жобалардың салдары елеусіз болатынын көрсетті.

32-слайд Ғимараттарды демонтаждау бағдарламасы. Өндіріс объектілердің жабдықтарын демонтаждау бағдарламасы. Уақытша ғимараттар мен құрылыстарды демонтаждау.

Келесі үш жоба бойынша ТШО пайдаланудан шығарылған немесе шығарылатын бірқатар ғимараттар мен құрылыстарды анықтады.

Бұл ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеуге, сондай-ақ өндірістік нысандарды жабдықтауға арналған бағдарламалар.

Жұмыс көлеміне сәйкес МСП-да орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды, коммуникацияларды бұзу және кейіннен осы аумақта екінші буын зауытының нысандарын салу үшін жоспарлануда. ККЖ жобасының уақытша ғимараттары мен

құрылыстарын демонтаждау, нысандар мен мен құрылыстарды, соның ішінде ғимараттарды, қоршауларды, инженерлік желілерді, кірме жолдарын және т.б. бұзу және демонтаждау.

33-слайд Атырау облысы, Жылыой ауданы, Теңіз кен орны аумағында орналасқан мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған 31 учаскені қалпына келтіру жобасы.

Жобалар бойынша қорытынды слайд қалпына келтірілуі қажет бүлінген жерлерді қалпына келтіруге бағытталған жұмыстар кешеніне арналған. Теңіз кен орны аумағында орналасқан мұнай және мұнай өнімдерін өндіруге пайдаланған 31 учаскені қалпына келтіру (рекультивация) жобасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы нормативтік талаптарға және экологиялық заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы, әсерді бағалау нәтижесі бойынша, қоршаған ортаны қорғау шараларын орындай отыра, жоспарланып отырған жобалардың салдары елеусіз болатынын көрсетті.

Осымен, жоспарланған жобалар туралы есеп аяқталады.

34-слайд Түйіндеме

Осылайша, бүгін 2024-ші жылға арналған экологиялық рұқсат алу үшін сараптамаға жіберілген құжаттама топтамасы қоғамдық талқылауға ұсынылды.

Қарастыруға ұсынылған құжаттама ҚР заңнамасының талаптарына толықтай сәйкес әзірленді.

Экологиялық жобалар бойынша шығарындылар нормативтері компанияның өндірістік жоспарларын іске асыру, соның ішінде Келешек Кеңею Жобасы нысандарын іске қосу үшін жеткілікті ең төмен деңгейде сұралады.

Жоспарлы жұмысқа ұсынылған 33 жоба ағымдағы экономикалық белсенділікті сақтауға және кәсіпорынның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Қабылданған жобалық шешімдер жабдықтың сенімділігін және жұмыс жасап жатқан адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл, компанияның негізгі экологиялық рұқсаты. Оның негізінде Теңіз және Королев кен орындарында ТШО-ның және жұмылдырылған мердігер компанияларының барлық жұмыстары жүреді.

Ол, зауыттардың және басқа да өндіріс орындарының жұмысын қамтамасыз ету үшін қажет.

Демек, мұнай және өнімдер өндіру бойынша өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы үшін 1-ші кезекте тұрған Келешек Кеңею жобасын іске асыру және соның нәтижесінде Қазақстан Республикасының экономикасына салық төлемдерін қамтамасыз ету үшін қажет.

Құрметті қоғамдық тыңдауға қатысушылар, осымен менің баяндамам аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.



ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ

**2024 жылға арналған экологиялық рұқсатты алу үшін
мемлекеттік экологиялық сараптама материалдары бойынша
қоғамдық тыңдау**



Қазақстан, Атырау облысы, Құлсары қ.
2023 жыл 15 қыркүйек



Келесі деректерді **РЕГИСТРАЦИЯ** немесе **ТІРКЕУ** пайдаланушы атына жіберіңіз/

Пожалуйста, отправьте на имя пользователя **РЕГИСТРАЦИЯ** или **ТІРКЕУ** следующие данные:



- АТЫ-ЖӨНІ, ТЕГІ / ФИО **(толтыру міндетті / обязательно к заполнению)**
- ЕЛДІ-МЕКЕН / НАСЕЛЕННЫЙ ПУНКТ **(қалауыңызға қарай/ по желанию)**
- ҰЙЫМ / ОРГАНИЗАЦИЯ **(қалауыңызға қарай/ по желанию)**
- ҚЫЗМЕТ ТҮРІ, ЛАУАЗЫМ / РОД ЗАНЯТИЙ, ДОЛЖНОСТЬ **(қалауыңызға қарай/ по желанию)**
- ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА / ЭЛЕКТРОННАЯ ПОЧТА **(кері байланыс қажет болған жағдайда/при необходимости обратной связи)**
- ТЕЛЕФОН **(кері байланыс қажет болған жағдайда/при необходимости обратной связи)**



Қоғамдық тыңдаудың мақсаты :

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес “Теңізшевройл” ЖШС-не 2024 жылға арналған экологиялық рұқсат алуға өтінім беру үшін экологиялық және жобалық құжаттар пакетін мүдделі жұртшылықпен талқылау.

Қоғамдық тыңдауды өткізу ережелерінің 16 тармағына сәйкес бұл іс-шара бұқаралық ақпарат құралдарында: “Атырау”, “Прикаспийская коммуна”, “Кең Жылыой” газеттерінде, сондай-ақ “Атырау” телеарнасында жарияланған.

Экологиялық және жобалық құжаттар пакеті 10 тамыздан бастап Экопорталда және Атырау облысы әкімдігінің вэб-сайтында қарастыру және ескертулер беру үшін қолжетімді.

Қоғамдық тыңдауды өткізу ережелерінің 25 тармағына сәйкес өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы - ұсынылған Жобаларға қатысты экологиялық мәселелер.





Қоғамдық тыңдау бағдарламасы

15 қыркүйек, 2023 ж., сағ. 11:00

Уақыты	Күн тәртібі	Жауапты тұлға
10:30 – 11:00	Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу	Дана Ақмурзиева – ТШО Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің маманы
11:00 – 11:05	Алғы сөз	Нұрадин Өмірбаев – ТШО Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі
11:05 – 11:10	Онлайн-жиналыстың қатысушыларына арналған ережелер туралы қысқаша хабарландыру (онлайн платформасын пайдалану ережелері, қоғамдық тыңдаудың қатысушыларын тіркеу)	Динара Хайрлина, ТШО мүдделі тараптармен байланыс бөлімінің маманы.
11:10 – 11:20	Қоғамдық тыңдаудың ашылуы Қоғамдық тыңдаудың хатшысын сайлау Қоғамдық тыңдаудың регламентімен танысу	ҚТ Төрағасы – Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы
11:20 – 11:40	«2024 жылға экологиялық әсерге рұқсат алуға арналған мемлекеттік экологиялық сараптама материалдары» баяндамасы	Гүлден Кумарова – ТШО экология бөлімінің аға кеңесшісі
11:50 – 12:50	Баяндаманы талқылау. Сұрақтар мен жауаптар сессиясы	Нұрадин Өмірбаев – ТШО ТШО Үкіметпен және жұртшылықпен байланыс бөлімінің кеңесшісі
12:50 – 13:00	Қоғамдық тыңдаудың қорытындыларын шығару Қоғамдық тыңдауды жабу	ҚТ Төрағасы – Қаженов Ермек Нұрсұлтанұлы, Жылыой ауданы әкімі аппаратының басшысы



Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған «Теңізшевройл» ЖШС-нің экологиялық құжаттамасы

1. Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы;
2. Рұқсат етілетін төгінділер нормативтерінің жобасы;
3. Қалдықтарды басқару бағдарламасы;
4. Күкіртті орналастыру нормативтерінің жобасы;
5. Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары;
6. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы.

2024 жылға ТШО-ның қоршаған ортаға әсер етуіне рұқсат алу үшін 33 жаңа жоба

- Құрылыс жобалары;
- Ұңғымаларды бұрғылау жобалары;
- Жаңғырту жобалары;
- Уақытша салынған ғимраттарды бұзу және жерді қалпына келтіру жобалары.



2024 жылғы “Теңізшевройл” ЖШС нысандары үшін рұқсат етілген атмосфералық шығарындылар нормативтерінің жобасы

Жоба мақсаты – 2024 жылғы ТШО нысандары үшін атмосфералық шығарындылар нормативтерін белгілеу.

Жоба құрамы: шығарындылар көздерін, бизнес серіктестерді қоса, түгендеу; шығарындыларды есептеу, атмосфераның беткі қабатындағы заттардың сейілуін моделін жасақтау; шығарындылар нормативтері бойынша ұсыныстар, шығарындылардың белгіленген нормативтерінің орындалуын бақылау бойынша ұсыныстар.

Енгізілген өзгерістер:

- жұмыс жоспарының жаңартылуын ескере отырып, қолданыстағы шығарындылар шектері түзетілді;
- ККЖ/ҰЕҚБЖ нысандарын іске қосу/реттеу және пайдалануға беру кезінде алауда жағылатын шығарындылар көлемі артқан;
- ұңғымаларды бұрғылау жобалары, нысандарды салу және жаңғырту кезіндегі шығарындыларды қамтиды.



2024 жылға арналған рұқсат етілген атмосфералық шығарындылар нормативтері

Жыл	Барлығы ТШО нысандары, тонна/жылына
2024	151 143

Атмосфералық шығарындыларды азайту шаралары: кәсіпорында экологиялық талаптарға сай заманауи құрылғылар мен технологиялар қолданылады, сонымен қатар жабдықтың қауіпсіз жұмыс істеуі мен сенімділігін арттыруға бағытталған жоспарлы-технологиялық шаралар кешені жүзеге асырылады.



2024 жылғы “Теңізшевройл” ЖШС сарқын сулармен ағызылатын заттардың рұқсат етілген төгінділерінің нормативтер жобасы

Жоба мақсаты: ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес ТШО сарқын сулармен ағызылатын заттардың рұқсат етілген төгінділерінің нормативтерін белгілеу болып табылады.

Жоба құрамы: тұрмыстық және өндірістік сарқын сулардың жиналу және тазарту үрдістерін сипаттау; су тазарту нысандарының тиімділігі туралы жобалық және нақты деректер, суды тұтыну және су тарту есептеулері; жеке өндірістік аймақтар, нысандар және жалпы компания бойынша 2024 жылғы су шаруашылығы теңгерімдері; су шығару орындарының тізімі мен олардың сипаттамалары.

Жоба ТШО нысандарының өндірістік қызметі кезінде пайда болатын өндірістік және тұрмыстық сарқынды сулардың, ТШО қызметкерлері мен Бизнес серіктестердің тұрмысымен қоса санағанда, рұқсат етілген төгінділерінің көлемін ескереді. Сонымен қатар сұралған лимиттерге әсер еткен мұнай өндіруін арттыру және ККЖ нысандарын іске қосу да назарға алынды.



ККЖ объектілерін кезең-кезеңімен іске қосуды ескере отырып, 2024 жылға арналған сарқынды сулармен ағызылатын заттардың рұқсат етілген төгінділерінің нормативтері

Жыл	тонна/жылына
2024	25 762

Ықпалын азайту шаралары: су тазарту нысандарының сенімділігін қамтамасыз ету, нысандарда суды тұрақты басқарудың қосымша мүмкіндіктерін енгізу, қолданыстағы инфрақұрылымды қолдау, орнатылған ұтымды су үнемдеу құрылғыларын бақылау 2024 жылы қалыпты түрде жүргізіле береді.



2024 жылғы “Теңізшевройл” ЖШС нысандары үшін қалдықтарды басқару бағдарламасы

Жоба мақсаты – 2024 жылғы қалдықтардың жиналуы мен көмілу мөлшерін (лимит) белгілеу.

Жоба құрамы: қалдықтардың пайда болу көздері, қалдықтарды басқарудың ағымдағы жүйесі, қалдықтардың жиналуы және көмілу лимиттеріне негіздеме беру, сонымен қатар, бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары.

Бағдарламаны әзірлеу жоспарланған қызмет жобалары үшін лимиттерді алу қажеттілігін ескере отырып жүзеге асырылды.

Енгізілген өзгерістер:

- қалдықтардың түзілу көлемдері және қалдықтарды көму лимиттері азайды, қалдықтардың жинақталуына қосымша лимиттері белгіленді;
- жоспарланған қызмет жобаларыдан пайда болатын қалдықтар көлемі қосылды.

Жобаны іске асыру шаралары:

- қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;
- қалдықтарды қайта өңдеу және қайта пайдалану үлесін арттыру;
- ТШО қалдықтарды пайда болған сәттен бастап толық жойылғанға дейін есепке алу мен бақылауды қамтамасыз ету.



2024 жылға арналған қалдықтарды жинақтау және көму лимиттері

Қалдықтардың жиналу лимиттері	тонна/жылына
Мамандандырылған алаңдар	176 931
Қалдықтарды көму лимиттері	тонна/жылына
Өндірістік қалдықтар полигоны	126 463
Қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны	50 686



“Теңізшевройл” ЖШС арналған 2024 жылғы күкіртті күкірт алаңдарына орналастырудың нормативтер жобасы

Жобаның мақсаты: күкірт көлемін тиімді басқару іс-шаралар кешенін әзірлей отырып, күкірт алаңдарына күкіртті орналастыру лимитін белгілеу.

Жоба құрамы: күкіртті басқару жүйесін сипаттау, күкірттің жиналу көлеміне негіздеме беру, күкіртті орналастыру лимиттері бойынша ұсыныстар, орналастырудың белгіленген лимиттерін орындалуын бақылау бойынша ұсыныстар.

Енгізілетін өзгерістер:

- Жабдыққа техникалық қызмет көрсетудің жаңартылған кестесіне сәйкес Компанияның жоспарларын жаңарту;
- № 4 күкірт алаңын іске қосу;
- 4а аймағының қолданылу мақсатын түйіршіктелген күкірт қоймасына өзгерту.



2024 жылға арналған күкірт карталарында күкіртті орналастыру лимиттері

Жыл	тонна/жылына
2024	471 846

Қоршаған ортаның сапасын бақылау шаралары

- Күкірт тек сыйымдылығы жеткілікті және күкіртті сақтауға қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыратын арнайы жабдықталған алаңдарға ғана орналастырылады.
- Өндірістік экологиялық бақылау аясында ауаның, жер асты суларының және топырақ сынамалары алынып, жүйелі түрде талдау жүргізіледі.



“Теңізшевройл” ЖШС 2024 жылғы өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасы



ТШО ӨЭБ бағдарламасында кешенді мониторинг қамтылады, оның ішінде:

- қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі (шығарындылар, газ мониторингі, төгінділер);
- Әсер ету мониторингі (атмосфера ауасына, жер үсті және жер асты суларына, топыраққа және радиациялық бақылау);
- операциялық мониторинг;
- өндіріс және тұтыну қалдықтары мониторингі;
- ТШО нысандары ішкі аудиті.

ТШО нысандары бойынша ӨЭБ бағдарламасында мыналар анықталады:

- ✓ ластаушы заттар эмиссияларының сандық және сапалық көрсеткіштерінің міндетті тізбесі;
- ✓ өндірістік бақылаудың жиілігі мен ұзақтығы, өлшемдерді жасау жиілігі;
- ✓ ӨЭБ-да қолданылатын аспаптық және есептеу әдістері туралы ақпарат;
- ✓ сынама алу нүктелерінің саны және т.б.;

Мониторинг нәтижесінде алынған мәліметтер мен ТШО-ның өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының орындалуы туралы деректер тоқсандық есептеріне енгізіледі және уәкілетті органға жіберіледі.



2024 жылғы экологиялық іс-шараларның жоспары

Құжаттар пакеті құрамына қойылатын талаптарды орындау аясында мемлекеттік экологиялық сараптамаға бұрын келісілген экологиялық іс-шаралар жоспары ұсынылды (ҚР ЭК 122-бап).

- 2023 және 2024 жылдар аралығында Компания стационарлы шатыры бар Т-22, Т-31, Т-13 сұйыққоймаларындағы ауа қысымы ретінде пайдаланылатын табиғи газды азотқа ауыстыру үшін құрылыс жұмыстарында қарастырылатын Мұнай сақтау паркінде (МСП) эмиссияларды қысқарту жобасын іске асыруды жалғастыруда.
- Іс-шара МСП-дегі Т-22, Т-31, Т-13 сұйыққоймаларынан атмосфералық шығарындыларды шамамен 15%-ға азайтуға мүмкіндік береді, ТШО-ның ресурстарды басқару үрдістері мен қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін жақсартады.
- Қарауға ұсынылған іс-шаралар жоспары үлгіде шығарындыларды немесе төгінділерді азайту әсері бар іс-шаралар ғана көрсетілетін жаңа Ережелерге сәйкес әзірленген. Осы тұста ТШО суды ұтымды пайдалану, абаттандыру, қалдықтарды басқару, аздырылған жерлерді қалпына келтіру, биоәртүрлілікті сақтау және т.б. басқа да бірқатар шараларды жүзеге асыруды жалғастыруда.

Сараптамадан өтетін 33 жоспарланған қызмет жобалары



Құрылыс жобалары

- Өрт сөндіру су құбыры және ескі су құбырын ауыстыру
- КТЖ 700-қондырғы сумен шаю қондырғысы
- ТӨҚ (ГЗУ) манифолдін кеңейту
- Өкімшілік ғимараттар
- Аймақты дайындау және Т-6246 ұңғымасының 1-кезеңінің аяқталуы
- Ұңғымадағы ҚЗБ алаңының салынуы
- КҰА-14-2 ұңғыма құрылысы. Кезек 1.2 / КҰА 14-2 үшін ТӨҚ-55-тің кеңейтілуі
- Т-14NT Алаңды дайындау және аяқтау. 2-кезек



Ұңғымаларды бұрғылау жобалары

- К-0015 және Т-0114 ұңғымаларын жою бойынша **2 жоба**
- Т-14NT айдау ұңғымасын бұрғылау
- Т-4662 өндіруші көлденең ұңғымасын бұрғылау
- Өндіруші бағытталған ұңғымаларды бұрғылау бойынша **10 жоба**
- Т-6660 ұңғымасындағы бүйірлік оқпанды кесу



Жаңғырту жобалары

- ТШОҚ, Өркен қалашығының ауыз су желісі үшін SCADA жүйесін орнату
- Ескі қазандық ғимаратының түтін құбырын жөндеу
- Сарқын су айдау жүйесінің жерүсті жабдықтарын жаңғырту КТЖ-да ауа жүйесін жаңғырту. КТЖ-1
- ТШОҚ жылумен жабдықтау желілерін ауыстыру
- ТШОҚ тұрғын үй блоктарын жаңғырту



Бұзу және жерді қалпына келтіру жобалары

- Уақытша салынған ғимараттар мен құрылыстарды, өндірістік нысандар жабдықтарын демонтаж бойынша **3 жоба**;
- Атырау облысы, Жылыой ауданы, Теңіз кенорны аумағында орналасқан мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған 31 аймақтың топырағын қалпына келтіру.



Өркен қалашығынан ТШОҚ-ға дейін өрт сөндіру су құбырын жүргізу

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>ТШО қалашығының өрт сөндіру жүйесін Өркен қалашығының өрт сөндіру су қоймаларына қосу.</p>	<p>Жұмыс көлемі: Өлшемі 315 мм кері қайта айналу желісі бар екі жерасты өрт сөндіру полиэтилен су құбырын жүргізу.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 1,1т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 0,39 т.• Сарқын сулардың жиналу көлемі: 0,24 мың. м3., Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 ж. (2 ай)</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>«Каспий Инжиниринг» ЖШС</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілерінің, сонымен қатар ТШО-ның ішкі құжаттары мен стандарттарының экологиялық талаптарын сақтау.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс:</p> <p>Жобалық шешімдерде қолданыстағы нормативтік талаптарға және табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға және өңірдің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті технологиялық шешімдер мен ұйымдастырушылық шаралар кешені қарастырылған.</p>	



Вахталық қалашықтағы ескі су құбырын ауыстыру

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
Ескі су құбырын жаңасына ауыстыру	<p>Жұмыс көлемі: Жерасты полиэтилен құбырын жүргізу және ескі құбырды қалпына келтіру (санация).</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 1,06т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 16,9 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 0,1 мың. м3/кезең, Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	2024 ж. (4 ай)
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>Жобаны әзірлеген: «Poligram Atyrau» ЖШС</p> <p>ҚОҚ тарауын әзірлеген: «ЭкоПроектСервис» ЖШС</p>	<p>Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып әзірленді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Ұсынылған табиғатты қорғау шаралары сақталған жағдайда, жоспарлан қызметтің салдары шамалы ғана болмақ. Жобаның жүзеге асуы өңірлік экономикаға оң әсерін тигізеді.</p>	



КТЖ 700 қондырғысы – Сумен шаю қондырғысын орнату

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>КТЖ2 және КТЖ3 700-өндірістік қондырғысының желілерінде (5 желі) пропанды сілтіден тазартуға арналған жаңа сумен шаю қондырғыларын орнату.</p>	<p>Жұмыс көлемі: Сумен шаю қондырғысын орнату, оның ішінде іргетас жұмыстары, металл конструкцияларын орнату, құбырларды монтаждау, электр желілерін жүргізу және бақылау-өлшеу аспаптарын орнату және қосу жұмыстары.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 2024 ж. – 2,1 т; 2025 ж. – 2,1 т; 2026 ж. – 2,2 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 2024 ж. – 13,4 т; 2025 ж. – 9,3 т; 2026/2027 ж. – 13,1 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 618,75 м3., Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 - 2026 жылдар</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>Жобаны әзірлеуші: «КМГП» ЖШС</p> <p>ҚОҚ тарауын әзірлеуші: «Engineering Services Provider» ЖШС</p>	<p>Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып әзірленді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Жобалық шешімдер қолданыстағы нормативтік талаптар мен экологиялық заңнамаға сәйкес әзірленген, олар қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, өңірдің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға және қалдықтарды кәдеге жаратуға мүмкіндік береді. Жобада жабдықта жылыстаудың пайда болуынан қорғау, төтенше жағдайларды болдырмау және қызметкерлерді қорғау шаралары бойынша шешімдері қолданылған.</p>	



20-топтық өлшеуіш қондырғыдағы манифольдты кеңейту жобасы

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>ТӨҚ-20-да жаңа манифольд салу.</p>	<p>Жұмыс көлемі: Жаңа манифольд құрылысы, манифольдқа металл жақтау алу, қолданыстағы құбыр желілеріне жалғау, құбырлардың қолданыстағы бөліктерін демонтаждау, іргетастарды және құрылым нысандар салу, жаңа қашықтан басқару блогын орнату, электр қуатымен жабдықтау және бақылау-өлшеу аспаптарын орнату.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: құрылыс кезінде – 8,8 т, нысанды пайдалану кезінде – 0,6 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 2,8 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 0,7 мың.м3/кезең. Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 ж. (12 ай)</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>Жобаны әзірлеуші: «КМГП Инжиниринг» ЖШС</p> <p>ҚОҚ тарауын әзірлеуші: Инжиниринг орталығы «Sheber» ЖШС</p>	<p>Жобаланған нысандардың құрылысы мен оларды пайдалану салдарынан болатын топырақ пен өсімдік жамылғысына кері әсерді азайтуға бағытталған және жердің ресурстық әлеуетін және жалпы экологиялық жағдайды сақтауға ықпал ететін табиғатты қорғау шараларының кешені әзірленді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Жобалық шешімдерде қолданыстағы нормативтік талаптарға және табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес, қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға және өңірдің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті технологиялық шешімдер мен ұйымдастырушылық шаралар кешені қарастырылған.</p>	



СС-3 және FCO әкімшілік-тұрмыстық ғимараттары

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>Қызметкерлерді орналастыру үшін СС-3 және FCO (кеңселер) әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарының құрылысы.</p>	<p>Жұмыс көлемі: Екі ғимараттың және онымен байланысты инфрақұрылымның құрылысы, соның ішінде қоршаулар, инженерлік желілер, кіру жолдары және т.б.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: жылына 0,035 т. құрайды, пайдалану кезеңінде: СС-3 ғимараты бойынша жылына 50,8 т., FCO ғимараты бойынша жылына 9,17 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 2,8 тонна.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 182,5 м3, Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады. Гидросынақ өткізуге арналған су - 30 м3.	<p>2024 ж. (12 ай)</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>«Engineering Services Provider» ЖШС</p>	<p>Жоба бойынша құрылыс жұмыстарының топырақ пен өсімдік жамылғысына кері әсерін азайтуға және жердің ресурстық әлеуетін және жалпы экологиялық жағдайды сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған табиғатты қорғау шараларының кешені әзірленді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Жобалық шешімдерде қолданыстағы нормативтік талаптарға және табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес, қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға және өңірдің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті технологиялық шешімдер мен ұйымдастырушылық шаралар кешені қарастырылған.</p>	



«Т-0001К, Т-7040, Т-14НТ ұңғымаларына алаң дайындау және 1-кезеңді аяқтау. Т-6246 ұңғымасына ҚМД алаңын салу» жобасы

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>Бұрғылау қондырғысы үшін ұңғыма алаңын дайындау және жайғастыру</p>	<p>Жұмыс көлемі: Т-0001К, Т-7040, Т-14НТ алаңында бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін жолдар салу мен техникалық суды жеткізуді қоса алғанда, негізгі құрылыстарды салу. Қалдық материалдарды басқару алаңдарын салу.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 8,5 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 548,4 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 0,19 мың.м3, Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 ж.</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>Жобаны әзірлеуші: «Каспиймұнайгаз» ҒЖЗИ АҚ</p> <p>ҚОҚ тарауын әзірлеуші: Инжиниринг орталығы «Sheber» ЖШС</p>	<p>Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып әзірленді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Жобалық шешімдер қолданыстағы нормативтік талаптар мен экологиялық заңнамаға сәйкес әзірленген, олар қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, өңірдің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға және қалдықтарды кәдеге жаратуға мүмкіндік береді.</p>	



T-6646, T-6545, T-6547, T-6551. ПКС-14-2 ұңғымаларын жайластыру. 1 кезең және ПКС14-2 үшін ТӨҚ-55-ті кеңейту

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>ЕБЗ және КТЖ зауыттарының ең жоғарғы жұмыс қабілеттілігін ұстап тұру.</p>	<p>Жұмыс көлемі: ПКС14-2 ұңғымасына алаң дайындау және Т-6646, Т-6545, Т-6547, Т6551 ұңғымаларын жайластыру, кейін ТӨҚ-55-те өнім және сынақ коллекторының жұмыс қабілетін арттыру арқылы аталған ұңғымаларды ТӨҚ-55-ке қосу.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: құрылыс кезінде – 65,6 т/ж., нысанды пайдалану кезінде – 43,63 т/ж.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 2024 ж.– 8,6т, 2025 ж. – 8,6 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 1,2165 мың.м3/ кезең, Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 - 2025 жылдар</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>Жобаны әзірлеуші: «К Каспиан Инжиниринг» ЖШС</p> <p>ҚОҚ тарауын әзірлеуші: Инжиниринг орталығы «Sheber» ЖШС</p>	<p>Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып әзірленді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Жобалық шешімдер қолданыстағы нормативтік талаптар мен экологиялық заңнамаға сәйкес әзірленген, олар қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, өңірдің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға және қалдықтарды кәдеге жаратуға мүмкіндік береді.</p>	



«Т-14NT» үшін алаң дайындау және аяқтау. 2 кезең.

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>Сарқын суларды айдау үшін құбыржеліні сорғы станциясына қосу қарастырылады.</p>	<p>Жұмыс көлемі: Т-14NT ұңғымасының сағалық арматурасы үшін құбыр дайындау және жалғау. Сорғы станциясынан Т-14NT алаңына дейін құбыр тарту, іргетасын салу, тіректер мен қоршаулар орнату.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 2,5 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 3,3 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 0,295 мың. м3/кезең, Теңіз қалашығындағы кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 ж. (12 ай)</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>Жобаны әзірлеуші: «Каспиймұнайгаз» ҒЖЗИ АҚ</p> <p>ҚОҚ тарауын әзірлеуші: Инжиниринг орталығы «Sheber» ЖШС</p>	<p>Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып әзірленді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Ұсынылған табиғатты қорғау шаралары сақталған жағдайда, жоспарланған жұмыстардың салдары шамалы ғана болмақ. Жобаны жүзеге асыру өңірдің экономикасына оң әсерін тигізеді.</p>	



Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Теңіз және Королев кен орындарындағы Т-0114 және К-0015 ұңғымаларын жабу жобалары

9-10

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>Қоршаған ортаға, жер қойнауына кері әсерді болдырмау және ұңғымаларды пайдалануды тоқтатуға байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</p>	<p>Жұмыс көлемі: Оқшаулау және жабу жұмыстары – ұңғыма ішіндгі жабдықты шығару, бағанның ішкі диаметрін тазалау, цемент көпірлерін орнатып, оларды қысыммен сынау, атқыма арматурасын орнату.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 2 ұңғыма бойынша жүргізілген жұмыстарынан 281 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 2 ұңғыма бойынша жүргізілген жұмыстардан 57 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 2 ұңғыма бойынша жүргізілген жұмыстардан – 720 м³, Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 ж.</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>«КМГ Инжиниринг» ЖШС</p>	<p>Ұңғымаларды жабу жұмыстарын жүргізу кезінде жер қойнауын қорғау жөніндегі іс-шаралар жабылған ұңғымаларды сенімді оқшаулауды, жабылған ұңғымалардың ернеуінің жай-күйіне жыл сайынғы мониторинг жүргізуді, мұнай операцияларын тоқтата тұрудың, тоқтатудың және жер қойнауын пайдалану нысандарын консервациялау және жұмысын тоқтатудың белгіленген тәртібін сақтауды көздейді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Ұңғымаларда оқшаулау және жабу жұмыстары кен орнында қауіпсіз жұмыс істеу және қоршаған ортаға әсерді азайту үшін қажет.</p>	



Қазақстан Республикасы Атырау облысындағы Теңіз кен орнында Т-14NT, Т-4662, Т-6660, Т-6347, Т-6549, Т-5949, Т-6345, Т-6351, Т-5147, Т-5341, Т-5343, Т-5543 және Т-5547 өндірістік ұңғымаларын бұрғылаудың техникалық жобалары

11-23

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>«Теңіз кен орнының нақтыланған технологиялық схемасы» жобасын іске асыру үшін жаңа ұңғымаларды бұрғылау.</p>	<p>Жұмыс көлемі: I- кезең -бұрғылау қондырғысының көмегімен ұңғыманы жобаланған тереңдікке дейін бұрғылау және шегендеу. II кезең – ұңғыманы аяқтау үшін ұңғы жабдығын түсіру.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 1106 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 13 ұңғыманы бұрғылау жұмыстарынан - 22934 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 13 ұңғыманы бұрғылау жұмыстарынан - 4056 м3, Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 ж.</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>«КМГ Инжиниринг» ЖШС</p>	<p>Жер қойнауын пайдаланудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету іс-шаралар кешені; бұрғыланған ұңғымаларда қима бойынша барлық ашылған мұнай және сулы қат-қабаттарды сенімді етіп оқшаулау; ұңғыға түсірілген шеген бағандарының тиісті түрде саңылаусыздандырылуы, оларды сапалы шемендеу; жерасты су көздерінің ластануын болдырмау, ұңғыларды игеру және кейіннен пайдалану, сондай-ақ өндіріс қалдықтары мен сарқынды суларды кәдеге жарату.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Ұсынылған табиғатты қорғау шаралары сақталған жағдайда, жоспарланған жұмыстардың салдары шамалы ғана болмақ. Жобаны жүзеге асыру өңірдің экономикасына оң әсерін тигізеді.</p>	



Вахталық қалашық, ТШОҚ және Өркен қалашықтарындағы ауыз су құбырларына SCADA жүйесін орнату

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>ТШОҚ және Вахталық қалашықта суды есепке алу станцияларында ауыз суды тұтыну және қысым параметрлерін қашықтан бақылауды қамтамасыз ету.</p>	<p>Жұмыс көлемі: ТШО-ның қолданыстағы «Магистральдық су құбыры» жүйесінің бақылау бөлмесіне SCADA жүйесі арқылы бақылау-өлшеу аспаптарынан деректерді беру үшін ТШОҚ, ВҚ және Өркен қалашығының аймақтарындағы пайдаланудағы ұңғымаларда ауыз су желілеріне шығын өлшегіштерін орнату.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 1,1 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 2,4 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 0,136 мың м3/кезең, Теңіз қалашығындағы кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 ж. (3 ай)</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>«Poligram Atyrau» ЖШС</p>	<p>Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып әзірленді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: ТШОҚ, Өркен қалашығы, Вахталық қалашықта су тұтынушылар мен мердігер мекемелер көп орналасқан. Қазіргі уақытта ТШОҚ, ВҚ және Өркен қалашығының әрбір учаскесі бойынша ауыз су тұтынудың есебін жүргізу мүмкін емес. Осыған байланысты тұтынушылардың әрқайсысының су тұтынуын есептеуге техникалық мүмкіндік болуы қажет.</p>	



Ескі қазандықтың мұржасын жөндеу

Жобаның мақсаты:

Мұржаның қалыпты және қауіпсіз жұмысын қалпына келтіру үшін, түгін мұржасын ұзақ уақыт пайдалану нәтижесінде пайда болаған ақауларды және пайдаланылған газ конденсатынан болған әсерді жою.

Көлемдер

Жұмыс көлемі: Құрылыс нысанының жұмысын қалпына келтіру үшін ескі қазандықтың темірбетонды мұржасын жөндеу, сонымен қатар, мұржаның 71-метрден 121 метрге дейінгі жоғарғы бөлігін демонтаждау.

- Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың **шығарындыларының көлемі:** 1,8 т.
- **Түзілетін қалдықтар көлемі:** 4,6 т.
- **Сарқынды сулардың жиналу көлемі:** 0,045 мың. м3, Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.

Жүзеге асыру мерзімі:

2024 ж.
(6 ай)

Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:

«Engineering Services Provider» ЖШС

Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары

Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып әзірленді.

Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс:

Ұсынылған табиғатты қорғау шаралары сақталған жағдайда, жоспарланған жұмыстардың салдары шамалы ғана болмақ. Жобаны жүзеге асыру өңірдің экономикасына оң әсерін тигізеді.



Сарқын суларды айдау жүйесінің жерүсті қондырғысын жаңғырту

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>ККЖ іске қосылғаннан кейін өткізгіштік қабілеті тәулігіне 8500м3 жететін ВВР жүйесінің қауіпсіз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету.</p>	<p>Жұмыс көлемі: Қалақты аспапты, қолданыстағы 3 бустер сорғысын ауыстыру, 1 қосымша айдау сорғысын орнату. Ұңғыма ернеуінің құбырындағы бөгеттерді жою. Ағынды суларды айдау тұрақтылығын қамтамасыз ету және биологиялық организмдердің өсуін бақылау үшін 3 дана биоцидті мөлшерлеп беру блогін орнату.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 2,4 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 85,7 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 273,75 м3, Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады. құбырларға гидросынақ жасау нәтижесінде жиналатын өндірістік сулар – 120,03 м3.	<p>2024 ж.</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>Жобаны әзірлеуші: «К Каспиан Инжиниринг» ЖШС</p> <p>ҚОҚ тарауын әзірлеуші: «Atyrau City» ЖШС</p>	<p>Өндірістің технологиялық регламентінің дәл сақталуын бақылау; пайдаланылатын жабдық пен көліктің жарамды техникалық жағдайы; жоспарлау жұмыстарын ауаның ылғалдылығы жоғары кезде, яғни, таңертең ерте жүргізу және инертті материалдарды түсіру кезінде алаңға үнемі су сеуіп тұру және шанды басу шараларын қолдану.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Жобаны іске асыру ККЖ іске қосылғаннан кейін қуаттылығы өткізгіштік қабілеті 8500м3 жететін ВВР жүйесінің қауіпсіз және сенімді жұмысын, айдалатын сарқынды сулардың сапасын және суларды айдау процесінің сенімділігін арттырады. Ұсынылған табиғатты қорғау шаралары орындалған жағдайда, жоспарланған жұмыстардың қоршаған ортаға әсері шамалы ғана.</p>	



КТЖ-1. КТЖ зауытында ауа баптау жүйесін жаңғырту

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>Жаңа ауа компрессорларын және ілеспе құбыр байламдары мен технологиялық процесті басқаруға бақылау-өлшеу аспаптары бар ауа кептіргіш қондырғыларын орнату.</p>	<p>Жұмыс көлемі: СН-900 компрессорлық үй-жайының ғимаратында 3 жаңа GC-921.1/921.2/921.3 ауа компрессорларын және ілеспе құбыр байламдары мен технологиялық процесті басқаруға бақылау-өлшеу аспаптары бар 2 F-922.1A/B және F-922.2A/B ауа кептіргіш қондырғыларын орнату.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 2024 ж. – 2,5 т; 2025 ж. – 3,12 т.• Түзілетін қалдықтар көлемі: 2024 ж. – 4,97 т; 2025 ж. – 18,49 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 0,396 мың м3/кезең, Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 - 2025 жылдар</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>Жобаны әзірлеуші: «КМГП Инжиниринг» ЖШС</p> <p>ҚОҚ тарауын әзірлеуші: «Engineering Services Provider» ЖШС</p>	<p>Заманауи технологиялар мен жабдықтарды пайдалану; шаңды басу шараларын жүргізу; құрылыс алаңында сусымалы материалдарды тентпен жабу; мүмкіндігінше аймақтағы көлік қозғалысын азайту және т.б.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Жобалық шешім аспаптық ауа жүйесінің сенімділігін арттыруға және сығылған ауаны үздіксіз қамтамасыз етуге бағытталған. Ұсынылған табиғатты қорғау шаралары сақталған жағдайда, жоспарланған жұмыстардың салдары шамалы ғана болмақ.</p>	



ТШО қалашығындағы жылумен қамту желілерін ауыстыру

Жобаның мақсаты:

Теңіздегі ТШО қалашығында ескі жылумен қамту құбырларын жаңасына ауыстыру.

Көлемдер

Жұмыс көлемі: ТШО қалашығында төмен тіректерде жер үсті болат жылу құбырларын жүргізу.

- Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың **шығарындыларының көлемі:** 2024 г. – 1,05 т/ж., 202 ж. – 1,02 т/ж.
- **Түзілетін қалдықтар көлемі:** 2024 ж. – 2,8 т.; 2025 ж. – 2,06 т.
- **Сарқынды сулардың жиналу көлемі:** 2024 ж.- 0,109 мың. м3/кезең; 2025 жылға - 0,07 мың. м3/кезең. Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.

Жүзеге асыру мерзімі:

2024 - 2025 жылдар

Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:

Жобаны әзірлеуші:

«PoligramAtyrau» ЖШС

ҚОҚ тарауын әзірлеуші:

«ЭкоПроектСервис» ЖШС

Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары

Жоба құрылыс саласында жинақталған халықаралық тәжірибеге және Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес әзірленуде, сонымен қатар, қоршаған ортаға тиетін әсердің алдын алу немесе оны азайтуға бағытталған шаралар кешені қабылданатын болады. Жылумен жабдықтау жүйесін пайдалану кезінде зиянды ластаушы заттар шығарылмайды.

Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс:

Ұсынылған табиғатты қорғау шаралары сақталған жағдайда, жоспарланған жұмыстардың салдары шамалы ғана болмақ. Жоба жүзеге асыру Теңіз вахталық қалашығын жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етеді.



ТШО қалашығындағы тұрғын үй блоктарына жаңғырту жұмыстарын жүргізу

Жобаның мақсаты:

Тұрғын үй блоктарына жайлылығын арттыру мақсатында жаңғырту жұмыстарын жүргізу.

Көлемдер

Жұмыс көлемі: Бөлшектеу, кәдеге жарату, қоймаға алып кету және осы жұмыс көлеміне қатысты барлық дайындық жұмыстарын, содан кейін жөндеу жұмыстарын жүргізу.

- Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың **шығарындыларының көлемі:** 2024 ж. – 0,002 т., 2025 ж. – 0,002 т.
- Жұмыс кезінде **түзілетін қалдықтар көлемі:** 2024 жыл – 8,8 т., 2025 жыл – 8,8 т.
- **Сарқынды сулардың жиналу көлемі:** 900 м3/кезең. Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.

Жүзеге асыру мерзімі:

2024 - 2025 жылдар

Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:

«Engineering Services Provider» ЖШС

Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары

Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешені жобаның қоршаған ортаға тиетін әсеріне берілген бағаны ескере отырып әзірленді.

Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс:

Жобалық шешімдер қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, өңірдің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға және қалдықтарды кәдеге жаратуға мүмкіндік беретін қолданыстағы нормативтік талаптар мен экологиялық заңнамаға сәйкес әзірленген.



Ғимараттарды бұзу жобасы

Өндірістік нысандардағы жабдықтарды бөлшектеу жобасы

Уақытша ғимараттар мен құрылыс нысандарын бұзу

30-32

Жобаның мақсаты:

Пайдаланудан шығарылған ғимараттар мен құрылыстарды бұзу.

Көлемдер

Жұмыс көлемі: МСП аумағында кейіннен ЕБЗ нысандарын салу үшін, осы аумақта орналасқан нысандар мен ғимараттарды, құрылыстар мен коммуникацияларды бұзу (бөлшектеу). КҚЖ уақытша ғимараттары мен құрылыстарын бөлшектеу, нысандар мен құрылыстарды, соның ішінде ғимараттарды, қоршауларды, инженерлік желілерді, кіру жолдарын және т.б. бұзу және бөлшектеу.

- 3 жобадан атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 2024 ж. – 45,3 т; 2025 ж. – 38,3 т.
- 3 жобадан түзілетін қалдықтар көлемі: 2024 ж.– 57824,5 т; 2025 ж. - 4782,3 т.
- **Сарқынды сулардың жиналу көлемі:** 2024 ж. – 1,4 мың.м3/кезең.; 2025 ж. – 1,4 мың м3/кезең. Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.

Жүзеге асыру мерзімі:

2024 - 2025 жылдар

Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:

Жобаны әзірлеуші:

«Engineering Services Provider» ЖШС

ҚОҚ тарауын әзірлеуші:

«Atyrau City» ЖШС

Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары

Жер қойнауын пайдаланудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені; өндіріс қалдықтары мен сарқынды суларды кәдеге жарату есебінен қоса алғанда жер асты су көздерінің ластануының алдын алу.

Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс:

Қолданыстағы нормативтік талаптарға және экологиялық заңнамаға сәйкес жобалық шешімдер табиғи ортаға теріс әсерді барынша азайтуға және өңірдің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті технологиялық шешімдер мен ұйымдастырушылық шаралар кешенін қарастырады.



Атырау облысы, Жылыой ауданы, Теңіз кен орны аумағында орналасқан мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған 31 учаскені қалпына келтіру жобасы

Жобаның мақсаты:	Көлемдер	Жүзеге асыру мерзімі:
<p>Рекультивацияға жататын бүлінген жерлерді қалпына келтіруге бағытталған жұмыстар кешені.</p>	<p>Жұмыс көлемі: Мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған 31 учаскені қалпына келтіру.</p> <ul style="list-style-type: none">• Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларының көлемі: 13,4 т.• Жұмыс кезінде түзілетін қалдықтар көлемі: 20937 т.• Сарқынды сулардың жиналу көлемі: 121,5 м3. Теңіз кәріз суларын тазарту нысанына апарылады.	<p>2024 ж.</p>
Жобаны және ҚОҚ тарауын әзірлеуші:	Қоршаған ортаға әсерін азайту шаралары	
<p>"Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы "КЕАҚ агрохимиялық, топырақ зерттеу және кешенді іздестіру жұмысы департаменті.</p>	<p>Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде ресурстарды тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешені жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып әзірленді.</p> <p>Жобаны жүзеге асыруды мақұлдау жөніндегі ұсыныс: Жобалық шешімдер қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, өңірдің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға және қалдықтарды кәдеге жаратуға мүмкіндік беретін қолданыстағы нормативтік талаптар мен экологиялық заңнамаға сәйкес әзірленген.</p>	



Түйіндеме



Қарастыруға ұсынылған құжаттама ҚР заңнамасының талаптарына толықтай сәйкес әзірленді.



Эмиссиялар нормативтері заңнамалық талаптарды ескере отырып есептелген және компанияның өндірістік жоспарларын іске асыруға жеткілікті ең төменгі деңгейде сұратылады.

Жоспарланған қызметтің 33 жобасы ағымдағы шаруашылық қызметін және кәсіпорынның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Қабылданған жобалық шешімдер жабдықтың сенімділігін және персоналдың қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.



Жобаларды келісу мұнай және өнім өндіру бойынша өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы үшін басым ККЖ/ҰЕҚБ жобасын іске асып нәтижесінде ҚР экономикасына салық төлемдерін қамтамасыз ету үшін қажет.

